

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**«ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ (Т2)» «ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ  
(Я2)», «КӨРКЕМ ЕҢБЕК» КІРІКТІРІЛГЕН ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ  
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

**Әдістемелік құрал**

**МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ ПО ОБУЧЕНИЮ ИНТЕГРИРОВАННЫМ  
ПРЕДМЕТАМ «КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА» (Я 2), «РУССКИЙ  
ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА» (Я 2), «ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД» ДЛЯ  
НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ**

**Методическое пособие**

Астана  
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 13 мамырдың № 4 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 4 от 13 мая 2016 года)

«Қазақ тілі және әдебиеті (Т2)» «Орыс тілі және әдебиеті (Я2)», «Көркемсурет» кіріктірілген пәндерді оқыту бойынша әдістемелік құрал. Әдістемелік құрал. - Астана:Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 135 б.

Методическое пособие по обучению интегрированным предметам «Казахский язык и литература» (Я 2), «Русский язык и литература» (Я 2), «Художественный труд» для начальной школы. Методическое пособие. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2016. – 144 с.

Әдістемелік құрал жанартылған білім мазмұны аясында кіріктірілген пәндерді оқыту бағдарламасы негізінде сабақты тиімді ұйымдастыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне ұсынылады.

Методическое пособие рекомендовано учителям общеобразовательных школ по использованию методов и приемов при обучении интегрированным предметам в условиях обновленного содержания образования.

© Ы.Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2016.

© Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2016.

## Кіріспе

Білім – елдің зияткерлік капиталын қалыптастырушы стратегиялық ресурс. Осыған байланысты білім Қазақстанның барлық даму стратегияларында аса маңызды басымдықтардың бірі ретінде айқындалған. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіруде білім беру маңызды рөл атқаратынын айта келіп, басым бағыттарын белгілеп берді [1].

Осы бағытта білім сапасын арттыру ісіне ерекше мән беру қажеттілігі артады. Сапалы білім беру педагогтердің шеберлігі мен іскерлігіне байланысты. Ал педагогикалық шеберлік пен іскерлікті дамытуда жаңа технологияны қолданудың маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы – оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануды, оқытудың әртүрлі әдістері мен формаларын біріктіруді, оқу материалын тиімді пайдалануды, оқудың сапасына білім мен біліктілікті жүйелеуді жүзеге асырады. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын кәсіби, білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады.

2015-2016 оқу жылынан бастап, республикамыздың 30 пилоттық мектебінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №455 бұйрығына сәйкес Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша білім мазмұнын жаңарту жұмысы басталды. Жаңартылған білім мазмұны «мектепте не үшін оқу керек?» деген сұрақ аясында болып, білім мазмұны күтілетін нәтижеге және баланың бойындағы түрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталады.

Осыған орай, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің базасында сынақтан өткізілген жаңартылған білім мазмұнының кіріктірілген оқу бағдарламалары болашақта жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие процесіне жаппай енгізу жоспарланып отыр.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытылуы да өзгеше. Бағдарлама оқушының білім, білік және төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік оқу мақсат та күрделене түседі.

Жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарына арналған кіріктірілген «Көркем еңбек» пәні оқушыларды ұрпақтардың рухани тәжірибесі ретінде өнерге тартуға, көркем өнер әрекеттерінің тәсілдерін меңгеруге, баланың шығармашылық, дарындылық, тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

«Көркем еңбек» пәні деп «Бейнелеу өнері» мен «Еңбекке баулу» пәндерін біріктіріп, тұтас бір пән ретінде ұсынып отырмыз. Себебі «Еңбекке баулу» пәнінде оқылатын кез келген бір тақырыпты қарастыратын болсақ, ең алдымен, сол тақырыптың бейнесін көз алдымызға елестетеміз немесе саламыз. Мысалы, ермексаздан қандай да бір жануарды немесе құсты мүсіндеу керек болса, оның суретін қарастырамыз, мүсіннің дайын бейнесін көз алдымызға елестетеміз, содан соң тапсырманы орындауға кірісеміз. Кіріктірілген пәннің «Көркем еңбек» деп аталуына осы себеп болды.

«Көркем еңбек» пәні баланың қоршаған әлемге көзқарасын өзінің шығармашылық жұмыстарында көрсете білу қабілетін дамыту, әртүрлі материалдармен жұмыс істеу техникасын игеруі, бастауыш сынып оқушылары қолдарының моторикасы және қолдың буындары үшін, иілгіштігін, икемділігін және көзбен шамалау дәлдігін жақсартуы үшін өте маңызды.

«Көркем еңбек» пәнін оқыту барысында бастауыш сыныптардағы тілдік пәндерде еңбек және оған қатысты ұғымдарды түсіну мен дұрыс қолдану, сұрақтарға толық жауап беру, орындалған жұмыстың нәтижесімен таныстыруда сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жүзеге асырылады.

Бұйымдар дайындауда әртүрлі өлшем бірліктерін қолдану, аппликация жасауда, ашық хат әзірлеу және безендіруде, коллаж, оригами техникаларында нақты математикалық логика және симметрияны пайдалануы, заттың пішінін анықтауы арқылы «Математика» пәнінен алған білімдерін пайдаланады.

«Дүниетану» пәнімен байланыс бөлме өсімдіктерін өсіру дағдыларынан, өсімдіктер және жануарлар әлемі туралы білімін пайдаланудан көрініс табады.

Оқушының эмоционалдық мәдениетін қалыптастыру үшін музыкалық шығармаларды пайдалану «Музыка» пәнімен пәнаралық байланысты орнатуға көмектеседі.

Бүгінгі күні барлық алдыңғы қатарлы елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Осыған орай біздің елімізде де жоғары сапалы білім жүйесіне көшуге бағытталған білім мазмұнын жаңарту шаралары іске асырылуда. Өйткені, бүгінгі таңда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл процестің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Курстың ерекшелігі – алға қойған мақсаты айқын, бағдары жүйелі. Бұл бағдарлама оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын кәсіби, білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді.

## 1 «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)» кіріктірілген пәндерін оқыту кезіндегі тәсілдер мен принциптер

Р. Декарттың «*Барлық ғылымдардың байланыстылығы сондай, олардың бәрін бірден оқыту – олардың біреуін басқасынан бөліп оқытудан оңай*» деген пікірін еске алсақ, пәнаралық байланыс білім берудің кіріктірілген технологиясының құрамына енеді. Оның ұғымының ауқымы кең.

Философиялық-педагогикалық ұстаным жағынан бұл технология – жеке тұлғаның ойлау дәрежесі мен бүкіл адамзат қауымы санасының сан ғасырлық даму дәрежесін ретке келтіруші, үйлестіруші қозғаушы күш.

Кіріктіру ұстанымының басты қағидасы – ғылыми-жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық білімдерді жеке білім аймағында шартты түрде қарастыра отырып, оқушыларға әлемнің біртұтастығы жайлы ғылыми - синтездік білім беру болып табылады.

Кіріктіріп оқыту ұстанымдары кіріктіріп оқытудың басты мақсатына – оқушылардың ойлау қабілетінің дамуына тікелей бағытталған. Яғни:

1. *Білімдердің синтезі.* Оқу материалын тұтас, жинақталған, жүйеленген түрде қабылдау оқушының ой-өрісінің кеңдігін қамтиды. Кіріктіру әдістерімен зерделенетін мәселені шешу ойлау қабілетін белсенділігі мен мақсаттылығын дамытады.

2. *Оқу материалын тереңдету.* Оқу материалын терең ұғыну кең ауқымды ойлауға ықпал етеді.

3. *Мәселенің өзектілігі, немесе мәселенің практикалық маңыздылығы.* Оқу материалын меңгеру барысында практикалық мәселені шешу оқытудың тәжірибелік бағытын күшейтеді, оқушының сын тұрғысынан ойлауын, теория мен практиканы салыстыра алу қабілетін дамытады.

4. *Баламалы шешім.* Белгілі жағдайда жаңа тәсілдерді қолдана алу, мәселені ерекше шеше алу, шешу жолдарын таңдай алу, ойлау ерекшелігін дамытуға ықпал етеді. Шешімдерді салыстыру ой ұшқырлығын, сын тұрғысынан ойлауды, ойдың жинақтығын, жүйелілігін дамытады. Оқушылардың дұрыс шешімді, мақсатқа жетудің қысқа жолын таңдау барысында ұтымды, тиімді, мақсатты ойлау қабілеттері арта түседі.

5. *Шешімнің дәлелдігі.* Мәселені дәлелді шешу ойлау қабілетін дамытады [2].

Кіріктірілген білім бағдарламасының алға қойған мақсаты айқын, бағдары жүйелі. Зиялы азаматты – әлеуеті жоғары дамыған, жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылатын білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген. Осы тұста кіріктірілген білім бағдарламасы көп табыстарға

негіз болады. Өйткені, кіріктірілген бағдарлама бірнеше құндылықты негізге алады. Олар:

- құрмет;
- ынтымақтастық;
- азаматтық жауапкершілік қалыптастыру;
- ашықтық;
- өмірбойыбілімалу[2].

Белгіленген құндылықтар аясындағы мақсат – жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлға ретінде дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау.

Міне, тек осындай сипаттағы қолайлы білім беру кеңестігінде оқып – тәрбиеленген мектеп тұлғегі кең ауқымды дағдыларға ие болады. Нақтырақ айтқанда:

- сын тұрғысынан ойлау;
- білімін шығармашылықпен пайдалана білу;
- зерттеушілік дағдылары;
- АКТ дағдылары;
- топта және жеке ынтымақтастықта жұмыс істей білуі;
- коммуникативтік дағдылары (тілдік дағдыларын қоса алғанда);
- қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары т.б.

бірнеше дағдылар қалыптасады [2].

Ал жалпы кіріктірілген оқу дегеніміз не? Кіріктірілген оқу бағдарламасының артықшылығы неде? Осы сұрақтардың жауабын зерделеп көрелік.

Кіріктірілу – бұл бір оқу мазмұнының пәндік концепцияларға сай әртүрлі саладағы жан-жақты білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі. Кіріктірілген сабақтар оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі дамып, пәннің жалпы мазмұнын өмірмен байланыстыру арқылы шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен, сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Оқу процесінде пәндерді кіріктіріп оқыту:

- ерекше дарынды оқушыларға мәнді де саналы оқуға;
- сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға;
- жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;
- оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоядан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;
- білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті ұстаздың шексіз шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға;
- сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;

- оқушылардың уәждемесін арттыруға, олардың оқу - танымдық әрекетін белсендіруге, шаршағандары мен қажуларын азайтуға;

- сабақ процесінде өтілетін тақырыптың күнделікті өмірмен тікелей байланысына мән беруге;

- оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға;

- олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі [2].

Қазақ тілі – қарым-қатынас жасау негізі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оқушылар қазақ тілін үйрене отырып, айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларымен қатар түсіну және жауап беру, анализ, салыстыру және бағалау дағдыларын дамытады, сонымен бірге оларды өмірде тиімді қолдана білуді үйренеді. Тілді меңгеру әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл, ұлттық құндылықтарды түсінетін жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәні – өзге тілде білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Қазақ тілі мен әдебиетінің тақырыптық және тілдік ортақтығы арасындағы өзара байланыстың күшейтілуі арқылы оқушылардың қазақ тілінің түрлі стильдерін бір оқу бағдарламасы аясында меңгеруіне ықпал етеді. Өйткені ортақ тақырып қазақ тілінен мен әдебиеттен алынатын білімдердің ерекше синтезін жасайды. Оны меңгерту үшін жаңа деңгейдегі оқу - танымдық процесті ұйымдастыратын әдістер мен тәсілдер жүйесі де айқындалуы керек.

Қазақ тілі мен әдебиетін екінші тіл ретінде оқытатын мектептерде кіріктіре оқытудың басты мақсаты – оқушыны қазақ тілінде сауатты сөйлету, оқығанын, естігенін, тыңдағанын түсінуге, сауатты түсініп қазақ тілінде барлық коммуникативтік әрекеттерді (1-сурет) жазуға дағдыландыру [2].



1-сурет – Коммуникативтік дағдыларды дамыту сұлбасы.

Дереккөзі: Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесінен.

Қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқытқанда, оқушылардың тіл заңдылықтарын, коммуникативтік әрекеттерді әдебиет мәтіндеріндегі түрлі өмірлік жағдаяттарға «тікелей қатыса» отырып меңгерту мүмкіндігі өте зор.

Осындай кіріктіре оқыту арқылы оқушылардың сөйлеу, жазу, оқу, тыңдау әрекеттерін танымдық қызығушылықтарын дамыта отырып қалыптастыру жолы қалыптасады.

«Кіріктірілген қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты, міндеттері, ұстанымдары мен әдістері, танымдық талдаудың шығармашылық деңгейге өсу барысында іске асырылатын мағыналық бағдарлары, байланыстары, технологиялық шарттары жаңа жүйеде қалыптасады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқытудың мақсаты – оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру. Оқушылар әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ, ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын (газет-журналдар, т.б.) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады. Оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің кіріктіріп оқыту бағдарламасының мақсаты – оқушыларға өз ойын жеткізу жолдары, әңгімелерді баяндау және өздерінің қызығушылықтары, жоспарлары туралы диалог барысында айту; тілдесім мен аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіре отырып жауап беру; көркем және көркем емес (нұсқаулық, жарнама) мәтіндерге мақсатқа сай қорытынды және анализ жасау; қысқа жүйелі мәтіндерді жазу барысында қажетті және қызықты ақпараттарды пайдалана білу дағдыларын меңгерту.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің кіріктіріліп оқыту бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған.

Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары оқушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау



үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің кіріктіріліп оқыту бағдарламасы бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2, B1, B2, C1) негізге ала отырып айқындалған және әр деңгейдің соңындағы күтілетін нәтижелер түрінде берілген.

C1 – Жоғары деңгей:

Әртүрлі тақырыптар бойынша көлемді мәтіндерді түсінеді, олардың астарлы мағыналарын ажырата алады.

B2 – Ортадан жоғары деңгей:

Нақты және абстрактілік тақырыптар бойынша күрделі мәтіндердің, оның ішінде кәсіби мәтіндердің жалпы мазмұнын түсіне алады.

B1 – Орта деңгей:

Оқуда, бос уақытта кездесетін әртүрлі тақырыптар бойынша әдеби тілде берілген нақты хабарлардың негізгі ойларын түсіне алады.

A2 – Базалық деңгей:

Өмірдің негізгі салаларымен байланысты тіркестер мен жиі пайдаланатын сөйлемдерді түсінеді.

A1 – Қарапайым деңгей:

Нақты міндеттерді орындауға қажетті таныс фразалармен сөйлемдерді пайдалана алады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін кіріктіріп оқу арқылы оқушылар:

- сөздік қоры мен тілдік сауаттылығын дамытады;
- тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін түсінеді;
- ойлау және танымдық қабілеттерін дамытады;
- коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді және өзгелермен еркін қарым-қатынас жасауды үйренеді;
- қазақ халқы мен мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастырады, қызығушылығын арттырады [3].

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің кіріктіріліп оқыту бағдарламасы «қалай білім алу керектігін білетін», дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады. Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастырып, дамытуда оқытудың түрлі стратегияларын қолданады. Атап айтқанда:

- оқушылардың жеке пікірін тыңдай білу, олардың бұған дейін алған білімдері мен қалыптасқан түсініктерін одан әрі дамыту үшін оларды қолданудың маңыздылығын құптау;

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;

- мәселелерді шешу әдіс-тәсілдерін оқушыларға түсінікті жолмен құру және көрсету;

- оқушылардың білім алуына «Оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау көрсету;

- оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне және зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуға бейімдеу;

- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

- оқушылардың жеке, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру [4].

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің кіріктіріліп оқытуда қолданылатын принциптер:

- оқушының қатесі үшін жазалап оқыту емес, қателерін түзету үшін оқыту. Оқытудағы басты принцип – оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру;

- оқушыларға дебат тақырыбын таңдауға, зерттеуге және «жақтаушы, даттаушы» топтарын құруға мүмкіндік беру – аргументтерді қолдана білу дағдыларын қалыптастырады, өз ойын жеткізуге, таңдауға және келісімге келуге, шығармашылыққа мүмкіндік береді;

- тапсырмалар (белсенді іс-әрекеттер) арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру;

- оқу процесінде мұғалім емес оқушы неғұрлым белсенді болғанына назар аударылады, мұғалім оқу материалын дайын күйінде бермейді, ашық сұрақ қою, назарын шоғырландырып оқу, шолу жасау, тәжірибе және зерттеу жасауға бағыттайды;

- оқылым және жазылымға негізделген сабақтарды тиімді құру сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді, яғни ол қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату және рефлексия кезеңдерінен тұрады. Әр кезеңде белгілі бір оқыту мақсатын қоя отырып, мұғалім оқушыларға мақсатқа жетуге, мәселені анықтауға, талқылауға, жауаптарды іздеуге, қорытынды жасай отырып, өз ойын білдіруге және ашық қоғамның азаматы болуға үйретеді;

- интерактивті оқыту әдіс-тәсілі арқылы оқушы интелектісіне әсер ету, яғни ақпарат мұғалімнен оқушыға, оқушыдан мұғалімге беріліп отыруына мүмкіндік береді. Белсенді оқытуда оқушылар өз пікірін айта білуді және өзгенің пікіріне құрметпен қарауды үйренеді;

- ұжымдық оқыту технологиясы жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді қолданып көруге бағыттап отырады [4].

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің кіріктіріліп оқытуда қолданылатын педагогикалық тәсілдер.

Республикамыздың жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) «білім алу жолдарын білетін», өз бетімен білім алуға ұмтылатын, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы мен жауапкершілігі жоғары, өзіне сенімді, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі педагогикалық тәсілдер мен технологиялар қолдана алады. Атап айтқанда, олар:

- оқытудың коммуникативтік (қарым - қатынастық) тәсілдері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым);

- зерттеушілік тәсіл (оқушылар «не білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

- Жүйелі-әрекеттік тәсіл;

- дамыта оқыту технологиясы (оқушылар оқу әрекетінің тәсілдерін игеріп, өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);

- саралап оқыту технологиясы (оқушыларды қабілеті, мүмкіндігі, ерекшелігіне қарай оқыту);

- мұғалім мен оқушының «субъект - субъектілік» дидактикалық қатынаста білім іздеу процесіне бірдей енуі;

- оқу проблемаларын шешу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтасқан шығармашылық ізденіс әдістерін қолдану; оқу проблемаларын шешудің әдіс-тәсілдерін оқушыларға дамыта оқыту ұстанымына сай жолмен құру және көрсету;

- оқушының жеке пікірін тыңдау, олардың бұрын меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін әрі қарай дамыту;

- ойын әдісі;

- «оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» арқылы қолдау жасау;

- сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру;

- тәжірибелік, шығармашылық оқу әрекеттеріне (түрлі шығармашылық жұмыстар жасау) ынталандыру;

- оқушылардың білімін жүйелілікпен мониторингілеу;

- оқушыларды зерттеушілік әрекетке және зерттеушілікке негізделген белсенді оқуға ынталандыру;

- оқушыларға алдын ала берілетін түрлі стильдегі жазба мәтіндердің үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер береді);

- оқушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға, т.б. үйренеді);

- оқыту барысында «не білемін? не білгім келеді? нені үйрендім?» түріндегі кері байланысты жүзеге асыру [4].

Басты назар білім мен сол білімді қолдану процесіне аударылады. Оқушылардың білім алу барысындағы табыстылығы мен алдағы қадамдарын анықтау үшін оқытудың нақты мақсаттары мен жетістік критерийлерін алдын ала белгілеу керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды(АКТ)қолдану құзыреттілігі оқушылардың жұмыста, бос уақытында және қарым-қатынаста технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдалануын қамтиды. Бұл АКТ-ны пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады.

Оқушылар кіріктірілген білім беру бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы білім, білік дағдыларын арттырады, өз жұмысын бағалауды жетілдіре отырып, АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген оқу бағдарламасында төмендегідей көрініс табады:

- онлайн сабақтар арқылы инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолданады;

- АКТ арқылы презентация жасайды, салыстырады, бағалайды, жетілдіреді, зерттейді және бірлесе отырып пікірлерін дәлелдейді;

- АКТ арқылы қажетті ақпаратты таңдай алады [2];

- сабақтарда оқытудың сапасын арттыру үшін жаңашыл әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдалану;

- интернет ресурстарымен жұмыс жасайды (мысалы, веб-сайттағы ақпаратты оқу, керекті материалды іріктеу, жеке құжат немесе файл ретінде көшіру және сақтау);

- мәтін және слайдтармен жұмыс істеу үшін қарапайым бағдарламадан күрделірек бағдарламаға көшу (Word, Power Point);

- ақпаратты өңдеп, электронды түрде жеке құжат ретінде сақтау үшін жабдықтарды (принтер, сканер, сандық фотоаппарат) пайдалану;

- электронды оқулықтарды пайдалану;

- тақырыпқа байланысты медиақұралдарды қолдану;

- ақпаратты саралап, зерттей алу [2].

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген сабақтарында АКТ пайдалану жолдары.*

*Интерактивті тақтаны қолдану.*

Оқыту процесін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір-бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын

кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек.

Сабақта мұғалім интерактивтік тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақтаны пайдалану ыңғайлы, әрі уақыт үнемдейді.

Интерактивті тақта оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда (салыстырғанда), көптеген жетістіктері бар. Бұл жетістіктер туралы өз сабағында интерактивтік тақтаны пайдаланатын мұғалімдер ғана айта алады. Мұғалім әріптестерімен бірге отырып сабаққа дайындалу арқылы жақсы әсерге қол жеткізуге болады, бұл тек қана міндеттерді бөліп беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады.

Мұғалімдердің пайымдауынша интерактивтік бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады. Мысалы: белгілі бір материалды интерактивтік тақтада орындау арқылы файлдағы белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға болады, бұны сабақта болмай қалған оқушыларға қайта түсіндіруге немесе келесі жолы тағы да қолдануға болады.

Мұғалім оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгеріп, оны пайдалану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақытты үнемдейді.

Компьютерлік графикалық материал презентациялық слайд көмегімен көрсетіледі. Microsoft Power Point бағдарламасының көмегімен оқу процесінде презентациялар мен слайдтар жасап көрсету, оқушылардың қызықты және дәлелді (мағыналы) болады, танымдық ойлауы мен есте сақтауын қалыптастырады.

Интерактивті технологияның ерекшеліктері:

1) Бормен тақтаға жазған кескінді экрандағы түрлі-түсті, айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды. Тақта мен бордың көмегімен әртүрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын, әрі мүмкін емес. Слайдтарда кемшіліктер мен қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады. Сабақтың тиімділігі артады. Басқа пәндермен пәнаралық байланыс орнайды.

2) Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.

3) Оқу материалын беру логикасына көп көңіл аударады, бұл оқушылардың білім деңгейіне оң әсерін тигізеді. Компьютерге деген қарым-қатынас өзгереді.

Activstudio-да қалам, өшіргіш, түс, себет деген нәрселерді игеру, сонымен қатар, кітапхананың ішінде не бар, оны пайдалана білу керек. Ал флипчарт мәліметті сақтайды, анықтайды, жабады.

Сонымен, сабақ процесінде интерактивті тақтаның барлық мүмкіндіктерін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болатыны анық. Сабақта интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, оқушылардың дайындалған арнайы тапсырмаларды тындап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге дағдыландырады. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың білімін тексеру үшін әр

тарауды аяқтаған кезде немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта тестілеу әдісін қолдануға болады. Бұл әдіс оқушылардан бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді және тестілеген кезде мұғалім оқушылардың білім деңгейін анықтай алады. Тестілеудің нәтижелерін құрылған график арқылы тексеріп, сол уақытта бағалауға болады. Ал жауап нәтижелерін бақылап, оқушылардың материалды түсіну деңгейін анықтауға болады. Оқушыға тест сұрақтарына жауап беруі үшін уақыт беріледі. Бұл жүйе тұйық оқушылардың ойын білдіріп, жалқау оқушылардың қызығушылығын арттырады. Оқушылар жауаптарын құпия түрде бере алады. Жаңа ақпараттық технологияларда электрондық тестерді қолдану оқудың тиімділігін көтереді, сонымен қатар оқушының бірден-бір өздігінен жұмыс істеу құралы болып табылады. Тестік формадағы тапсырмалар қысқа сұрақтардан тұруы тиіс. Техникалық құралдар арқылы тесті тез әрі нақты және үнемді орындауға болады. Электрондық тестерді оқу процесінің кез келген кезеңінде қолдануға болады. Электрондық тестерді «Aktivstudio Professional Edition V3» бағдарламасындағы «Оценка тест» бағдарламасымен құрастыруға болады. Мұғалім алдын ала дайындалған тест арқылы кез келген уақытта сабақта өтілген тақырып бойынша оқушылардың білімін тексере алады және оқушы электрондық тесттер арқылы өзін-өзі тексере алады. Мысалы, сабақта оқушыларға тесттік тапсырмалар беруге болады.

Интерактивті тақтада слайд арқылы мұғалімнің дайын ақпаратты мәтін, фото, видеоны компьютерлік презентациямен пайдаланады. Оқушылар алдына қойылған мәселе тақтада қайталанып еске түсіріп отыруға өте жақсы жағдай туғызады. Осылайша оқушылармен қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында СТО технологиясы бойынша берілген әдістер бойынша тапсырмалар берілгенде оқушылар шешуге өз әдістерін ұсынады.

Көмекке берілген ережелер, т.б құралдар экранда флипчарт арқылы жабылып тұруы мүмкін. Оқушылар талдау барысында жауаптары тақтада жазылады, ашылады, қателер түзетіліп, дәлелденеді.

Айнымалыларды құрастыруға тапсырма беруге болады, оны орындау барысында оқушының заттардың химиялық қасиеттерін біледі, өзінің іс-әрекетін анықтайды, сыныптастарының жауаптарын талдауға үйренеді. Интерактивті тақтада сәйкестендіру есептерді тиімді талдауға өте ұтымды.

Қазақ тілі мен әдебиеті кіріктірілген сабақтарында маңызды жұмыстарда кестелерді, графиктерді қолдану тиімді. Ал интерактивті тақтадағы кесте, графиктерде қажетті ақпаратты маркер – қаламмен сызып бөлуге болады, назарды аударуға болады. Тақта басқа пәндермен байланыста болуға өте маңызды. Мысалы, географиядан карталарды, табиғи объектілердің фотографияларын т.б байланыстыра жазамыз.

Интерактивті тақта сабақтың ұйымдастырушылық, қайталау, жаңа тақырыпты игеру, бекіту, қорытындылау, талдау кезеңдерінде, білім бақылауда кеңінен оқушының қызығушылығын, оқуға танымдық қасиетін оятуға тиімді. Объективті бағалауға, оқушының еркін сезінуге ақпараттық-коммуникациялық мәдениетінің деңгейі өсуіне жағдай жасалып, келешекте терең білім алуға көмегі зор.

### *Интернетпен жұмыс.*

Қазіргі ақпарат ғасырында өмірімізді әртүрлі ақпарат көздерінсіз елестету мүмкін емес. Теледидар мен радио желісінен бүкіләлемдік интернет кеңістігіне көшіп бара жатқан заманда, келешек ұрпақты осы заманауи процестердің залалды әсерлерінен сақтап, пайдалы тұстарын өз жұмысымызда пайдаға асыру үшін интернет желісін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында кеңінен пайдалануға тырысуымыз қажет. Қазақ тілі мен әдебиеті кіріктірілген пәнінде ғаламтор желісін пайдалану формалары мынадай:

- онлайн режимде сабақтар өткізу;
- онлайн режимдегі тапсырмаларды орындау (тестер, есептер);
- әртүрлі деңгейдегі онлайн олимпиадалар мен байқауларға қатынасу;
- мәліметтер қоры ретінде пайдалану.

Тәжірибе алмасу ретінде онлайн сабақтарға қатынасу әсіресе жас мамандар жұмысына методикалық үлкен көмек берері сөзсіз. Сонымен қатар оқушылар сабақта бейнематериалдар пайдаланады. Рефераттар жазу барысында оқушылар өз беттерімен Интернет кеңістігінің материалдарын, электрондық оқулықтарды іздеу арқылы компьютерлік сауаттанады. Қазақ тілі мен әдебиеті кіріктірілген пәнінен оқушыларды сынақ пен емтиханға дайындау барысында интернетпен жұмыс үлкен рөл атқарады. Ол тек әртүрлі тестер мен мәліметтер алатын ақпарат көзі ғана емес, даярлық жұмыстарында онлайн режиміндегі тесттерді орындау арқылы оқушыны тестпен жұмыс істеу дағдысына, уақытты үнемдеуге және қорытындысын талдау арқылы сол бойда қатемен жұмыс істеуге көп көмегін тигізеді. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы қазақ тілі мен әдебиеті кіріктірілген пәні бойынша мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал жасайды. Қазақ тілі мен әдебиеті кіріктірілген пәнінде дарынды оқушылармен жұмысты да интернет көмегімен тиімді ұйымдастыруға болады. Осы бағытта соңғы уақытта жиі-жиі ұйымдастырылып жүрген республикалық, облыстық олимпиадалар мен байқауларға қатыстыру арқылы оқушылардың көптеген жетістіктеріне қол жеткізуге болады. Сабақты қызықты формада ұйымдастыруға, кейбір өндірістік процестерді бейнелейтін дидактикалық материалдардың шексіз көзі болып табылатындықтан ғаламтормен жұмыс әрбір мұғалімнің шығармашылық ізденісіне көп көмегін тигізеді сөзсіз.

### *Электрондық оқу құралдары.*

Дәстүрлі сабақтағы ең қажетті басшылыққа алынатын сабақ элементі болып табылатын оқулық құралы секілді қазіргі жаңа технологиялы сабақтардың барлығында дерлік электронды оқу құралдары пайдаланылады. Электронды оқу құралдары – жаңа сабақты түсіндіру, тірек-сызбалары, тақырыптық тапсырмалар, тақырыптық тест жұмыстары, логикалық тапсырмалар, жаттығу тапсырмалары секілді бірнеше сабақ элементтерін қамтитын кешенді электронды жинақ. Оқушылар қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты өздері меңгереді. Бұл

оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында электронды оқу құралдарын пайдалану сабақ барысында оқушылардың жеке жұмыс жасауына мүмкіндік туғызады. Яғни деңгейі төмен оқушы аз да болса өз бетімен орындағанына риза болатын болса, қабілеті жоғары оқушылар басқа оқушылар деңгейімен шектеліп қалмай одан әрі күрделі деңгей тапсырмаларын орындап, өз жетістіктерін көрсету мүмкіндігіне ие болады. Еліміздің мектептер мен колледждерінде қазақ тілі мен әдебиеті кабинеттерін жаңа электрондық құралдармен жабдықтау жүргізіліп жатыр. Бұлардың қатарына көптеген электронды өлшеу құралдары бар «Хайпер Хим», «СПАРК», «ПАСКО» т.б. кешендерді жатқызуға болады. Осының ішіндегі «Хайпер Хим» бағдарламасы тек электронды өлшеу құралдары ғана емес, сонымен қатар «электронды периодтық жүйе» т.б. көптеген электронды шапшаң есептегіш-көрсеткіш бағдарламалармен қамтылған. Бұл бағдарламалар бұрынғы әртүрлі кестелер мен анықтама кітаптарына бөлінетін уақытты үнемдеп, оқушылардың сабақ барысында тақырыпқа сай мәліметпен неғұрлым көп қамтылуына жағдай жасайды. Соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында ауқымды ілгерілеу жұмыстары байқалып отыр. Барлық пәндер бойынша электронды оқулықтар жасалып, кеңінен таралуда. Оқу-тәрбие процесіне электрондық оқыту ресурстарын енгізу, электрондық оқулықтарды пайдалану, әр пәнді оқытуда мультимедиа мүмкіншіліктерін қолдану, демонстрациялау әдісін компьютер негізінде жабдықтау, оқу және жобалау бағдарламаларын енгізу қажеттілігі туындады. Осылардың негізінде оқу-тәрбие процесін ақпараттандырудың жұмыстары басталды. Ақпараттық технология және жүйелік бірігу түрлі мүмкіндіктерге жол ашады.

Қазақ тілі мен әдебиеті кіріктірілген сабағында АКТ-ны қолдану тек оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, сонымен бірге оқушының да көптеген қабілеттерін дамытуға көмегін тигізеді. Атап айтқанда:

- оқушының сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын арттырады;
- әртүрлі мәселелерді шешу жолдарын іздестіру арқылы танымдық қабілетін дамытады;
- логикалық ойлау қабілетін дамытады;
- жеке немесе топпен жұмыс жасауға дағдыландырады;
- қоғамдағы өз ұстанымдары жайлы ой-өрісін кеңейтеді.

Қазіргі таңда барлық қазақ тілі мен әдебиеті кіріктірілген пән кабинеттерінде интерактивті тақта кеңінен қолданылып жүр және ол оқытудың тиімділігін арттыруға септігін тигізіп отыр.

Оның мүмкіндіктері төмендегідей:

1. сабақ кезеңдерінде уақытты үнемдеуге көмектеседі;
2. дайындалған материалды қайта-қайта қарауға мүмкіндік береді;
3. оқушы мен мұғалімнің шығармашылығында әңгімелерін әрлеуге көмектеседі;



4. дамыта оқыту тапсырмаларын жасау мүмкіндігі мол;

5. интерактивті тақта кітапханасы арқылы кез-келген сурет, материалдарды алу мүмкіндігі бар;

6. бейне сапасын сақтауда және қызықты фрагменттерді немесе бейнелерді экранда үлкейту мүмкіндігіне ие.

Еліміздің білім беру ұйымдарына (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) арналған кіріктірілген оқу бағдарламасы мақсаттарының бірі – жеке тұлғаны әлеуметтендіру, яғни түрлі әлеуметтік топтармен тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құра отырып, қажетті тілдік дағдыларды дамыту керек. Мұндай ортада оқушылар тілдесімнің түрлі формаларын қолдана отырып, өз пікірін еркін білдіре алады. Оқыту процесінде оқушылардың сыныптастарымен, мұғалімдермен және көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым-қатынасында тілді сауатты пайдалануын мадақтап отыру қажет.

Ұжымдық оқыту технологиясының мақсаты – қиын істерді атқаруда, топтық жұмыстарда, келісімге келуде, өзін-өзі басқару және ұйымдастыра білу де қажет болатын оқушы дағдыларын қалыптастыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің кіріктіріліп оқытуы үш тілде білім беру саясатына сай мазмұнға негіздеп жүзеге асырылады. Қазақ тілінің мұғалімдері үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыру үшін, мұғалімдер оқушыларға қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілінің ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне талдау жасата отырып, барлық үш тілге де құрметпен қарауға тәрбиелейді. Жоғарыда көрсетілгеннің барлығы тілді меңгертуді және мазмұнға негіздеп оқытуды дамытуға бағытталған.

Қазақ тілі мұғалімдері бағдарламадағы басқа да пәндермен байланыс орнату үшін олардың тақырыптарын / мәтіндерін / дағдыларын / тапсырмаларын / оқыту мақсаттарын өз сабақтарына пайдалана алады. Мұндай байланыс оқушылардың басқа пәндерді меңгеруге қажетті ғылыми тілдерін дамытуға көмектеседі. Мысалы, тақырыпты әртүрлі мақсаттарға пайдалану, салдар мен себепті анықтау, факті мен көзқарасты ажырату, тақырыпты жан-жақты талқылау, әртүрлі ресурс көздерінен алынған мәліметтерді бағалау, ақпаратты анық таныстыру барысында қажетті сөздер. Тіл мамандары пән мұғалімдерімен сол пәндерде кездесетін мәтіндер мен тапсырмалар туралы кеңесе алады және бірлесе отырып, пәнді игеруге қажетті сөздерді анықтай алады [4].

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің кіріктіріліп оқыту бағдарламасында тұлғалық бағдарлы оқыту жүйесінде оқушының білім алу деңгейін жоғарлатуда, сапасын жақсартуда әрбір сабақтың алатын орны маңызды.

Тұлғалық бағдарлы оқыту жүйесіндегі әр пән бойынша ұйымдастырылып өткізілетін әрбір сабақтың мақсаты:

- оқушыда өзінің әлеуетті танымдық мүмкіндіктерін жүзеге асыру тетіктерін қалыптастыру;

- оқушыда өзін-өзі дамытуға ұмтылыс тетіктерін қалыптастыру;

- жаңа әдістерді қолдана отырып, өзінің тұлғасында ерекше жақтарын ашуға, дамытуға оқушының өзі қатысуына бейімделу тетіктерін қалыптастыру;

- оқушы өзінің ішкі мүмкіндіктерін, ортасын, білім мазмұны мен өзінің танымдық күш-қуатын білімді сапалы меңгеруге қарай бағыттауда өзін-өзі реттеп отыра алу тетіктерін қалыптастыру;

- өзінің өмірлік тәжірибесін қалыптастыруда, білім алу процесінің керекті жерінде қолдануға, өз ойы мен білім алу әдістерінің тиімділігіне сенімді болып, өзін-өзі әрдайым қорғай алу тетіктерін қалыптастыру;

- адамгершілік қасиеттерге және еңбексүйгіштік пен білім, ғылыми ізденгіштікке өзін-өзі тәрбиелеу тетіктерін қалыптастыру.

Тұлғалық бағдарлы оқыту жүйесіндегі сабақтарды әзірлеу, ұйымдастыру, өткізу, оның нәтижесін талдау барысы:

- деңгейлі оқыту;

- саралай оқыту;

- жекелей оқыту;

- Субъективтік-тұлғалық оқыту қырларынан қарастырылады.

Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің кіріктіріліп оқыту бағдарламасын жүзеге асырудың әрекет бағдарлы тұғыр да маңызды орында.

Оқушының психикасы – әрекеттің ерекше формасы. Яғни, материалдық өмірдің даму барысында ішкі әрекетке, сананың қызметіне айналатын сыртқы материалдық қызмет дамуының жемісі.

Әрекеттің құрылымдық ерекшеліктері мен ішкі деңгейлері «қозғалыс – іс-әрекет – қызмет» триадасы түрінде де, өзара сәйкестігі бірқалыпты емес болып келетін «әрекет, процесс, зат, мотив» түрінде де кездеседі.

Әрекеттің ішкі дифференциалды құрылымы пайда болуы – ұжымдық қызметтің салдары. Адам әрекетінің құрылымы өзгергенде, оның санасының да ішкі құрылымы өзгереді. Әрекеттің сыртқы және ішкі түрлері бар. Әрекет теориясының қазақ тілін оқыту процесіне байланысты танылуы арқылы әлі де жаңа бағыттар мен жаңа әдістер табылуы болашақтан күтіледі.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оқушы бойындағы тілдік дағдыларды дамытудың маңыздылығы да міне, осында.

## 2 «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)» кіріктірілген пәндері бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастыру формасы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқытуда сабақты ұйымдастыру ең алдымен оқу материалының ерекшелігіне негізделеді. Оқыту арнайы механизм арқылы іске асады: оқу материалының мазмұны, басқа оқу пәні бойынша ғылыми ақпаратқа тірек, алдыңғы алған білімдеріне тірек, пәнаралық байланыс жиынтығы материалдық әлемнің бірлігі ретінде. Кіріктірілген сабақтың негізгі бөлігі вариативті, өйткені оқушының танымдық әрекетін ұйымдастыру мен оқытудың түрлі әдістерін қолдануды талап етеді.

Кіріктірілген сабақтар келесі дидактикалық шарттар арқылы жүзеге асырылады:

- пәнаралық байланыстың зерттеу объектісі дұрыс есептелуі, оның өзекті болуы;
- сабаққа дайындалу кезінде мұғалімдердің тығыз ынтымақтаста болуы;
- сабақтың әр кезеңінде ойлау әрекетінің белсенділігін артуы және міндетті түрде кері байланыстың болуы;
- жалпы әдісті қолдану негізінде сабақтың әр бөліктерінің арасында сабақтастықтың болуы [2].

Мұғалім оқушыларының мүмкіндігін, жас ерекшеліктерін және сыныптағы психологиялық ахуалды жақсы білуі керек. Бұл мұғалімге пәнаралық байланысты қандай әдіс-тәсілдер арқылы іске асыруға болатынын шешуге көмек болады.

Сонымен қатар, кіріктірілген сабақтың құрылымы нақты меңгеру барысында әртүрлі пәндер бойынша өтілетін оқу материалының логикалық байланысын талап етеді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқыту бағдарламасының мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге қажетті дағдыларды дамыту үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құру керек. Коммуникацияның түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын мұндай ортада оқушылар өз пікірін еркін білдіре алады.

Білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың түрлі құралдарды қолдану арқылы сыныптастарымен, мұғалімдермен және көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсуі және қазақ тілін сауатты пайдалануы ынталандырылады. Оқушыларға тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым тапсырмалары ұсынылады. Сол арқылы оқушының деңгейі анықталып, білімін тереңдетіліп, белсенділігі күшейеді. Төрт дағдыға бағытталған тапсырмаларды дайындап, оқушылармен жұмыс жүргізудегі негізгі мақсат: баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәнінен тыңдалым мен айтылым сөйлеу әрекеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- күнделікті тақырыптар аясында және тандау тақырыбына байланысты: ғылыми және т.б. белгілі бір уақыт ішінде (қысқа) еркін сөйлесу;

- ауызша тілдесімді түсіне білу және оны қысқаша мазмұндай білу, оны жалғастыру;

- ақпараттардағы негізгі байланысты анықтай білу және оны жүйелі баяндау;

- әртүрлі мәтіндердің стильдері мен ерекшеліктерін түсіне білу және бағалау;

- бұқаралық ақпарат құралдарының тілін түсіну;

- тыңдауға, мазмұнын түсінуге әртүрлі жанрдағы мәтіндерді ұсыну;

- мәтінді қайталап тыңдатып, негізгі ойға назар аударту;

- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;

- мәтін бойынша жоспар құру;

- тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;

- мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу;

- ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;

- жоспарланған тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастыру (мысалы, «Бізге, яғни оқушыларға мектеп формасын кию қаншалықты қажет?»);

- жұпта ым-ишараны пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу (мысалы, «Бағытталған оқу» және «Бағытталған жазу»);

- ауызша айтылғанды түсіну және сұрақтарға жауап бере білу;

- берілген тақырып бойынша диалог құрастыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәнінен оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- қазақ тіліндегі әртүрлі оқылым материалдарын меңгеру, яғни бүгінгі таңдағы газет-журналдар, қысқа әдеби мәтіндер, пікірталас туғызатын және белгілі бір мәселе қозғалған мақалалар, хаттар және т.б.;

- көз жүгіртіп оқу, жалпы мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты табу үшін оқу, ақпараттарды алу үшін оқу, көркем шығармаларды оқу, автор көзқарасын табу үшін оқу;

- кітапқа ауызша және жазбаша шолу жасау;

- интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау);

- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;

- әдебиетпен жұмыс (сұхбатқа сұрақтар мен жауаптар дайындау);

- көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;

- мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;

- ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәнінен жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- тыңдалған және оқылған мәтіннің қысқаша мазмұнын, фильм мен кітаптан алған әсерлерін жазу;

- оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу;

- әдеби шығармадан алынған көркем, бейнелі сөздерді жаздыру;

- әдеби шығармадағы жаңа сөздерден сөздік құрастыру;
- газетке шағын хабарлама/мақала жазу;
- белгілі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау;
- әдеби шығарма мәтініндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау;
- ақпаратты суреттер мен сызбалар, белгілер, пиктограммалар арқылы беру;
- сұхбатқа сұрақтар дайындау.

Кіріктірілген сабақтардың ұйымдастырылуы бойынша жалпы жіктелуі төмендегідей:

- әртүрлі пәндер бойынша екі және одан да көп мұғалімдердің кіріктірілген сабақты жүргізуі;

- пәндерге сәйкес базалық дайындығы бар бір мұғалімнің кіріктірілген сабақты жүргізуі;

- кіріктірілген тақырыптар негізінде бөлімдерді, курстарды ұйымдастыру.

Кіріктіріп оқытудың негізгі және міндетті талабы – оқушының өзіндік жұмыс істеу қызметін арттыру, өйткені кіріктіру оқу материалының тақырыптық аясын кеңейте отырып, терең талдауды және жетілдіруді, басқа пәндер есебінен толықтыруды қажет етеді.

Мұғалім сабақты жоспарламас бұрын мақсатын анықтап алады, сол мақсатқа қол жеткізу үшін сабақта қолданатын тиімді әдіс-тәсілдерді іріктеп алады. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындауға тиіс, сонымен бірге оқыту барысында төмендегі бірқатар мәселелерді ескеру керек:

- сабақта бірнеше жаттығу түрлерін жоспарлау;
- қысқа уақыт алатын жаттығу дайындау (әдетте баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұрмайды);
- бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, оқушыларға сабақтың басты мақсаты туралы ескертіп отыру;
- сыныппен өзара әрекеттестік стильдерін өзгертіп отыру;
- жеке, жұптық, топтық немесе барлық сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану.

Кіріктірілген сабақтардың негізгі құрылымы:

1. Кіріспе бөлім. Бұл бөлімде сабақтың мақсаты, міндеті, негізгі білім анықталады.

2. Негізгі бөлім. Негізгі бөлімінде оқу материалының мазмұны ашылады. Сабақтың бұл бөлігі вариативті, өйткені оқытудың түрлі әдіс-тәсілін, оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру формаларын қолдануды және мұғалім тарапынан педагогикалық шеберлікті талап етеді.

3. Қорытынды бөлім. Сабақты қорытындылау, оқушылардың жұмысын бағалау, үй тапсырмасын белгілеу.

Кіріктірілген сабақ – дәстүрлі түрдегі сабақта іске асыра алмайтын бірнеше міндеттерге қол жеткізеді. Мысалы:

- ұйымдастыру формасының ерекшелігінің арқасында (өзгеше, яғни қызықты) оқу әрекеттік уәждемені арттыру;
- әртүрлі пәндер саласында қолданылатын түсініктерді қарастыру;

- ойлау операцияларымен мақсаттанған жұмысты ұйымдастыру: салыстыру, жалпылау, жіктеу, талдау, жинақтау.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқытуда ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлар міндетті құжаттар болып табылады, олар білім беру процесін ұйымдастыруға септігін тигізіп, пәндерден оқу бағдарламасын орындауды әдістемелік жағынан дұрыс жоспарлауды қамтамасыз етеді.

Мұғалімдер «Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәні бойынша орта мерзімді оқу жоспарын қолдануда төмендегілерге назар аударулары тиіс:

1. Дифференциация (саралап оқыту) – оқушылардың жеке қабілет ерекшеліктерін ескере отырып оқыту. Сабақ жоспарын құрастыру барысында қабілеті жоғары немесе төмен оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, сабақ мақсаттары, бағалау нәтижелері, тапсырмалар деңгейі қарапайымнан күрделіге құрастыру қажет. Сонымен қатар, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыруда оқушыларды қабілеттеріне қарай араластырып отыру ескеріледі. Орта мерзімді жоспардың «Мұғалімге арналған ескертпелер» бағанында нақты түрлерін практикада жүзеге асыру жолдары көрсетілген.

2. Сабақ барысында оқушыларға жеке «ойлан», жұппен «талқыла» және топпен «бөліс» әдісін кеңінен қолдану ұсынылады. Бұл өз кезегінде оқушыларға білім, ақпарат, идея, тәжірибе алмасуға, сыни ойлауға мүмкіндік береді.

3. Орта мерзімді жоспарларда әр сынып бойынша әртүрлі лексикалық тақырыптар берілген. Лексикалық тақырыптар белгілі бір салаға байланысты сөздік қорды меңгеруге, ақпараттармен танысуға, танымын кеңейтуге бағыттайды. Сыныптан сыныпқа өткен кезде лексикалық тақырыптар арасында байланыс болу үшін бір тақырыпты әртүрлі мақсатта қарастыру ұсынылған. Бұл байланыс сол тақырыпта қарастырылатын мәселеге, деректерге әртүрлі қырынан келуге мүмкіндік береді.

4. Орта мерзімді жоспарларда әр бөлімге арналған сағат сандары ұсынылған. Пән мұғалімі оқушылар мен сыныптардың ерекшеліктеріне қарай сағат сандарына өзгеріс енгізе алады. Дегенмен, бір тоқсанға берілген лексикалық тақырыптар мен оқу мақсаттары толық қамтылуы тиіс.

5. Орта мерзімді жоспарда көрсетілген оқыту ресурстары үлгі болып табылады. Мұғалімдер қажет деп тапқан жағдайда қосымша ресурстар қолдана алады [2].

Орта мерзімді жоспарларда белгілі бір мақсатты жүзеге асыру үшін белсенді оқыту әдістері ұсынылған. Ұсынылған әдістер мұғалімге үлгі болып табылады, яғни мұғалім сабақ жоспарын сыныптың деңгейі мен қажеттіліктерін ескере отырып, түрлендіре алады. Қысқа мерзімді жоспар – сабақтың мақсаттарын (мұғалімнің жұмыс істеуіне бағдар) және оқыту мақсаттарын (оқушылардың жұмыс істеуіне бағдар), оқу процесінің құралдары мен сатыларын ашатын сабақ жоспары.

Орта мерзімді жоспар негізінде қысқа мерзімді пән жоспары әзірленеді.

Қысқа мерзімді пән жоспары – сабақтың мақсаттарын (мұғалімнің жұмыс істеуіне бағдар) және оқыту мақсаттарын (оқушылардың жұмыс істеуіне бағдар), оқу процесінің құралдары мен сатыларын ашатын сабақ

жоспары. Мұғалім қысқа мерзімді жоспарды жоспарлағанда сабақтың мақсаты оқу бағдарламасында баяндалған оқу мақсаттарына сәйкес келуі керек, бірақ барлық тармақтарын қамтымауы мүмкін.

Сабақ мақсатында оқушының қадағалауға болатын іс-әрекеті, белсенділігі/мінез-құлқы сипатталып, оқушылар оқу нәтижесінде не істеуді үйренуге тиіс екені жазылады. Сабақ мақсаттарын тұжырымдау барысында оқушылардың сабақ соңында не істей алу керектігі тұрғысынан белгілі бір нәтижелерді сипаттауы керек екенін есте ұстау қажет. Бұл:

- сабақта мұғалімнің не істейтініне емес, оқушылардың немен айналысатынына назар аударуға;

- сабақты жоспарлауды жеңілдетуге;

- оқуды бағалауды жеңілдетуге;

- оқыту мен оқуды бағамдауды жеңілдетуге көмектеседі.

Күнделікті сабақ жоспарын құруда назар аударатын мәселелер:

1. Сабақ жоспарында бөлек бағанда сабақта қолданылатын дифференциация, бағалау, пәнаралық байланыс, АКТ дағдылары және құндылықтар нақты көрсетіледі.

2. Рефлексия бөлігінде мұғалім өз сабағына қысқаша талдау жасап жазады, яғни, сабақтың сәтті болған тұстары және келесі сабақта дамыту керек тұстарын анық көрсетеді [4].

Рефлексиялық мәдениеті қалыптасқан адам өзінің тұлғалық және кәсіби стереотиптерін шығармашылықпен өзгерте алады. Бұл – өзіндік сана, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі талдау, өзін-өзі іске қосу, өзін-өзі бағалау сияқты кәсіби мәнді сапалармен сипатталады.

Рефлексиялық қабілеті дамыған ұстаз өз оқушыларында осы сапаны дамытуды, дарытуды есте есінен шығармайды. Қазіргі білімдік мақсаттарға сай білім алушыны рефлексия жасауға дағдыландыру мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болғандықтан, ол – сабақтың да негізгі компоненттерінің бірі болуы тиіс. Сабақ барысында мұғалім де оқушылар да рефлексия жасауды үйренеді.

Рефлексия деген өз жұмысына талдау жасау. Осы жерде ұлы данышпан Абайдың қарасөздерімен үндестікті көре аламыз. «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!»- деген, біз өзімізге есеп бере отырып, іштей кемшілігімізді мойындаймыз, ол кемшіліктің кету себебін бірге іздейміз. Педагогикалық практикада қолдануға болатын мысалдар келтіре кетсек: бастауыш сынып оқушылары өзі жасаған әрекеттеріне ауызша баға беру, суреттер салу түрінде, ал орта және жоғарғы сынып оқушылары сабақтарда кестелер, диаграммалар, сауалнамалар толтыру, эссе жазу сияқты рефлексісті жұмыс түрлерімен айналыса алады.

Оқушыларды рефлексия жасауға үйретуде мәселенің психологиялық жағына мән беру тиімді. Мұғалімнің басты міндеті: оқушының өткізген күні немесе істеген жұмысы жайлы айтқысы, ойымен бөліскісі келетіндей психологиялық ахуал жасау. Әсіресе баланың өзі жасаған әрекеттеріне байланысты басынан өткен сезімдерін қайта оралта алуы, ол жайлы қағазға

түсіруі немесе басқаша суреттеуі ерекше жағдайды талап етеді. Сонымен рефлексия – көп қырлы кіріктіріліп жасалған әрекет. Алдағы жұмыстарда ондай кемшілікті жібермеуге тырысамыз. Рефлексияның тиімділігін атап көрсетер болсақ, оқушы үшін:

- рефлексия – оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды;
- рефлексия арқылы оқушының қажеттілігін біле аламыз;
- рефлексия арқылы оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады;
- рефлексия арқылы білім беру барысының сапасын жақсартуға болады;
- рефлексияның нәтижесінде сыни көзқарас қалыптасады;
- өз-өзіне баға бере алады;
- білім алуға деген қызығушылық жоғарылайды.

Мұғалім үшін:

- ақпаратпен күнделікті жұмыс;
- шығармашылыққа деген ынта-жігері;
- әрбір оқушының пікіріне құлақ түру;
- пәндік білім сапасының артуы;
- өзіндік сынның қалыптасуы;
- сыни ойлауға жетелеу.

Мұғалімнің кәсіби даму бағдарламасына іздеу, зерттеу қызметінің мүмкіндіктері жатады. Педагогикалық қызметті талдау барысында теориялық білім алудың, диагностика мен өзіндік диагностиканы игерудің қажеттілігі туады.

Оқушылар өзі жасаған әрекеттеріне ауызша баға беру, суреттер салу түрінде, кестелер, диаграммалар, сауалнамалар толтыру, эссе жазу сияқты жұмыс түрлерімен айналыса алады. Онда оқушылар алған білімдеріне, тапсырмаларына қорытынды жасап, пікір айтуға дағдыланады, ойын ортаға салады. Нәтижесінде оқушылар өз-өздерін реттейді. Жүйелі сөйлеуге, ойын ашық жеткізе білуге, талдау жасауға үйренеді. Сабақтың жақсы не жаман, мағыналы не мағынасыз, көңілді не көңілсіз өтуіне байланысты оқушылар эмоцияларын білдіріп отырды. Осыдан мұғалім өзіне қорытынды жасауына, өзіне баға беруіне болады.

Рефлексияны әртүрлі жүзеге асыруға болады, сабақтың соңында әр тақырыптың соңында, сабақ кезеңдері арасында, тарау соңында. Ол ақырындап оқушының ішкі рефлексиясына ұласуы керек. Рефлексияның төмендегідей түрлері бар:

- оқу материалы мазмұнының рефлексиясы;
- көңіл-күй және эмоционалдық жағдайдың рефлексиясы;
- іс-әрекет рефлексиясы.

Рефлексияның бұл түрлерін жеке, топтық, жұптық түрде өткізуге болады.

1. Оқу материалдарының мазмұнының рефлексиясы. Оны мұғалім оқушылар өткен материалдың мазмұнын қалай түсінгенін анықтау үшін қолданады.

*Аяқталмаған сөйлем әдісі (тезис).*

Бүгін мен..... білдім. \*..... қызықты болды. \*.....  
қиын болды. \*..... тапсырманы мен орындадым. \*..... екенін



түсіндім. \* Мен енді..... білемін. \* Мен..... сезіндім.  
\*Мен..... білім алдым. \* Мен..... үйрендім.  
\*..... менің қолымнан келді. \* Мен .....жасай алдым.\*  
Мен..... жасап көруге талпынамын. \*..... мені таңқалдырды. \*  
Сабақ менің өміріме..... берді. \* Менің..... жасағым келді.

Аяқталмаған фразалар сабақ тақырыбына да байланысты болуы мүмкін.

2. Сабақ мақсатына жету рефлексиясы. Сабақ мақсаты тақтаға жазылып, сабақ соңында талқыланады.

*Think wane (синквейн) «5 жолды өлең» әдісі.*

Бірінші жол – тақырып атауы;

Екінші жол – тақырыпты екі сөзбен сипаттау, – белгі немесе сын есіммен;

Үшінші жол – осы тақырыптағы іс-әрекетті үш сөзбен сипаттау, етістікпен;

Төртінші жол – төрт сөзден тұратын фраза, тақырыпқа қатысты;

Бесінші жол– синоним, тақырыпты ашатын. Бұл жұмыс түрінде әр оқушы өз ойын, алған әсерін білдіреді. Сонымен қатар, оқушының оқып отырған тақырыпқа қатысты іс-әрекетін анықтауға, бұрынғы білім мен жаңаны түсінудің арақатынасын жалғастыруға мүмкіндік береді.

«Плюс, минус, қызықты».

«Плюс» - оң әсер еткен фактілерді, алған, білімдері жайлы жазады.

«Минус» - қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын жазады. «Қызықты» деген бағанға сабақ барысында өздерін қызықтырған немесе көбірек білгісі келетін ақпараттар туралы ойларын жазады.

3. Көңіл-күй және эмоционалдық жағдайдың рефлексиясы.

Төменде бірнеше тәсілдер көрсетілген:

*«Пейзаж–көңіл күй айнасы» әдісі.*

Әр оқушыға табиғат пейзажы бар сурет таратылады. Мұғалім оқушыларға суретте өзі қалаған жерді көрсетіп, бірнеше сөйлеммен түсіндіруді ұсынады.

Оқушыларда екі карточка: «көк» және «қызыл». Мұғалім сабақ басында және аяғында қалаған карточкасын көрсетуді сұрайды, бұдан оқушының көңіл күйінің өзгерген, өзгермегенін білуге болады.

4. Іс-әрекет рефлексиясы. Жеке жазба жұмыс рефлексиясы. Бұл жұмыс сабақтың соңғы кезеңінде қорытынды ретінде жүргізіледі. Өткізу түрі – шығын шығарма, эссе, кесте, досыма хат, тірек сызба.

*«Жеделхат» әдісі.*

Сабақ соңында 10-15 сөзден тұратын сабақ туралы ата-аналарына жеделхат жазу ұсынылады. 2-3 минут жеделхат құруға беріледі, содан соң барлығы өз жеделхаттарын оқып жалпы қорытынды жасалады.

«Өзіме хат» жазу дағдысын дамытуға септігін тигізіп, оқушының өзіндік талдау жасауына ықпал етеді. Сабақта не өткені туралы өз-өзіне хат жазу тапсырылады, оқушы жазбаша түрде талдау жасайды.

*«Fishbone» «Балық қаңқасы» диаграммасы.*

Басы – негізгі тақырып, жоғарғы сүйектері – тақырыптың негізгі ұғымдары, төменгі сүйектері – ұғымдарға түсініктеме, құйрығы – қорытынды, немесе сұрақтың жауабы қысқа ұғымдар арқылы жазылуы тиісті.

*«Жылан» диаграммасы.*

Сабақтағы материалды қалай түсінгенін тексеруге арналған. Басы – негізгі тақырып, ортасы – тақырыптың негізгі ұғымдары, ұғымдарға түсініктеме, құйрығы – қорытынды, немесе сұрақтың жауабы қысқа ұғымдар арқылы жазылуы тиісті.

*«Алма ағашы» әдісі.*

Оқушыларға екі түсті «алма» беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл-күйім көтеріңкі. Қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ.

*«Бір сөзбен» әдісі.*

Оқушылар өздеріне берілген 12 сөздің ішінен, өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 сөзді таңдап айтады.

Төзімсіздік, Ашу, Қуаныш, Немқұрайлылық, Қанағаттану, Шабыт, Зерігу, Алаңдау, Тыныштық, Сенімділік, Сенімсіздік, Рахаттану.

*«Табыс сатысы» әдісі.*

Сатының суреті.

1-баспалдақ: Мен..... білемін.

2-баспалдақ: Мен..... түсінемін.

3-баспалдақ: Мен..... жасай аламын.

*«Таңдау» әдісі.*

1. Мен сабақ, қызықты \_\_\_\_\_ қызықсыз болды деп ойлаймын.

2. Мен сабақта: көп нәрсені үйрендім \_\_\_\_\_ үйренгенім аз болды.

3. Мен басқаларды мұқият \_\_\_\_\_ зейінсіз тыңдадым.

4. Мен пікіралмасуға жиі \_\_\_\_\_ сирек қатыстым.

5. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын \_\_\_\_\_ риза емеспін.

Бұл карточканы таратып бергенде оқушылар өздерінің сабаққа қатысу деңгейі мен сабаққа деген ынтасын білдіретін сөйлемдердің бірінің тұсына «+» белгісін қою тапсырылады [5].

Бір сабақта оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым бойынша нақты нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін бір немесе екі оқу мақсаты (дағды) ғана алынғаны дұрыс. Үш немесе одан да көп дағдыны алу сабақтың мақсатына жетуге, қажетті дағдыларды терең қалыптастыруға мүмкіндік бермей, оқушыларда тұрақсыз білім қалыптастыруы мүмкін.

Мысалы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Кіріктірілген білім бағдарламасы бойынша білім алатын 8-сынып оқушыларына арналған Қазақ тілінен оқу кешенінен (Т2) сабақтар үлгісін ұсынамыз. Екінші тіл ретінде оқытылатын 8-ші және 4-ші сыныпқа арналған қысқа мерзімді жоспарда өнер мен әдебиет кіріктіріліп берілуі нақты көрсетілген:

Сабақтың тақырыбы: *Өнер және әдебиет. Мағжан Жұмабаев «Мен кім?».*

Оқу мақсаты: Берілген ақпарат көздерінен қажетті материалды таңдап ала білу, өз пікірін айту, мәселеге баға беру.

Сабақтың мақсаты: Мағжан Жұмабаевтың «Мен кім?» өлеңін оқу. Ақынның кім екенін білу.

Кілт сөздер: жұмақ, тамұқ, айбат, көңілге алсам, ғарышқа асамын, жалынмын, күл болсын көк, жемірілсін жер, табынамын.

Қызығушылықты ояту.

«Сен кімсің» деген сұраққа «биопоэма стратегиясы» арқылы жауап іздеп көр. Өзің жайлы жаз, жазғандарыңды жұпта талқыла, сыныпқа оқып бер.

Биопоэма жазу талаптары:

- өзіңді 4 сын есіммен сипатта;
- ең жақсы көретін нәрселерің туралы айт;
- басыңнан қандай сезімдер өтті?
- неден қорқасың?
- қандай жетістіктерің бар?
- басыңнан өткізгің келетін нәрселерің туралы айт.
- мекенжайыңды көрсет.

1-тапсырма. Өлеңді оқып шық, асты сызылған сөздердің мағынасын түсіндір.

Мағжан Жұмабаев «Мен кім».

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?  
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?  
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,  
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?  
Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын,  
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.

Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,  
Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын.  
Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,  
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.  
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,  
Көз қырымен күліп қана қарармын.

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,  
Надан адам өлім жоғын білмейді.  
Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би,  
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?  
Мейірленсем – сегіз жұмақ қолымда,  
Қаһарлансам – тамұқ даяр жолымда.

Жоқ жақыным, Жасағандай жалғызбын!  
Мен бе иілер әлсіз адам ұлына?!  
Өзім – тәңірі, табынамын өзіме,  
Сөзім – құран, бағынамын сөзіме!  
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,  
Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе!

2-тапсырма. Өлеңнің әр шумағында ақын мінезі қалай сипатталады? Ақынға мінездеме бер.

3-тапсырма. Неліктен ақын «күл болсын күн, жемірілсін жер» дейді. Ақын өзін ғана ойлай ма? Жұпта, топта талқылап, өз ойыңды айт.

4-тапсырма. Өлең негізінде «биопоэма стратегиясы» арқылы М.Жұмабаевтың кім екенін анықтап көр.

Ақының адамдық қасиетін суреттейтін 4 сын есім / *Мағжан шыншыл, қайсар, әділ, өнерлі.*

Туыстық қарым-қатынасы / *Мағжан әкесіне бала, баласына әке.*

Ең жақсы көретін нәрселері / *өлең жазу.*

Басынан өткен сезімдері / *қуаныш, мақтаныш.*

Неден қорқады / *адамдар бағаламайды деп.*

Жетістіктері / *өлеңдер жазды.*

Басынан өткізгісі келетін нәрселер / *Елін көргісі келетін шығар.*

Орны(мекенжайы) / *Солтүстік Қазақстан облысы.*

Білгенге-маржан!

Берілген кестені (1-кесте) пайдаланып, өлеңге талдау жаса.

1-кесте – Мағжан Жұмабаевтың «Мен кім?» өлеңіне талдау

	Мысалдары	Дұрыс	Бұрыс
	Өлең жанры		
1	лирика		
2	поэма		
	Кейіпкері		
1	ақынның өзі		
2	ақын қиялындағы бейне		
	Ақын не дейді?		
1	Өзін мадақтайды		
2	Өзін сынайды		
	Көркемдеу тәсілдері		
1	аллегория		
2	метафора		

*Дереккөзі: Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесінен*

Шеберлігіңді шыңда!

Төмендегі сызба бойынша өлең жолдарын құрастыр.

\_\_\_\_\_ балаң

\_\_\_\_\_ далам

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Мағжан

*Есіңе сақта.*

М. Жұмабаев өзін айбатты арыстанмен, жүйрік тұлпармен, жарысқан желмен, түпсіз терең теңізбен, нұрын шашқан күнмен, жалындаған отпен теңеген өршіл ақын. Ақынның өмірге деген құлшынысын, өр тұлғасын өзіңе үлгі етуге тырыс [5].

«Ғылыми жаңалықтар мен технология» бөлімінен ұсынылып отырған сабақтың қысқа мерзімді жоспарында мәтінмен жұмыс түрі көрсетілген.

Тақырыбы: *Ұялы телефон туралы не білесің?*

Сабақ мақсаты: Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтердегі негізгі ойды күнделікті өмірмен байланыстырады.

Кілт сөздер: сым, өнертапқыштар, байланыс, жалғыз нүкте, қолданыс аясы, көмекші.

Мәтінмен танысып төмендегі тапсырмаларды орында!

1875 жылдың 2 маусымында Бостон университетінің Шешендік өнер мектебінің профессоры Грехем Белл ең алғаш рет байланыстырушы сымдардың көмегімен өз көмекшісінің даусын естиді. Өнертапқыш шотландтықтың бұл жаңалығы тарих бетінде телефон деген атпен қалды. Бір қызығы, өнертапқыштың есімі ағылшын тілінен аударғанда, «қоңырау» деген мағына береді.

Арада бір ғасырға жуық уақыт өткенде ең алғашқы ұялы телефондар пайда болды. Иллинойс технологиялық институтының түлегі Мартин Купердің өнертапқыштық бұл жаңалығын қазір әлем халқының жартысына жуығы күнделікті қолданып отыр.

Ұялы телефонмен жасалған алғашқы нағыз байланыстың тарихы 1973 жылдың 3 сәуірінен басталады. Ұялы байланыс компаниясының қызметкері Мартин Купердің зерттеулер бөлімінің басшысы Белл Лабзға Нью-Йорк көшелерінде серуендеп жүріп соққан қоңырауы ұялы телефонмен алғашқы байланыс орнату саналады. Купердің өзі таратқыштан сигнал жіберу хаттамасының негізгі құрастырушысы еді. Ал ол қолданған телефонның салмағы, яғни ең алғашқы ұялы телефон 1,15 килограмм тартатын.

Сол уақыттары Нью-Йорк әлемдегі ұялы байланыстың базалық станциялары орнатылған әлемдегі жалғыз нүкте болды, төрт жылдан соң Чикагода 2000 абоненттік тәжірибелік ұялы желі құрылды. Ал 1979 жылы бұл өнертапқыштық жаңалыққа Күншығыс елі зор қызығушылық білдіріп, 88 базалық станциядан тұратын алғашқы ұялы байланыстың қызметін бастады.

Қазір әлемде ұялы телефондардың қолданыс аясы өзінің байланыс орнату шегінен асып кетті. Телефондар өмірдің барлық саласында қолданылууда.

Ұялы телефон қазіргі заманда адамның ажырамас көмекшісіне айналды.

1-тапсырма.

Төмендегі суретке (2-сурет) карап, телефондардың ерекшеліктерін жазыңдар.



---

---

---

---

---

---

### 2-сурет – 1-тапсырма

*Дереккөзі: Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесінен*

2-тапсырма Жабық тест тапсырмасын өз пікірлерімен толықтырып орындаңдар (2-кесте).

2-кесте – Жабық тест

№	Сұрақтар	Жауаптар
1	Ұялы телефонды алғаш рет ойлап тапқан кім?	
2	Телефондардың пайда болуына қай ел қызығушылық танытты?	
3	Ұялы телефондардың тарихы қай уақыттан басталады?	
4	Қазіргі телефондардың қолдану аясы қандай?	

*Дереккөзі: Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесінен*

3-тапсырма. Өмірлеріңізді ұялы телефонсыз елестетіп көріңіздерші

---

---

---

---

---

4-тапсырма Ұялы телефонның зияны мен пайдасын жазыңыздар(3-кесте).

3-кесте – Ұялы телефонның зияны мен пайдасын жазыңыз

Пайдасы	Зияны

*Дереккөзі: Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесінен*

5-тапсырма. Ұялы телефондарды сән, әлде қажеттілік үшін қолдана ма?

---

---

---

Шеберлігіңді шыңда!

Телефонмен сөйлесудің 10 әдебін жазыңыздар.

- |           |          |          |
|-----------|----------|----------|
| 1. _____  | 4. _____ | 7. _____ |
| 2. _____  | 5. _____ | 8. _____ |
| 3. _____  | 6. _____ | 9. _____ |
| 10. _____ |          |          |

Білгенге маржан!

SAR (Specific Absorption Rate) – қарапайым тілмен айтқанда, мобильді телефонның қауіпсіздік көрсеткіші. Яғни, бір килограмм миға әсер ететін ватт өлшеміндегі қуаттың сәулелену көрсеткіші. Аталған көрсеткіштің өлшембірлігі – Вт/кг. Ғалымдар мобильді телефонның қауіпсіздігін осы көрсеткішпен байланыстырады. Неғұрлым SAR көрсеткіші аз болса, соғұрлым телефоныңыздың зиянды сәуле бөлу деңгейі де төмен. Мәселен, кейбір ұялы телефон түрлеріне тоқталсақ: Nokia 3130 – 1,24 Вт/кг., Nokia 6210 – 1,19 Вт/кг.

Есіңізге сақтаңыз!

Ұялы телефондар жүйке жүйесіне әсер ететіндіктен балалардың ұялы телефон қолдану жастары кешіктірілуі керек. /18 жастан бұрын қолдану ұсынылмайды/. Ұялы телефон құлаққап арқылы қолданылуы тиіс. Осылайша ұялы телефонның мидан алыс болуы қамдалуы керек. Ұялы телефон арқылы қысқа сөйлесу әдетке айналуы керек, қысқаша мағлұмат берілетін кезде SMS жүйесі қолданылуы керек. Ұялы телефондардың ең көп радиация тарататын кезі – телефон шырылдаған кез және сіз терген нөмірге байланыс құрған кезі. Сол кездерде телефонды басыңыздан алыс ұстауыңыз керек. Телефонды ашқаннан 1-2 секундтан кейін құлаққа жақындатқан дұрыс [6].

Келесі «Су, оның музыкада, әдебиетте және визуалды өнерде бейнеленуі» бөлімінен сабақтың қысқа мерзімді жоспарында қазақ тілі сабағының физика пәнімен кіріктірілу мысалы берілген.

Сабақтың тақырыбы: *Су–тіршілік көзі*

Сабақтың мақсаты: Тәжірибелік жұмыс орындау арқылы судың қасиеттерін анықтайсыз, айтылым барысында өз ойыңызды дәлелдейсіз. Аудио материалдағы сөйлеушінің сөйлеу мәнерін түсініп сұраққа жауап бересіз.

Кілт сөздер: Араластыру, мөлдір, дәм, ащы, тұщы, еру, құм қиыршықтар, шөгеді, еру, жабысу, жұғу, ағу, түссіз, сұйық.

1-тапсырма: «Дубайдағы субұрқак» бейнебаяны бойынша өз ойыңызды білдіре отырып сабаққа болжам жасаңыз.

2-тапсырма: «Кім көп біледі?» ойыны. «Судың адам өміріндегі маңызы қандай?» деген сұраққа 1,5 минут ішінде көптеген айғақтар табыңыз. Қай топкөп жазғандығын анықтаңыз.

3-тапсырма. «Судың қасиеттері» тәжірибелік жұмыс. Берілген заттарды қолдана отырып судың түсін, пішінін, дәмін, күйін, иісін анықтап, өз ойларыңызды практикалық жұмыс арқылы дәлелденіздер.

#### 4-кесте – Тәжірибелік жұмыс парағы

	Іс - әрекет	нәтиже
1-практикалық жұмыс		
2-практикалық жұмыс		
3-практикалық жұмыс		
4-практикалық жұмыс		

*Дереккөзі: Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесінен*

*Қажетті заттар:* Әр топқа шыны ыдыс су, сүт, қасық, қант, топырақ, тұз беріледі.

Білгенге – маржан!

Жапон елінің ғалымы Эмотто Масарудың мынадай тәжірибесіне көңіл аударайық. Ыдыстарға күріш салып оның үстіне су құйып бір ай бойы бірінші ыдыстағы суға «Рақмет!», екінші ыдыстағы суға «Сен ақымақсың!», ал үшінші ыдысқа тіпті көңіл бөлмейді. Бір айдан соң қараса бірінші ыдыстағы күріш бөріп, судан жағымды иіс шығады. Ал екінші ыдыстағы күріш қарайып кеткен, ал үшінші ыдыстағы күріш те, су да көгеріп кеткен. Бұдан біз судың жақсы сөз, көңіл бөлуді ұнататынын байқауға болады.

Шеберлігіңді шыңда!

*Иерусалимдегі мұз қалашық туралы аудиожазбаны тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз.*

1. Көрмеде мұздан жасалған қандай ескерткіштер болды?
2. Мұздан жасалған ескерткіштерді кімдер жасаған?



3. Көрмеге келген көрерменге арнайы не беріледі?
4. Мұз қаласына саяхаттауды неден бастайды?
5. Саяхаттың соңында не беріледі?
6. Мұз көрмесін өткізу қайдан және қай жылы басталды?
7. Астанада қай жылдан бері мұз қалашығы жасалып келеді?
8. Қалай ойлайсың осы мұз қалашықты тұрғызу қажет пе?Өз пікіріңді

3 сөйлеммен дәлелде

Өзара тексеру

Тапсырманы орындап болған соң қолдарындағы жауап парағын жәшікке салыңыз. Мұғалім жәшікті араластырып енді әр оқушы қолына кез келген жауап парағын алып дескриптор бойынша бірі-бірін тексереді.

Есіңе сақта!

Жер бетін қанша шарласаңыз да, су сияқты мөлдір, әрі иіңізге көне беретін жұмсақ зат таппайсыз. Бірақ су, өз жолында қандай қатты, әрі берік зат болса да, егеп, қашап, тесіп өтеді. Оны ешкімде өз ырқына бағындыра алмайды. Кезкелген қаттыны жеңіп кетеді. Жұмсақ болса да берік нәрсені өз ыңғайына көндіре алады. Мұны барлығы біледі, бірақ осылай әрекет етуге ешкімнің де жүрегі дауаламайды [7].*Лао–Цзы*

Тақырыбы: *Ғарышқа ұшқан алғашқы жәндіктер мен жануарлар.*

Сабақтың мақсаты: Оқушылар ғарышқа ұшқан жәндіктер мен жануарлардың түрлерімен танысады.

Кілт сөздер: жәндіктер, аспан әлемі, ұшырылды, тұншығып, аман-есен, сапар, барып қайту.

Мәтінмен танысып төмендегі тапсырмаларды орында!


Ғалымдар 1946 жылдың шілде айында дрозифила шыбынын америкалық V2 ракетасына жүгерімен қосып, ұшырған болатын. Сол арқылы жоғары қабаттардағы радиацияның қаншалықты әсер ететінін білгісі келіпті. Кішкене дрозифилдер зерттеу әлемінің сүйіктілері болып табылады. Адамда кездестінін аурудың төрттен-үш бөлігі осы жәндіктердің генінде де кездеседі. Және олар түн бойына ұйықтайды. Кішкене дрозифилдерден кейін, аспан әлеміне қына мен маймылдар жіберілді.

Ғарышқа барған ең алғашқы маймылдың аты Альберт II болатын. 1949 жылы осынау примат-ғарышкер 134 км биіктікке дейін жете алған. Ал тағы да бір ғарышкер Альберт I де 1 жыл бұрын 100 км биіктікке жете алмай, тұншығып өлген. (Өкінішке орай, Альберт II де жерге түсу кезінде парашюты ашылмай қалады. Тек 1951 жылы Альберт VI ғарыш әлеміне аман-есен барып келді. Ол сол жолы 11 ге жуық тышқанмен бірге ұшқан. Алайда, Альберт VI да екі-ақ жыл ғұмыр жасады.

Орыстар американдықтар сияқты маймылдарды емес, көбіне иттерді араластырған. 1957 жылы «Спутник 2» ғарыш айлағынан Лайка атты итті ұшырған. Ұшу жолында әлгі ит қатты ыстықтан өліп кеткен. Ал 1961 жылы Ю. Гагарин ұшқанға дейін, онға жуық ит армансыз аспан әлеміне барып қайтқан.

1968 жылы орыстар жануарларды алыс ғарышқа жіберді. Солардың бірі тасбақа болатын. Ол бүкіл ай бетін толық айналып өткен (әлемдегі ең жылдам тасбақа ретінде). Сонымен бірге, ғарышқа барып қайтқандар: шимпанзе, теңіз шошқасы, құрбақа, мысық, жәндіктер, өрмекшілер, және сирек кездесетін фундолиус атты балық түрі. (Олардың бәрі де аман-есен оралған.) Жапондарда ең алғаш ғарышқа барып қайтқан жануар – 10 шақты тритон еді.

1-тапсырма Төмендегі суреттерден ғарышқа алғаш болып ұшқан жануарлар мен жәндіктердің ретін көрсетіңіз (3-сурет).. /1,2,3



3-сурет – Жануарлар мен жәндіктердің ретін көрсетіңіз.  
Дереккөзі: Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесінен

2-тапсырма Мәтіннен алынған сандардың мәнін жазыңыз (5-кесте).

5-кесте – Сандардың мәнін жазыңыз

1961 жыл	
1946 жыл	
1951 жыл	
1949 жыл	
100 км	

Дереккөзі: Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесінен

3-тапсырма. Жануарлар мен жәндіктердің ғарышқа ұшырылуы дұрыс па? Өзіңіздің пікіріңізді жазыңыз.

---



---



---

4-тапсырма. Неліктен адамдар жануарлар мен жәндіктерді ғарышқа ұшыртқан?

Өз көзқарасыңызды жазыңыз.

---

---

---

---

5-тапсырма. Төмендегі сөздердің синонимдерін тауып, мәтіндегі ақпаратпен сәйкестендіріңіздер(6-кесте ).

6-кесте – Мәтіндегі ақпаратпен сәйкестендіріңіздер

№	Синоним сөздер	Сөйлемдер
1	Барлық	
2	Ғұмыр	
3	Ең бірінші	
4	Ықпал жасау	

*Дереккөзі: Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесінен*

Шеберлігіңді шыңда! Өз ойыңды жалғастыр  
1960 жылдың 20 тамызында Белка және Стрелка атты иттер ұшты.

---

---

---

---

Білгенге маржан!

Ғарышқа ұшырарда ғалымдар тек маймылдың ғана тапсырманы екі айда меңгеріп, адамдардан гөрі тез істейтінін дәлелдеген. Мысалы жылдамдықты тексеруде «нысананы өшіруде» маймылға 19 минут, ал адамға бір сағат қажет екені анықталды.

Есіңе сақтаңыз!

1957 жылдан бері "Байқоңыр" әлемдегі тұңғыш және көлемді ғарыш айлағы болып келеді [7].

Сабақтың тақырыбы: «Тағам және сусын»

Оқу мақсаты:

T4 Мәтіндердің түрлерін және стильдік ерекшеліктерін айыра алады

T6 Әңгіменің тақырыбына қарап мазмұнын болжайды.

## О5 Оқу түрлерінің стратегиялары.

Сабақтың мақсаты:

Барлық оқушылар жасай алады:

Сөз бен сөйлемдерді интонация арқылы ажырата алады .

Оқушылардың көбі жасай алады:

қарапайым сөздерді және сөйлемдерді фонемалық білімдерін пайдаланып оқиды және жиі қолданылатын сөздерді тани біледі.

Оқушылардың кейбірі жасай алады:

қарапайым мәтіндер мен суретті кітаптарға жауап ретінде комментарий айта біледі, сұрақ қоя біледі.

Тілдік мақсат:

Негізгі терминдер мен сөз тіркестер:

Ата, әже, немере, ит, мысық, тышқан, тартады, тарта алалмайды.

Сабақта диалог үшін қолданылатын тіл:

Талқылау үшін сұрақтар:

Содан кейін кім келеді?

Кімді шақырады?

Кімнің соңынан кім тартады?

Шалқан қандай болады?

I. Ұйымдастыру кезеңі «Шаттық шеңбері»

Оқушылардың көңіл-күйлерін бақылау.

«Еуропа қалашығына саяхат» жасау

1 шапалақ – қол алысып амандасады

2 шапалақ – құлақтарымен амандасады

3 шапалақ – арқаларымен амандасу

4 шапалақ құшақтасып амандасу.

Жаңа сабақ тақырыбын ашу мақсатымен сұрақтар қою:

1. Сүт қандай? (сұйық )

2. Сүтті пісіріп, ашытқы қосып әдейі ашытып жасалатын тағам (айран)

3. Тұз қосып кептірілген, сүттен жасалған тағам. (құрт)

4. Сиыр бұзаулағанда алғашқы сүт (уыз)

5. Сүтке майдың сары суын қосып, ұзақ уақыт қайнатып жасалған жұмсақ, сарғыш тағам (ірімшік)

6. Айранды ұйытып ..... жасайды. (қатық)

7. Сиырдың сүтін қандай ыдысқа сауып аламыз? (шелек)

«Сүт қалай ұйықтады?» ертегісін бейне таспадан көрсету

Ендеше біз бүгін сендермен Тағам және сусын тарауы бойынша

«Сыныпта дәмхана құру» тақырыбын өтеміз.

Дәмхана адамдар неге барады?

Дәмхана қандай тағамдар мен сусындар болады?

Дәмханада кімдер жұмыс жасайды?

Даяшының қызметі жайында кім айтып береді?

(Б) Оқушыларға рөлдік ойын ойналатын жерді көрсету. Заттарды қалай қолдану керектігін түсіндіру. Оқушыларға қалай тапсырыс беріп, қалай тапсырыс қабылдау керектігін көрсету.

(Т) Қарапайым тағам әзірлеу үшін оқушылар сол тағамның рецептіне қарайды, қандай ыдыстардың қажет екендігін шешеді. Ингредиенттерді өлшеп салып, келесі қадамдарды орындайды.

3) Мағынаны тану

Мәтінмен жұмыс «Сүт қалай ұйықтады?» өлең-ертегімен оқып танысу  
Жаңа сабақты түсінгендерін байқау. Ой-толғаныс

1. Сұрақтар қою:

- Ертегіде ненің әрекеті суреттелген?

- Ертегіде қандай нақыл сөз келтірілген?

- Мәтіндегі қорытынды ой айтылған жолдарды тап.

2. Мәтінмен жұмыс. а) іштей оқу, б) дауыстап тізбектеле оқу

3) Суретпен жұмыс:

- Суретке қарап ертегідегі сүттің іс-әрекетін қарасөзбен әңгімелеу

4) Дәптермен жұмыс.

Топтастыру.

а) Сүт тағамдары: айран, қатық, сүзбе, ірімшік, уыз, құрт.

ә) « Дұрыс сөз тіркесін тап» Дұрыс тіркесті тауып дәптерге жазу:

балдай ,тәтті, құрт, тұздалған, қышқыл

туралған, айран, кепкен,қара, ашыған

сүт, жайылған

б) Ұйқас сөз табу.

Мысалы:

Тоқты, ----- Бота,

Тепті допты. ----- Үйренді нота.

Айран,

Қалдым қайран.

Осы сияқты айран, сүзбе, құрт, уыз сөздерімен ұйқас құрастыруды тапсыру..

4) Қарама-қайшы пікірлер

Ұйқының пайдасы

Ұйқы адамның күш-қайратын қалпына келтіреді. Адам ұйықтағанда жұмысқа уақытылы бара алмайды.

Ұйқының зияны

Көп ұйықтаған адам енжар болады.

Ештеңе жасағысы келмейді. Сабаққа, тынығады. Ертеңінде сергек болып тұрады. Еріншек, жалқау болады.

Сергіту сәті: «Қара жорға » музыкалық жаттығу

(ТЖ) Ертегіні топтарда көрініс ретінде қойғызу.

1-топ ертегінің басын сахналайды.

2-топ ертегінің ортасын сахналайды.

3-топ ертегінің соңын сахналайды.

4-топ ертегіні өздерінше жалғастыруы керек.

Сабақтың бекіту кезеңі

- Оспанхан Әубәкіровтің ертегісінің негізгі ойы не? Автор балаларға қандай ой тастайды?

- Ертегі сендерге ұнады ма?

- Өздерің қалай ойлайсындар «ұйқы» адамға қажет пе?

Оқушылардың білімін бағалау

Үйге тапсырма: Ертегіні мәнерлеп оқу, өз сөзімен әңгімелеп айта білу.

Бағалау: өзін-өзі бағалау.

Не қиын болды? Не оңай болды?

Шығарманың негізгі желісі оқушылардың есінде қалғандығын айтқызу[8].

Сабақтың тақырыбы: «Менің отбасым және достарым»

Өмірбаянды жоспарлау»

Оқу мақсаты:

Ж1. Мәтіннің түрлерін ажырату және өз ойынан мәтін құрап жазу.  
Қарапайым мәтіндер, өлеңдер, ақпараттарды жазады.

Ж3. Жоспар құру. Өз бетінше мәтінге жоспар құрады, тақырып қояды.

А4. Астарлы мағынаны анықтау. Сөйлеу қабілетін дамытады және көп мағыналы сөздерді қолдана бастайды.

Сабақтың мақсаты:

Барлық оқушылар білуге тиісті:

Мәтін жазып, өз ойларын айту.

Оқушылардың көпшілігі:

Сөйлеу барысында көркем және күрделі сөздерді қолдана алады.

Кейбір оқушылар:

Пікірталастарға қатыса алады

Кіріспе

А) Шаттық шеңберіне тұрып оқушылар сол жағында тұрған досына мақтау сөздерін айтады ал келесі бала оған рахметін білдіріп, өзінен кейінгі оқушыға айту арқылы жалғастырады.

Балалар, бүгін біз сендермен болашаққа саяхат жасаймыз. Қазір біз осы шеңбер ішінде бір-біріміздің қолымыздан ұстап, «Болашақ көлігіне» отырып, көзімізді жұмып, саяхатқа аттанайық. (1 минут тыныштық)

Негізгі бөлім

(Ж) Оқушылар көзін ашады. Ашқан кезде шеңбер ортасында әртүрлі мамандық иесінің суреттері жатады.



Әр оқушы өзінің арманындағы мамандықты таңдайды. Таңдаған мамандықтары бойынша сұрақтарға жауап береді.

Бұл мамандықты таңдаған себебім \_\_\_\_\_

Осы мамандықпен өз болашағыңды қалай елестетесің \_\_\_\_\_

Арманыңа жету үшін не істер едің?




Болашақты елестету қажет пе?



(Т) «Менің арманымды тап» ойынын ойнайды.

Қалаулары бойынша әр топтан оқушылар шығып, өз армандарын сурет немесе қимыл арқылы көрсетеді, қалған оқушылар тауып айтады.

(Ж): «Болашағымның айнасы»

Әр оқушыға кестедегі адам өмірінің 3 кезеңі беріледі, әр кезең тұсына өз болашақ өмірі туралы жазып шығады.

(Ж): Дәптермен жұмыс: Әр оқушы 2 етістіктен таңдап алып, келер шақта сөйлем құрастырады. Қасындағы досына сөйлемін оқып береді, бір-бірін тыңдап, қатесі болса түзетеді.

Қорытынды

(Т): *Ойнау, жұмыс жасау, оқу* етістіктерін келер шақта 3 топ ауызша жіктеп шығады.

Рефлексия. Стикерлерді тақтаға жабыстыру арқылы сабаққа кері байланыс жасайды[9].

Сабақтың тақырыбы: *«Бізді қоршаған орта»*

Оқу мақсаты:

T2. Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді.

A4. Диалогқа қатысушылардың айтқанын түсінеді.

Сабақтың мақсаты:

Барлық оқушылар орындай алады:

Жауабында жаңа сөздерді (орман, тау, көл, өзен) қолдана алады.

Оқушылардың көбі жасай алады:

Зат есім мен сын есімді тіркестіріп қолдана алады. (қалың орман, биік тау, терең өзен, үлкен көл)

Оқушылардың кейбірі орындай алады:

Көрсеткен суреттерді атай алады.

Тілдік мақсат:

Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: орман, тау, өзен, көл, байлық, т.б.

Сабақтың басы

Сабақ мақсаттарымен оқушыларды таныстырып өту.

Шаттық шеңбері

«Жүректен жүрекке» Оқушылар мұғалімнің көмегімен келесі сөйлемдерді қайталай отырып, бір-біріне тілектерін білдіреді.

✓ Сәттілік тілеймін!

Жақсы көңіл-күй тілеймін!

Сабақтың ортасы

«Миға шабуыл»

Оқушылар суретке қарап отырып сабақтың тақырыбын ашуға тырысады.





(Т)Қазақстан туралы не білесіңдер? Картадан Қазақстанды көрсете аласыңдар ма?

(Ж) Оқушылар жұптасып өзгелерден сұрау үшін үш сұрақ құрастырады.

Мысалы: *Қазақстанның астанасы қай қала?*

(Т)Жұптар кезекпен қарапайым сұрақ қояды .

(Т)Қазақстанның Туы туралы сұрау. Мысалы:

*Ту туралы кім не біледі?*

Оқушылар жауап беріп болған соң, тудың суретін көрсету.

Қолдануға болатын сипаттаушы сөздер: көк, аспан көк, сары, алтын, дөңгелек, шеңбер, күн, күн шуағы, ою, құс, бүркіт (көрнекті жерге іліп қою).

Түстерді қайталау

(Ж)Оқушылар әртүрлі түстер мен оюларды пайдалана отырып ту жасайды.

Ауызша сипаттайды.

Сергіту сәті.

Атыңды жаттап өсемін

Аңызымен атаның,

Дархан дала, кең дала

Менің туған Отаным!

(Ж)

Оқушылар жұпта жаңа сөздерді пайдаланып, диалог құрады.

Диалог үлгісі.

-Біз қай елде тұрамыз?

-Біз Қазақстанда тұрамыз.

-Қазақстанның астанасы қай қала?

-Қазақстанның астанасы қай қала?

-Тудың түсі қандай?

-Тудың түсі көгілдір.

Сабақтың соңы

Рефлексия

Мүғалім смайликтер бойынша бағалайды.



Оқушылардың смайликтеріне қарап, қалай жұмыс істегендерін, қандай баға алдық деп ойлайтындарын сұрауға болады[10].

### 3 «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)» кіріктірілген пәндері бойынша оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары

Кіріктірілген білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін белсенді оқыту, командалық оқыту, пән мен тілді кіріктіріп оқыту, (CLIL) т.б. озық педагогикалық әдістерді қолдану талап етіледі. 4-сурет.



4-сурет – Тіл пәнін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер  
Дереккөзі: Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесінен

Оқыту процесінде жаңа технологияларды енгізу бір күннің немесе бір жекелеген ғалымның ісі емес, ол ұзақ та күрделі кезеңнен өткен ғылыми ізденістердің, ұстаздар ұжымының, ғалымдар қауымдастығының ынтымақтасқан еңбегінің нәтижесі екені белгілі құбылыс. Сондықтан біз осы әдістемелік құралға қазақстандық және шетел ғалымдарының оқыту үдерісіне енгізген жаңа технологияларына тоқталып, саралауды жөн көрдік.

Жобаларды қорғау әдісі француз педагогі және ойшыл С. Френенің «еркін еңбек технологиясы» негізінде ұсынылған. Бұл әдістің ерекшелігі тапсырма түрлеріне қарай жұмыс топтарының құрылуын, ақпараттардың құндылығын, жоспарлау, өздігінен еңбектенудің құндылығын көрсете білуінде. Мұғалім көмегімен әрбір оқушы жұмыс түрі (кітаппен жұмыс, сауалнама өткізу, сұхбат алу, бақылау) көрсетілген жеке апталық жоспар құрады. Білім негізін құрайтын ақпаратты қайдан, қалай алудың мүмкін жолдарын іздеп, ақпарат иелерімен жеке қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде білім жинақтайды, өзара талдайды, бірін-бірі бағалайды. Бағалау өлшемдері бойынша жүзеге асырылады:

мазмұндаудың түсініктілігі, шынайлығы, тыңдаушыны қызықтыруы, тақырыпты толық аша білуі, шығармашылығы. Оқушының таным қызметі неғұрлым өзі іздеп тапқан білімге көбірек тәуелді болса, соғұрлым материалды меңгеру нәтижелі болады. Мәселен, терең ойлы оқушының тұлғасын қалыптастыру үшін «Абай жолы» роман-эпопеясын оқудың маңыздылығын дәлелдеуге бағытталған жобаларды қорғауға болады. Бірінші тапсырма: «Абай жолы» туралы жазылған зерттеу жұмыстарын талдау; осы шығарма бойынша сұрақтар әзірлеп, оның қорытындысын талдау; әртүрлі әлеумет өкілдерінен сұхбат алу арқылы М.Әуезовтің аталған туындысының тартымды эпизодын анықтау және оның себептерін түсіндіру [11].

*Дебат әдісі* оқушылардың қабілетін ашуға, дамуына бағытталған. М.М.Бахтин «Эстетика в словесном творчестве» кітабында: «диалогизм является формой взаимодействия между равноправными и разнозначными сознаниями, в то же время как монологизм завершен и глух к чужому ответу, не ждет его и не признает за ним решающей силы», - деп диалогтік сипаттағы оқыту әдістерін жоғары бағалайды. Шын мәнінде бұл әдіс ғылыми принциптің белсенділігіне сәйкес келеді. Осы әдістің негізін қалаушы К.Поппер күрделі практикалық мәселелерді интуитивтік жолмен шешуді ұсынған («метод мозговой атаки»). Интуицияның өзі философиялық интуиция (интуиция – суждение) және психоэвристикалық интуиция (интуиция – догадка) деп екіге бөлінеді. К.Поппер жоғарыда көрсетілген әдістемедегі дедуктивті жолды таңдайды. Қорытындылауда жалпы ұғымнан жекеге келуді дедукция деп атайды [11].

*Саралап оқыту әдісі.* Саралап оқытуды жүзеге асыру мақсатында кіріктірілген қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарында деңгейлік тапсырмалар жүйесін қолдануға болады.

Өзге тілдегі мектеп оқушыларын қазақ тілінде сөйлету немесе үйретуде саралап оқытуды қолданудың екі бағытын атап көрсетуге болады.

Біріншіден, оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетін білу деңгейлерінің түрлі болып келуін ескеру.

Екіншіден, тіл мен әдебиеттен берілетін тапсырмалар жүйесіне саралау тұрғысынан қарауды білдіреді.

Коммуникация – адамдардың танымдық еңбек қызметінің процесінде өзара қарым-қатынас жасау формасының ерекше түрі болып табылады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, негізінен, тіл арқылы жүзеге асады.

Тілдің коммуникативтік функциясында оның құралдық-белгілік мәні ашылады. Осыған орай коммуникация кез келген жеке адамның әлеуметтік тұлға ретіндегі қалыптасуының және сол әлеуметтің жеке және топтық ниеттерін қалыптастырушы тетігіне айналады.

Тілде коммуникацияға қатысушылар «коммуниканттар» мен «тыңдаушылар» болып табылатын коммуникативтік актілерден тұрады. Олар өз кезегінде мәтін тудырушылар мен ол мәтіннің түсініктеме берушілері болып табылады. Қазақ тілі арқылы жүзеге асырылатын коммуникацияның бастапқы және қорытынды кезеңдері ішкі сөйлеу механизмдеріне, оның терең құрылымдарына барады. Кез келген коммуникация экстралингвистикалық

факторлармен шартталады. Ол факторлар жағдаяттылық, ұлттық-мәдени дәстүрлер т.б. болып бөліне береді. Осыған қатысты коммуникация сонда «ақпарат алмасудың ерекше түрі және де ол ақпарат алмасулар эмоционалды және интеллектуалдық мазмұнда болады. Коммуникацияда маңызды болып табылатыны – ақпарат және пікір алмасу. Коммуникация адам қызметінің талаптарын толықтай қанағаттандыруы тиіс. Сондықтан да, тілді меңгеру екі жолмен жүреді: табиғи және арнайы ұйымдастырылған. Ал олардың екеуінің де түпкі мақсаты – тілді қарым-қатынас құралы ретінде игеруді көздеу.

Қазақ тілін оқушы толық игеруі үшін коммуникативтік бағыттағы жаттығулардың міндетті түрде динамикалық тәртібінде болуын қамтамасыз етіп отыруы керек. Ондай жағдай тек қана коммуникативтік жаттығулардың көмегімен ғана жүзеге асып отыратыны белгілі. Сонымен, ауызша сөйлеу формасы сөйлеуді есту арқылы түсіну болып табылады, яғни түсініп тыңдау және сол сөйлеуге дұрыс жауап беру. Ал жазбаша сөйлеу графикалық сөйлеуді көздейді, яғни басылған мәтінді түсіну, яғни графикалық берілген ақпаратты пайдалана отырып, өз ойын жазбаша түрде жеткізу.

Түсініп-тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу оқушылардың қарым-қатынас жасауын қамтамасыз етуге қажет қалыптастырылатын сөйлеу қызметінің түрі болып табылады. Сондықтан да осы сөйлеу қызметі түрлерін негізі міндетті түрде оқушылардың бойында қалыптастырылуы керек.

Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан оқыту – функционалды-мағыналық тұрғыдан меңгеруді білдіреді. Коммуникативтік технология, негізінен, сөйлеу әрекетінің есту, сөйлеу, оқу, жазу түрлерінің өзара біртұтас байланыстағы кешенді оқытуға сүйенеді.

Коммуникативтік технология жүйесімен қазақ тілін үйрету арқылы тіл үйренуші қазақ тілінің түрлі салада қызмет ету тетіктерін түсінеді және қолдану дағдыларын меңгереді. Ондай қызмет ету тетіктері:

- 1) тілдің құрал болу қызметі – тілді бір нәрсе туралы ақпарат алу үшін қолданғанда;
- 2) тілдің реттеушілік қызметі – сөйлеуші тілді өз айналасындағы адамдардың мінез-құлығын реттеу үшін қолданғанда;
- 3) тілдің интерактивтік қызметі – сөйлеуші тілді басқа адамдармен өзара байланысу мақсатында қолданғанда;
- 4) тілдің жеке тұлғалық қызметі – сөйлеуші тілді жеке басының ойы мен сезімін білдіру үшін қолданғанда;
- 5) тілдің эвристикалық қызметі – тілді әлемді танып-білу үшін қолданғанда;
- 6) тілдің бейнелік қызметі – тілді қиял әлемін бейнелеу үшін қолданғанда;
- 7) тілдің репрезентативтік қызметі – тілді ақпаратты жеткізу үшін қолданғанда [11].

Қазақ тілін коммуникативтік технология негізінде оқытуда басты ерекшелік – сөйлеу жағдаяттары мен сөйлеу іс-әрекеттерінен құралатын жеке тұлғаның сөйлеу барысындағы мінез-құлығы.

Тілді оқытудың мақсаты – ол «коммуникативтік құзыреттілікті» қалыптастыру. Бұл терминді алғаш рет Хаймс (Hymes) енгізген болатын.

Хаймстің коммуникативтік құзыреттілік теориясы сөйлеушінің нақты бір сөйлеу қауымдастығында өзін түсінгендігін білуі болып табылады.

Білім беруде коммуникативтік құзыреттілік – оқыту процесінің негізгі мақсаты болуы тиіс. Осыған байланысты біз сипаттамаларды көрсетеміз. Үйренушінің тілді жетік білуі, орташа білуі, нашар білуі көптеген факторлармен байланысты. Коммуникативтік құзырет үйренген тіл құралдарын тілдік қарым-қатынаста таңдап пайдалана білуге қабілет, тақырыпқа сәйкес коммуникативтік жағдаятты бағалауы, жағдаятқа тез арада кері байланыс/реакция жасап, екінші тілде жауап беруі. Коммуникативтік құзыреттілік – қарым-қатынастағы мәдени мәнмәтін, вербалды емес, мінез-құлықтық міндеттерді дұрыс түсінуі және бағалауы.

Коммуникативтік құзырет дегеніміз – оқушының қазақ тілін қолдана отырып, тұрмыстық, оқу, кәсіби, мәдени өмірінде өзіне өзекті болып табылатын қазақша тілдік міндеттерді шеше алуы; қазақ тілінің нормасына сай қазақ тілінде сөйлеу және жазу, тыңдау-түсіну, оқу-түсіну міндеттерін шеше алуы. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақ тілінде қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады.

Еуропалық тіл үйрету жүйесінде тілдерді үйрену мен үйретуге коммуникативтік-бағдарлық тұрғыдан келудің мақсаты:

- түрлі тілдердің ұлттық болмысын, тілдік және мәдени жәдігері болып қалған тілдік қорды сақтап қалу;
- адамдардың ел арасындағы мәдени, ғылыми және техникалық жетістіктерді өзара оңтайлылықпен алмаса отырып игеруіне мүмкіндіктер жасау болып белгіленген.

Коммуникативтік-бағдарлық тұрғыдан келудің негізгі бір түйіні – еуропалықтардың басқа тілді үйренуде нақты өмірлік жағдаяттарды бастан кешу мүмкіндіктерін тіл үйрету сабақтарында қолдану қажеттілігін таныту.

Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту тәсілі. Негізгі орта білім беру деңгейіне арналған бағдарлама мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге қажетті дағдыларды дамыту үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құру керек. Коммуникацияның түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын мұндай ортада оқушылар өз пікірін еркін білдіре алады.

*Оқытудың белсенді әдістері* – оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді.

Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне талпындыру жатыр. Онсыз білімдерді игеруде алға жылжу болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше

ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылуымен байланысты. Жаңа міндеттердің пайда болуы ақпараттың қарқынды дамуына тәуелді. Егер бұрын мектепте, оқу орындарында алынған білімдер адамға ұзақ уақыт қызмет ете алса, қазіргі ақпараттық заманда оларды үнемі жаңартып отыру қажет. Бұл өз бетінше білім алу жолымен жүзеге асуы мүмкін, ал бұл адамнан танымдық белсенділікті, өз бетінен ізденуді талап етеді.

Әрбір мұғалімнің басты міндеті – оқушыларға белгілі бір білім жиынтығын беру ғана емес, сонымен қатар оларда оқуға деген қызығушылықты дамыту, оқи білуге үйрету. Жақсы ойластырылған оқыту әдістерінің көмегімен оқу материалының игерілуін ұйымдастыру қиын.

Мектепте қолданылатын неғұрлым тиімді белсенді әдістерге:

1. Дәстүрлі сабақтың дәстүрлі емес басталуы – сабаққа эмоционалдық бетбұрыс (эпиграф, сахналанған көрініс, бейнеүзінді, ребус, жұмбақ, анаграмма), мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді айқындау.

2. Проблемалық сұрақтар қою және шешу, проблемалық жағдаяттар құру. Сабақта қолданылатын проблемалық жағдаяттардың типтері: күтпеген нәрсе жағдаяты; шиеленіс жағдаяты; белгісіздік жағдаяты; болжам жағдаяты; таңдау жағдаяты.

3. Релаксацияны және қорытынды шығаруды ұйымдастыру.

4. Оқу материалының презентациясы – ақпараттық технологияны, электронды оқу құралдарын, интерактивті тақтаны және т.б. пайдалану.

5. Индуктивті және дедуктивті логикалық сызбаларды пайдалану.

6. Интербелсенді оқыту формаларын немесе олардың элементтерін пайдалану: «жобалар әдісі», «миға шабуыл», «пікірталас», «түрлі кейіпкерлерден сұхбат алу» жатады [8].

Белсенді оқыту әдістерін таңдау бірқатар факторларға тәуелді. Белгілі бір дәрежеде ол оқушылардың санымен анықталады. Көптеген оқыту әдістерін шағын топтарда пайдалану ұсынылады. Бірақ әдісті таңдау, бірінші кезекте, сабақтың дидактикалық мақсатымен анықталады. Сабақта төмендегі белсенді оқыту әдістерін пайдалануға болады.

Сабақтың әр кезеңінде қолданылатын өзінің белсенді әдістері болады. Ұйымдастыру кезеңдері:

1. *«Күншуақ»*. Оқушыларды топқа бөлу, тақтаға түрлі-түсті шуақ шашып тұрған күннің суреті ілінеді. Оқушыларға кірген бетте өзіне ұнаған түсті шуақты таңдап алу ұсынылады (осы әдіс арқылы оқытушы баланың сол сабақтағы көңіл күйін де аңғаруына болады). Таңдап алынған түсіне байланысты топқа бөлінеді.

2. *«Шынтақпен сәлемдесу»*:

Мақсаты: сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.

Оқушы саны: барлық сынып оқушылары.

Уақыт: 2-3 минут.

Дайындық: оқушылар емін-еркін қозғалатындай жағдай жасау үшін алдын ала парталар мен орындықтарды жылжыту қажет.

Барысы:

Мұғалім оқушыларды шеңбер бойына тұрғызып, бір оқушыдан бастап бір, екі, үш ретімен санауды сұрайды.

Содан соң:

Әр «бірінші» оқушы қолдарын желке тұсында айқастырады ал шынтақтары екі жаққа жазылады;

Әр «екінші» оқушы шынтақтары екі жаққа жазылатындай етіп қолдарын мықындарына қояды;

Әр «үшінші» оқушы еңкейіп қолдарын тізелеріне қояды, шынтақтары екі жаққа қарауын ескертеміз.

Енді әр оқушы бір-біріне шынтақтарын тигізіп неғұрлым көп оқушымен сәлемдесіп шығуы керектігін және осы жаттығуға қанша уақыт берілетінін ескертеді. Мұғалімнің өзінің де қатысуы оқушыларға еркіндік береді.

### 3.«Жеміс бағы»

Мақсаты: Сабақтың мақсатын айқындау (оқушылардың сабақтан не күтетінін, қандай күдіктерінің барын анықтау).

Оқушы саны: бүкіл сынып оқушылары

Уақыт: 5-7 минут

Дайындық: алдын ала лимон мен алманың пішінінде әзірленген түрлі-түсті қағаздар, скотч, маркерлер. Тақтада «Алма ағашы» мен «Лимон ағашы» суреттері ілінген.

Барысы: мұғалім оқушыларға бүгінгі сабақтағы күтетін және күдіктерін неғұрлым нақты етіп жазуларын сұрайды. Оқушылар «алмаға» бүгінгі сабақтан не күтетінін (нені білгілері келетінін), «лимонға» қандай күдіктері барын жазып, «алма ағашы» мен « лимон ағашына» іледі (күтетіні мен күдіктеріне: сабақтың өту әдістері, іс-әрекет түрлері, сыныптағы атмосфера, оқушылар арасындағы қарым-қатынас, оқушының көңіл-күйі жатады). Тапсырманы мұғалімнің өзінің де орындауы оқушылардың өздеріне деген сенімділігін арттырады. Оқушылардың барлығы тапсырманы орындаған соң оқушылардың жазғанын мұғалім дауыстап оқып, сабақты қай бағытта жүргізу керектігі жөнінде қорытынды жасайды.

Жаңа сабақтың презентациясындағы белсенді әдістер:

#### 1. «Автобус аялдамасы» әдісі.

Мақсаты: берілген тақырыпты шағын топтарда талдау, өз беттерімен меңгеру.

Оқушы саны: барлық сынып оқушылары шағын топтарға 5-7 адамнан бөлінген.

Уақыты: 20 - 25 мин.

Алдын ала дайындық: А3 беттер, ватман, плакат, флипчарт беттері, түрлі-түсті маркерлер.

Барысы: мұғалім меңгерілуі керек тақырыпты сыныптағы топтардың санына байланысты бірнеше тақырыпшаларға бөледі. Әр тақырыпша бойынша 4-5 сұрақ жазылған бетті топтардың қасындағы қабырғаға жапсырады. Әр топтың мүшелері сұрақтарға жауап іздеп өзара талдайды. Алдарында жатқан плакатқа сызба немесе сурет, қысқаша негізгі ұғымдар жазуға болады. Мұғалімнің қалауы бойынша тақырыптың күрделілігіне байланысты тапсырманы



орындауға берілетін уақытты алдын ала хабарлайды. Мысалы, 5 минут. Уақыт біткен соң әр топтың мүшелері өздері жазып отырған плакатты немесе беттерін сол жерге қалдырып, сағаттың бағытымен келесі «аялдамаға» барады. Келесі тапсырма бойынша берілген қабырғаға ілінген сұраққа жауап іздейді (3 минут). Өздеріне дейінгі топ мүшелерінің жұмысымен танысады, олардың бастап жазған түсіндірмелерін жалғастыруға болады немесе өздері қалаулары бойынша толықтырады, бірақ түзетуге болмайды. Осы әрекет бірнеше рет қайталанған соң, әр топ өз «аялдмаларына» қайта оралады. Толтырылған парақтағы түсіндірмені қорытындылап, ортаға шығып өз тараулары бойынша тұсаукесер жасайды.

Екертү: бұл әдістің басқа әдістерден (тақырыпты бірнеше абзацқа бөліп әр оқушы өз абзацын оқып, түсіндіру) тиімділігі – әр топ мүшелері бүкіл тақырыпты меңгереді.

## 2. «Ақ бет» әдісі

Мақсаты: жаңа сабақты ұсыну, оқушылардың зейінін тақырыпқа шоғырландыру.

Оқушы саны: барлық сынып оқушылары.

Уақыт: тақырыптың күрделілігіне байланысты.

Алдын ала дайындық: ватман беттері, әртүрлі түсті маркерлер.

Барысы: мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбын атайды. Қабырғада ақ ватман жапсырылған беттің ортасында тақырып жазылған. Беттің басқа бөлігі таза ақ қалпында, бірақ секторларға бөлініп нөмірленген. Мұғалім 1 сектордан бастап тақырыпша жазады да, оқушылардан осы тақырыпша бойынша қандай аспектілер туралы сөз болғалы тұрғаны туралы ойланып жауап берулері сұралады. Оқушылардың айтқандарын маркермен мұғалім секторға жазып шығады. Оқушылардың ойларын негізгі ұғымдарға, дұрыс жауапқа бағыттап толықтырады. Осы әрекет алдын ала бөлінген секторлар бойынша қайталанатын. Нәтижесінде бүкіл «ақ бет» толтырылады, жаңа сабақ меңгеріледі (оқушы енжар тындаушыдан, сабақты түсіндірудің белсенді мүшесіне айналады). Осы әдіс арқылы жаңа тақырыпты секторларға, негізгі ұғымдарға бөлу арқылы меңгереді.

Ескертү: егер сабақ барысында оқушылардың шаршағанын байқасаңыз, сергіту сәтін ұйымдастырыңыз.

Сергітудің белсенді әдістері.

### 1. «Жер, ауа, от және су»

Мақсаты: оқушылардың белсенділігін арттыру.

Оқушы саны: бүкіл сынып оқушылары.

Уақыт: 2-3 минут

Барысы: мұғалімнің нұсқауы бойынша оқушылар жер, ауа, от және су күйлерін көрсетулері керек.

Ауа. Оқушыларға терең тыныс алу, одан кейін, біртіндеп, тыныс шығару жаттығуын жасау ұсынылады. Тыныс алу кезінде ауаның мұрын қуысынан өтіп барлық жасушаларына сіңіп жатқаны туралы ойлану тапсырылады.

Жер. Мұғалім оқушыларға аяқтарымен еденге салмақ салып қатты басып, орындарында бірнеше рет ақырын секіруге болатыны және аяқта нық тұру

оқушының өзіне деген сенімділігі мен тұрақтылықты білдіретіні жайлы нұсқау береді.

От. Оқушылар қолдарын жоғары көтеріп қимылдатып, денелерін жан-жаққа қозғап оттың жалынын бейнелейді.

Су. Оқушылар көздерін жұмып ойша сынып бөлмесін бассейн деп елестетіп, суда жүзген қимылдар жасауларына болады.

Ескерту. Осы жаттығуларды мұғалімнің балалармен бірге орындауы оқушыларда, әсіресе, ұялшақ оқушылардың ашылуларына мүмкіндік туғызады.

Сабақты қорытындылаудағы белсенді әдістер.

1. «5 – 5 – 1» әдісі

Мақсаты: оқушылардың жаңа сабақты меңгеру деңгейін анықтау.

Мұғалім оқушыларға бүгінгі сабақта қалыптасқан ұғымдарды 5 сөйлем түрінде жазуды тапсырады.

Келесі қадамда осы 5 сөйлемді негізгі деп ойлаған 5 сөзге қысқарту қажеттігі айтылады.

Ең соңында осы тақырып бойынша бір маңызды сөзбен қорытындылайды.

Ескерту: Оқушылар бірін-бірі қайталамауы керек.

2. «Мейрамхана» әдісі.

Мақсаты: оқушылармен кері байланыс орнату.

Уақыт: 5 мин.

Құралдар: стикерлер, түрлі түсті маркерлер

Барысы: мұғалім оқушыларға бүгінгі күнді мейрамханада өткіздік деп ойлап, сұрақтарға жауап беру керектігін айтады.

- мен тағы ..... тапсырыс берер едім

- маған бәрінен ұнағаны.....

- менің асқазаным қорытты...

- келесіде маған қосыңызшы...

Оқушылар өздерінің жазғанын оқып, қысқаша түсіндіріп тақтаға жапсырады.

Ескерту: мұғалім үшін осы кезең ең маңызды, себебі оқушылар нені ұғып, нені ұқпағаны соған қарай келесі сабақта мұғалімнің қандай әрекет жасау керектігі көрінеді.

«Сократ стиліндегі әңгіме» әдісі.

Белсенді оқытудың анық көрінісі. Оқушылар ішкі және сыртқы шеңберге бір-біріне бетпе-бет орналасады. Алдымен ішкі шеңберде тұрған оқушылар тақырыпты талқылудағы өзінің пікірін жеткізеді. Мұғалімнің бағыт беруімен сыртқы шеңбер сағат тілімен ауысып отырады. Екі шеңберді кезекпен сөйлетіп отыруға болады. Берілген сұрақ аясында немесе бірнеше оқылым мәтінін түсіну мақсатында ұйымдастыруға болады. Осылайша шеңберде орналасқан оқушылар бірлескен білім ортасында өздерінің білік, дағдыларын жетілдіре түседі. Өз пікірін бірнеше оқушыға баяндап беруі және сонша оқушының ойын тыңдауы өтілген тақырыпты бекіте түсуге, мәтін мазмұнын толық түсінуге, түрлі көзқарастарды талқылай алуға, пікір алмасуға алып келеді.

«Бос орындық» әдісі.

Мақсаты: нақты қойылған сұраққа пікір алмасу жолымен жауап табу. Бұл ізденіс оқушыларды шындықты ашуға, заттардың фактілік күйін анықтауға әкелуі тиіс. «Бос орындық» әдістемесі сыни ойлауды дамытады, өз ойын дәлелдей білуге, сұрақ қоюға үйретеді, оқушылардың көпшілігін белсенділігін арттырады, оларды пікірталас мәдениетіне үйретеді.

3-4 орындыққа ақ қағазға жазылған проблема жайлы түрлі адамдардың пікірлері және «?» сұрақ белгісі бар парақ қойылады. Оқушылар түрлі пікірлермен танысады және өздері таңдаған пікірдің қасына барып тұрады. Басқа пікірдегі балалар «?» сұрақ белгісі бар жерге тұрады. Әр топ таңдаған пікірін талдайды және пікірталас үшін өзінің өкілін ұсынады. Пікірталасқа қатысушылардың барлығы дөңгеленіп отырады. Пікірталасты бір-біріне қарама-қарсы орындықтарда отырған топтың өкілдері бастайды. Жүргізуші (мұғалім) тағы бір орындық қояды. Егер де басқа біреу пікір айтқысы келсе, онда ол бос орындыққа отырады. Жүргізуші (мұғалім) ең басты болып табылатын нәрсені естіген кезде пікірталасты тоқтатады.

#### *«Идеялар кілемі»*

Проблеманы шешу әдістерінің бірі. Ол үш кезеңде өтеді. Оқушылар 3-4 топқа бөлінеді.

Бірінші кезең – проблеманы түсіну. Оқушыларға «бұндай проблема не себепті орын алып отыр?» деген сұраққа жауап беру ұсынылады. Әр топқа түрлі-түсті қағаздар мен стикерлер таратылып беріледі. Оқушылар проблемалық сұраққа жауап береді, мысалы, Мектепте оқу неге қиын? Топ жауапты стикерлерге жазады, содан соң «Идеялар кілемі» плакатына іледі.

Екінші кезең – шешімдерді іздеу. Нені өзгертуге болады? Әр топ өз жауаптарын береді және оларды әртүрлі қағаздарға жазады.

Үшінші кезең – әрекетті жеке даралау. Орын алған жағдаятты өзгерту үшін мен не істеймін?

Төртінші кезең – идеяларды бағалау. Жеке дара шешім қабылдау: проблеманы шешу үшін не істей аламын және не істеуге тырысамын?

#### *Практикалық жағдаятты талдау.*

Шешім қабылдау дағдыларына оқыту әдісі. Оның мақсаты: оқушыларды ақпаратты талдауға үйрету, негізгі проблеманы айқындау, шешімнің баламалы жолын құру, оларды бағалау, оңтайлы шешім қабылдау және әрекеттер бағдарламасын құру.

Практикалық жағдаятты талдау немесе жасау барысында бірқатар міндетті талаптарды есепке алу маңызды:

- жағдаят мазмұны шынайы оқиғалар мен фактілерді көрсетуі, қарастырылып отырған тақырыпқа, мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес келуі тиіс;

- ұсынылған жағдаятта проблеманы шешу педагогтердің қолынан келуі, оны жеңу тілегін ояту және табыс сезімін бастан кешіруі тиіс.

Жоғарыда берілген белсенді оқыту әдістері шынайы өмірден алынған және ойдан шығарылған жағдайларды қолдана отырып оқушыларды ойланып, күрделі мәселелерді шешуге жетелейді. Белсенді оқу білім, дағды және

көзқарас деп аталатын оқудың негізгі үш саласын қамтып, оны оқу процесінің мақсаты деп санауға болады.

Үй тапсырмасын мұғалім күрделі түрде, жаттығуларды, сұрақтар мен тапсырмаларды оқушы орындай алатындай, анықталған мөлшерде бере алады. Мысалы, мұғалім оқушыға ол орындай алатын он тапсырма береді.

Күрделі тапсырма:

1) баланың өз келісушілігі болады, ол бір көргеннен тапсырманың қиындығын бағалайды;

2) балалар әртүрлі тапсырмаларды орындайды, олардың өзара тапсырмалар алмасуына қосымша мүмкіндік туады;

3) өз тапсырмаларын таңдай отырып, оқушы басқаларын оқиды, оның ой-өрісі дамиды, өзіне ұсынылған тапсырмалардан да көп біледі.

Сонымен, шынайы педагогикалық процесте оқытудың белсенді, дамытушы әдістерін тиімді пайдаланған жөн.

Жұптық жұмыс: «Иә, бірақ...». Бұл жұптық жұмыс оқушының айтылым дағдысын жетілдіруге негізделген. Әрбір айтылған ойды «Иә, бірақ...» деп жоққа шығарып отыру оқушыдан сыни тұрғыда ойлай алуды және танымдық қабілеттің жоғарылығын талап етеді. Дәлелді жоққа шығару үшін нақты дәйектеме айту қажеттілігі оқушыны ойландыра түседі, өз пікіріне сендіруге үйретеді.

Оқушы телебағдарламаға өзі қоятын бірнеше талаптарды жазады. Қойған талабының бірін таңдап, жұбымен талқыға салады. Мысалы: «Бағдарлама қызықты болу керек» дейді, жұбы «Иә, бірақ...» деп оның ойын жоққа шығарып отырады. Қатысушылар орын ауыстырады.

«Өзгерісті тап» ой сергегінің орындалу жолдарын қолдану. Оқушыларды етіс түрлеріне қарай топқа бөлу. Оқушылар топқа бөліну ретімен орналастыру.

1-топ: өздік

2-топ: өзгелік

3-топ: ырықсыз

4-топ: ортақ

Мысалы: тыңдалым тапсырмасы .«Сауда» тақырыбындағы мәтінді тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жұмыс жүргізеді

«Төрт сөйлем» тәсілі

1. Пікір.

Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.

2. Дәлел.

Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

3. Мысал.

Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.

4. Қорытынды

Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыз.

Ойлаудың алты қалпағы

«Ақ қалпақ» киген оқушы қажетті ақпаратты анықтап сөйлейді.

«Сары қалпақ» киген оқушы тақырыптың тиімділігін сендіре айтады.

«Қара қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша кемшіліктерді анықтайды.

«Қызыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша болжам жасайды.

«Жасыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша креативті, жаңа идеялар айтады.

«Көк қалпақ» киген оқушы тақырыпқа сараптама жасайды. Айтылым тапсырмасы «Екі жақты сауда қатынастары» мәтіні негізінде «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы өз ойларыңызды айтыңыздар, өзгенің пікірін бағалаңыздар.

«ПОПС» формуласы

1. Бірінші сөйлем *«Менің ойымша, ... »*

2. Екінші сөйлем *«Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »*

3. Үшінші сөйлем *«Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »*

4. Соңғы сөйлем *«Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»*. Оқылым тапсырмасы. Мәтінді оқып, сауда туралы өз ойларыңызды жүйелі жеткізіп, пікір айтып, бағалаңыздар. «ПОПС» формуласын пайдаланыңыздар.

Оқушылардың оқу белсендігін арттырып, әрі сабақта оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тиімді әдістердің бірі Блум таксономиясын қолдану.

Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан: адами мінездеменің өзгеруі мен бірқалыптылығы және білім беру мақсаттарын жүйелеу.

Таксономия– белгілі бір критерийлер мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады.

Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық процесінің қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістерінің мәні – оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады. Сабақ жоспарын Блум таксономиясына салып, бағдарламада белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ қызығушылықтарын түсініп, оқытудың жаңа тәсілдерін тиімді және орынды пайдаланып, оқушы бойында ішкі уәж тудырып, өз қабілеттеріне сенім арттырып, ол өз кезегінде жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне әсер етеді деп күтілді [12].

Оқу мақсаттарының негізгі категориялары:

- 1) Білім;
- 2) Түсіну;
- 3) Қолдану;
- 4) Талдау;

5) Синтез (жүйелеу, жинақтау);

6) Бағалау.

I. Білу.

Таным мен ойлау деңгейі – төмен деңгей. Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.

II Түсіну.

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Оқу материалын түсінгендіктің ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады:

Трансляция – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, математикалық формуланы сөзбен айтып беру; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.);

Интерпретация – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау;

Жорамалдау – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.

III Қолдану.

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа жағдаятта қолданады. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері материалды тереңірек игеруді талап етеді.

IV Талдау

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын көрсетеді.

V Синтез (жинақтау, жүйелеу).

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

VI Бағалау

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей

Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді [12].

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясы». Бұл технология Кеңес өкіметі кезінде 1973жылдан, Қазақстанда 1997 жылдан бері таныла бастады. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте

қолданылады. Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. «Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы» RWCT Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір-түпкірінен жинақталған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Кезінде жоба ретінде ұсынылып, көпшіліктің қолдауын тапқан бұл технологияда Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, Эльконин-Давыдовтардың және басқа да ғалымдардың еңбектерінің ең құнды жерлері көрініс тауып, идеялар тоғысып, біріктірілген іспетті.

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізде Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне енгізілген.

Бұл ұғым белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сыни деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Технология жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырғанда нәтижесі жақсы болды.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Оны үйрету үшін төмендегі іс-шаралар орындалуы шарт:

- 1) уақыт керек;
- 2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- 3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- 4) үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- 5) кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау;
- 6) оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
- 7) бағалау.

Ал оқушылардан осыған байланысты:

- сенімділікпен жұмыс жасау;
- бар ынтасымен оқуға берілу;
- пікірлерді тыңдау, құрметтеу;
- өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет.

Тек сонда ғана олар:

- мен осы мәселе туралы не ойлаймын?

- осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы осы мәселе туралы білетіні сәйкес пе?

- осы ақпаратты үйрене отырып мен бірдеңе жасай аламын ба?

- маған бұл жаңа ойлар, идеялар қаншалықты әсер етті? деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау – әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Мақсаты: Барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұнға сын тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сабақтарға үйрету. Бұл бағдарлама оқулықтардың талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден – бір тиімді технология. Сын тұрғысынан ойлау (бұдан әрі – СТО) технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өзінің педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа деген де көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды.

Сыни ойлау сабағының құрылымдық формуласы 3 кезеңнен (ERR) тұрады:

I. Қызығушылығын ояту («көпір жасау», ой қозғау). Эвокация – қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы. Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды. Сабақтың мазмұнына сай алынған стратегиялар арқылы оқушылардың ойы шыңдалып, ашылады. Сабаққа белсенділігі, ынта-жігері артады. Бұл кезеңде мұғалім жаңа ақпаратты таныстырады. Тақырып бойынша жұмыс жасауға негіз болады. Таңдап алынған стратегияларға байланысты өз бетімен білім алуға көмектеседі.

II. Мағынаны таныту (мағынаны ажырату). Реализация – оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. Мағынаны тану кезеңі негізгі кезең сондықтан оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіндіреді.

III. Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады). Рефлексия тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды. Оқып, білгендерін таразылайды.

Келесі құрылымы: ER ( ERR) R. Бұдан шығатын тұжырым: сабақ кезеңі тізбектей ғана емес, айналмалы циклді құрылым. Білім берудің маңызды шарты оқу процесінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлықтарын дамыту болып табылады. СТО – дамыту сабақтарының мақсаты біреу нақты сабаққа байланысты. Міндеттері үш түрлі болады. Олар: мазмұнға байланысты, технологияны дамытуға байланысты, топпен жұмысқа байланысты. Сабақ құрылымы үш кезеңнен тұрғанымен, ондағы қолданылатын



стратегиялар ауыса береді. Ал, кейбір стратегиялар кезеңге нақты арналған (7-кесте). Сол себептен, орынымен пайдаланған ұтымдырақ болады. Сабақ кезеңдері байланысты қолданылатын стратегияларға тоқталып өтейік:

7-кесте – Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары

Сабақ кезеңдері	Қолданылатын стратегиялар
Қызығушылығын ояту	Болжау кестесі, Тірек сөздер, Венн диаграммасы, Т кестесі, Бір айналым күнделік, Блум таксаномиясы, Миға шабуыл, Топтастыру
Мағынаны тану кезеңі	Т кестесі, Пікір – талас, Аквариум, INSERT, RAFT, ДЖИК СО, Куббизм, Геометриялық фигуралар, Бір айналым сұхбат, Түртіп алу, Жұпта талқылау, Бағытталған оқу, Талдау картасы, Топтастыру
Ой толғаныс кезеңі	Эссе, Топтастыру, Пирамида, Құндылық сызығы, Т кестесі, Sinkuein немесе бес жолды өлең, RAFT, Түйін сөз, Семантикалық карта, Концептуалды таблица, Бір айналым сұхбат.

*Дереккөзі: Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы*

СТО технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз – философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады. Технологияны пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік зертхананы жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жазу мен оқу арқылы сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында қолданып жүрген стратегиялардың мүмкіншіліктеріне тоқталайық:

*РАФТ.* Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. РАФТ оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді, ресми іс қағаздары жөнінде түсініктері қалыптаса түседі.

Жуан-жіңішке сұрақтар: оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. Бұл дегеніміз, оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені, оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа оқушылардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

Қосжазба күнделігі: мәтінде берілген оқиғаларға өзінің пікір жазады, ендеше, оның сөздік қоры молаяды, кейіпкердің жан дүниесін түсінуге тырысады.

Осындай жұмыстар арқылы ең әуелі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, бір-бірімен пікір алмасып, сөздік қоры молаяды, еркін сөйлеу, өз ойларын жеткізе білу дағдылары қалыптасады, оқулықпен жұмыс істеуге, бір-біріне жүйелі сұрақ қоя білуге дағдыланады. Бұл кестедегі көрсеткіштер арқылы технологияның мүмкіндіктері негізінде оқушының субъект ретінде қаншалықты өскенін аңғаруға болады.

*Миға шабуыл стратегиясы* – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандарты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Мұғалім топ құрады да, қандай да бір проблеманың шешімін табуды өтінеді (айтады). Барлық оқушылар өз пікірлерін айта бастағанда, ешкім оның ойын бөліп, өз пікірін айта алмайды және бағаланбайды. Іс тәжірибеден байқағанда бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер яғни шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады. Қағидасы:

- ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды;
- жұмыс пікірдің сапасына емес санына бағытталған (неғұрлым пікір көп болса, соғұрлым нақты шешім қабылдауға таңдау болады);
- барлық пікірлер «бір ауыз сөзбен» жазылып отырғаны жақсы;
- белгіленген уақыт сақталуы тиіс.

*ДЖИК СО стратегиясы* – ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты: жалпы мәселені алдымен жұпта сосын ұжымда талқылау. Қолданылуы: Алдымен сынып 4 топқа бөлініп отырады – бұл жұмыс немесе бастапқы топтар деп аталады. Бірдей мәтін бөлігін алған оқушылар енді сарапшы немесе жанұя топтарын құрады, яғни сарапшы топтар басқа топ құрады, мәтіннің бірдей бөліктерін талдайды. Төрт логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін бірлер, 2-бөлігін екілер, 3-бөлігін үшіншілер, 4,5-бөліктерін бесінші және төртінші топқа бөлінетін оқушылар алады. Келесі кезекте бастапқы топтар қайта табысып, үйреніп келген бөліктерінің мазмұнын ортаға салады.

INSERT немесе түртіп алу стратегиясы – түртіп алу әдісі. Қолдарына қарындаш алып, «v»- білемін, «+» - білмеймін, «-» - мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды - деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап,

білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады.

*Куббизм стратегиясы* – ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандайда бір затты жан-жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жаңа білім қосады. Кубикпен жұпта немесе топта жұмыс жасайды.

*Sinkiein немесе бес жолды өлең стратегиясы* – оқушы берілген тапсырма бойынша өлең құрастырады.

Кім?- Ана

Қандай? -Мейірімді, ақылды

Не істеді? -Бағады, тәрбиелейді, өсіреді.

Түйін -Ағайын — алтау, ана –біреу.

Синоним- Адам

*Геометриялық фигуралар стратегиясы* – бұл стратегияның құралдары геометриялық пішіндер. Мақсаты: оқушының сөздік қорын, әдеби, мәдени сөйлеу тілін, күрделі ойлау қабілетін дамыту. Себебі бала оқылып отырған мәтіннің кейіпкерлерінің мінез-құлқына, сипаттама бере отырып қорытынды жасайды. Кейіпкерлерді түрлі фигуралардың сипатына қарай ұқсастығын табады. Жұмыс жұпта немесе топта орындалады.

Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой-толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны да, жаңа бір әлемнің жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады. Бұрынғы қолданылған оқыту әдістерінде мұғалім басты орын алып оқушы тек тыңдаушы ғана болса, қазіргі сын тұрғысынан шыңдалған ойлаудың арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақты ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау – өте күрделі маңызды құбылыс [13].

Командалық оқыту «Team teaching» – бұл оқушылардың оқуын жетілдірудегі ортақ мақсатқа жету үшін екі оқытушының бірлесе жұмыс атқаруы. Бірлесе оқыту екі педагогтің жұптаса өзіндік тәжірибені дамыту мен оқытудың үздік түрі болып табылады.

Топтық оқытуда екі мұғалімнің оқыту тақырыптары тең дәрежеде бөлінеді. Оқыту мақсаттары кіріктірілген оқыту бағдарламасында көрсетіліп, ол басшылыққа алына отырып, сабақ барысындағы іс-әрекеттер талқыланады. Сабақ типтеріне сай екі мұғалімнің: қазақ тілі және әдебиет пәндерінен сабақ беретін мұғалімдердің сабақ барысындағы рөлдері айқындалып, оқушыларға жеткізу әдістемелері мен тәсілдері ортаға салынады.Топтық оқыту әдістемесінде екі мұғалімнің рөлі, атқаратын іс-әрекеттері тең дәрежеде өтуі қажет. Жоспарлау кезінде жекелеген оқушылар мен топтарға көмек, қолдау тиімді бөлінуін қадағалауымыз керек. Екі мұғалім арасындағы ынтымақтастық пен байланыс сынып атмосферасына әсер етеді, сондықтан мұғалім арасындағы ауысу қалыпты өтуі шарт.

Сабақ барысындағы іс-әрекетті анықтай отырып, оқушыларға берілетін тапсырмалар жиынтығы да қарастырылады. Мұғалім бағыт беруші рөлін ойнайды, ал ол оқушыларға сыни тұрғыда және зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру сияқты нақты тапсырмаларға құрылады . Оқушылардың нақты

міндеттері айқын, оларға қойылатын талаптар да сондай болуы шарт. Бұл оқушылардың практикалық дағдыларын қалыптастыруда әсер етеді.

Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL) әдісін Еуропалық комиссия 2004-2006 жылдарға арналған Еуропада көптілді білімді дамыту іс-қимылдар шеңберінде ұсынған. Аталмыш әдіс үздіксіз өзгеріс үстіндегі жаһандану заманында мектеп түлектерінің бәсекеге қабілеттіліктерінің бір белгісі болып табылатын тілдерді және басқа тілдерде пәндерді игеру жүзеге асыру үшін әзірленген.

CLIL әдісі тілдік пән емес мұғалімдерінің пәндік мазмұнды екінші және үшінші тілде оқытуды білдіреді. Халықаралық тәжірибе мұндай әдістің орынды пайдаланған жағдайда жақсы нәтиже беретінін көрсеткен. Өйткені, пән мазмұны мен тілді оқыту өзара терең байланысты болады. Екеуі де ойлау қабілеті мен оқуды жақсарту үшін маңызды. Мағыналық мазмұнды талқылау мақсатымен басқалармен өзара әрекеттесу үшін тілді пайдалана отырып, адамдар өздерінің ойлау қабілеттерін жақсартады, бұл өз кезегінде олардың оқу қабілетін жақсартуына септігін тигізуі мүмкін. Осылайша бала біріншіден, «математика», «тарих» немесе химия сияқты пәндік салаларға тән академиялық тілді, оған тән терминология мен грамматикалық ережелерді игереді, екіншіден екінші немесе үшінші тілде тиісті мәнмәтінде өмірдегідей тікелей араласу үшін пайдалануға үйренеді.

CLIL әдісін қолдануда 4 «С» ескеру қажет: content (мазмұны), communication (жанасушылық), cognition (ойлау қабілеттері), culture (мәдениеттану білімдері). Сонымен қатар, CLIL әдісінің ұстанымдарында 5 аспекті айырықша айқындайды:

- мәдени аспект;
- әлеуметтік аспект;
- тілдік аспект;
- пәндік аспект;
- оқыту аспекті.

Әр аспект оқушылардың жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік тілдік ортасына сай іске асырылады. Оқу материалын таңдау анықтаған курс құрылымына байланысты болады. Мәтінді өңдеу тапсырмалары пәндік мазмұнын түсінуге, оқушыларды түсіну процесіне, мәтіннің басты мақсатын талқылауға оны тексеруге бағыттайтындай болу керек.

Тапсырмалар тілдік формалардың ерекшелігін көрсетіп, оқушыларды оларды жасай алуға, қолдана алуға, өз-өзін бағалау, бір-бірін бағалау сияқты түрлі бағалау мен тексеру түрлерін пайдалануға дағдыландыру керек.

Тапсырмалар оқушыларды өзіндік, шығармашыл әрекетіне, коммуникативтік тапсырмалар олардың ауызша және жазба қарым-қатынас жасауға ынталандыру керек.

Кіріктірілген оқытуда грамматикаға қарағанда лексика мен мазмұнға баса назар аударады.

«Диалогтік оқыту» оқушылардың ойын толық, ашық, әрі нақты жеткізуге көмегін тигізеді. Оқушылар арасында сұхбаттың пайда болуына сабақ кезінде орындауға қызықты тапсырмалар өз септігін тигізеді. Мысалы, қазақ тілі

сабағында «сан есім» тақырыбын қарастыратын болсақ, оқушылар қолына берілген материалдарда: «Сан есімдерді қолданып, көршіңмен жұп болып «Кездесу» ойынын ойна»; «Сан есімдерді пайдаланып, аның немесе әкеңнің мерейтойына арнап құттықтау жаз да, оны ашық хат бетіне түсір» және т.б.қызықты тапсырмалар кездесуі балалардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Берілген тапсырмаларды қызу талқылып, шығармашылықпен орындауларына түрткі болады. Берілген тапсырма бойынша жағдаяттық сұрақтардың қойылуы ол тапсырманы орындау барысында топ ішінде қызу пікірталастың тууына, оқушылардың ортаға түрлі пікірлер тастауына себепші болып, олардың сөйлеу мәдениетін дамытады.

Диалог – оқушының өзін еркін және жайлы сезінетін ортасы. Жанға жайлы, жағымда көңіл-күй сыйлайтын әңгіме алаңында әрбір оқушы өзін жақсы сезініп, шешіліп сөйлеп, құнды пікірлермен алмасып, шығармашылық қабілеттерін шыңдай алады. Диалогтік, коммуникативтік атмосфера оқушының жаңа тақырыпты игеруіне себепкер болып қана қоймай, бала бойында жеке тұлғаға тән қасиеттердің қалыптасуына да жағдай жасайды. Диалог – бұл ақиқатты бірлесіп іздейтін жол. Диалог кезінде адам бойында кездесетін сыйластық, жанашырлық, түсінісушілік секілді тамаша қасиеттер қалыптасады. Диалог барысында әрбір оқушы тақырыпты қалай қабылдап отырғандығы көрсете алады, сондай-ақ, басқа балалардың осы тақырыпқа деген мүлдем басқа ой-пікірлері мен тың көзқарастарының бар екендігін көре алады. Диалогтік оқыту ұстаздарға шәкірттерінің білім деңгейінің қандай дәрежеде тұрғандығын бірден байқауға мүмкіндік береді.

Диалог барысында оқушылар сыни ойлауға, қолдағы бар ақпаратты қолдана отырып, нақты жағдаяты талдау арқылы пікірлерді салыстыруға, дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. «Диалогтік әдістер» қолданылған сабақтарда оқушылар көбірек ойланып, жиі сұхбаттасады, ойлау және сөйлеу мәдениеттерін белсенді түрде қалыптастырады. Нәтижесінде оқушылар жаңа білім алады, оны тәжірибеде қолдануды үйренеді. Топтық жұмыс барысында оқушылар сұхбаттасу кезінде өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға дағдыланады. Кластер құру тапсырмасы берілген кезде оқушылар арасында диалог қызу түрде жүреді. Зерттеушілік жұмыс барысында топтағы оқушылардың әрбіреуі өз пікірін айтып, кластерді қорғау жоспарын жасайды. Бірігіп жасалған жұмыс нәтижесін көрсететін «оқушы-оқушы» диалогі пайда болады. Оқыту диалогінде бір ғана көшбасшы болады. Ол – мұғалім. Ал оқушылар диалогінде көшбасшылық оқушыдан оқушыға ауысып отырады. Кейде ол мұғалімнен оқушыға да ауысып отыруы мүмкін.

«Диалогтік оқыту» әдіс-тәсілі қолданылған сабақтарда оқушылардың өздерін мүлдем өзгеше ұстағаны байқалды. Олар бір-бірлерінен қысылып-қымтырылмай көп сұрақтар қойып, өздері сирек араласатын сыныптастарынан көмек сұрай алды. Бір-бірімен мүлдем араласпайтын екі оқушының қазақ тілі және әдебиеті сабағында бірігіп постер жасап, оны қалай қорғау керектігін жұп болып талдап отырғанын байқауға болады.

Бір қарағанда диалогсіз оқытудың болуы мүмкін емес секілді көрінеді. Алайда, диалогтің компьютерлік тестілеу, интернет-емтихандар, қашықтықтан

оқытудың көмегімен кейін қарай ысырылып қалу қауіпі де жоқ емес. Бір бойына жанды сөз, қызу пікірталас, ашық эмоция, кері байланыс, танымға деген қызығушылықты сыйдырған диалогті «өнер атаулының биігі» деп айтсақ та артық болмас емес пе? Өнер болғанда да, ата-бабаларымыздан мұра болып қалған, әрбіріміздің бойымызда кездесуі міндет болып саналатын өнер емес пе?

Қорытындылай келсек, «Диалогтік оқыту» әдісі дегеніміз:

- оқушының сұраққа дұрыс жауап беруге үйренуі;
- оқушының сұхбат жүргізуге үйренуі;
- оқушының өз ойын жеткізуге үйренуі;
- оқушының сөздік қорының баюуы, дүниетанымының кеңеюі.

Оқыту диалогі – мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің ең маңызды бөлігі. Сондықтан, сұхбаттың бұл түріне күнделікті өмірдегі сұхбаттан гөрі өзгеше көзқарас қажет [14].

Мұндай жұмыс түрлері мұғалімнен жоғары әдіскерлік шеберлікті, жоғары кәсіби деңгейді талап етеді.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, ойын еркін білдіру, тиімді шешімдер қабылдауға жеке тұлғаны қалыптастыру. Мақсатты жүзеге асыру үшін, түрлі тәсілдер, әдістер және инновациялық технологияларды қолдануымыз керек. Әр ұстаздың жаңартылған білім мазмұны аясында жаңа технологияларды пайдалануы білім сапасын тереңдетіп, кіріктірілген қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылығын арттыра түседі.

#### **4 «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)» кіріктірілген пәндері бойынша оқушылардың білімдерін бағалау**

Бағалау – оқыту мен үйретуді жасаушы процес. Бағалау процесі оқушылар жетістігі үшін негізгі элемент болады: пәннің мазмұнын түсіну, білім алу, дағдыларды жетілдіру, жауапкершілік пен оқыту қызметіндегі тәсілдерді қалыптастыру. Бағалау оқушының ілгерілеу ақпаратын қамтамасыз етіп қоймай, ынтымақтастықта болуына, өзіндік байланыс жасауына, жоспару үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Әлемдегі бағалау жүйелерінің көпшілігі – нормативті, яғни қандай да бір белгіленген нормамен салыстыру арқылы бағаланады. Білім берудің кіріктірілген бағдарламасына енетін пәндер бойынша оқушының жетістіктерін бағалау критериалды бағалау арқылы іске асырылады. Критериалдық бағалау жүйесі нормативті бағалау жүйесіне жатады. Критериалдық бағалау жүйесі Халықаралық бакалавриат мектептерінде кең қолданылады. Бұл бағалау жүйесі – білім алушының құзыреттілігін дамытуға, тұлғаның қалыптасуына бағытталған бағалау жүйесі.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру процесіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Критериалды бағалауда оқушы өнімділігі алдын ала белгіленген критерийлердің бекітілген жиынтығына қарағанда өзгеше өлшенеді. Бұл оқушылардың жетістіктері сыныптағы оқушылардың жетістіктеріне қатысты бағаланатын нормаға таңылған бағалаудан ерекшеленеді. Критериалды бағалау мұғалімдердің өз оқушылары қол жеткізген жетістіктері туралы сенімді, дұрыс, ақиқатқа негізделген пайымдаулар жасай алуына және сыныпта тиімді тәжірибенің насихатталуына кепілдік береді.

Критериалды бағалау моделі барлық мүдделі тараптар үшін – мектеп басшылары, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар үшін құнды ақпараттар ұсынады. Бағалау мүмкіндіктерін анықтау үшін уақыт бөлу, нәтижелерді ақылға салып, салыстырып және жазып алғаннан кейін ақпараттың оқыту мен оқудың сапасын арттыру жолында дұрыс қолдану үшін берілуінің маңызы зор.

Бағалау өлшемшарттары – оқытудың мақсаты бағаланған және ара қатынасына сәйкес белгіленген белгі (сипаттама).

Өлшемшарттар – оқушы жұмысының орындалған деңгейін анықтау үшін қолданылатын негізгі көрсеткіш. Пәндік нұсқаулықтарда әр пән тобы бойынша қорытынды бағалауға қолданылатын бағалау өлшемдері берілген. Өлшемдер бір мағыналы және айқын болуы шарт.

Жетістік критерийі – мұғалімдер мен оқушылардың оқу мақсатына жеткенін мойындауына мүмкіндік беретін ұстаным. Жетістік критерийлері талап етілетін білім тереңдігі мен ауқымы анық болатындай деңгейде өзгеше болуы бірақ оқудың нақты қалай көрсетілуі қажеттілігін белгілейтіндей

соншалықты нақты болмауы тиіс. Олар сыныпқа және сәйкес келуі қажет және тиіс жағдайларды оқу мақсатының бір бөлігі қанағаттандыратын табысты қарастыра алады.

Жақсы жетістік критерийлері нақты және өлшеулі талаптар қояды, қысқа және анық идеяларды мазмұндайды, ауқымды көлемдегі қосымша жұмысты қажет етпейді. Оқушылар тапсырманы орындай алатынын көрсетсе, мақсатқа жетуі тиіс «бағыттағы жұмыс үшін» жетістік критерийлері олар тапсырманы орындай алмайтындай болмауы тиіс. Жетістік критерийлері олардың не жасай алатынын сипаттау керек.

Критериалды бағалау бүгінгі білім беру жүйесінде зор маңызға ие. Өйткені қазір оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзыреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасау, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Критериалды бағалау бұл мақсаттар мен міндеттердің барлық талаптарына сай орайластырылған.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

- алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
- анық, айқындылығы;
- бағаның әділдігі;
- өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі<sup>7</sup>

Критериалды бағалау сабақтың өн бойында жүзеге асып отырады. Алдымен топтық жұмысты бағалауда өте тиімді. Өйткені топ жұмысын өлшемшарттарымен (критерийлермен) бағалау жұмыстың нәтижелілігіне және оқушылардың бір-бірін бағалау арқылы өз пікірлерін ортаға салып, еркін жеткізуіне алып келеді. Пікірін еркін айту, басқалардың жұмысына бағасын беру өмірге бейімділіктерін арттыра берері сөзсіз. Бағалау парағы топқа тапсырмамен бірге ұсынылатын болғандықтан, оқушылар басқа топты бағалар алдында өз тапсырмаларын орындауда сол өлшемшарттарды басшылыққа алады.

Критериалдық жүйе қолданысында білім алушының оқудағы жетістіктерін тексеру үшін бағалаудың келесі түрлері мен формалары қарастырылған:

Қалыптастырушы және жиынтық бағалау:

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқу процесінде оқушылардың ағымдағы білім деңгейлерін анықтау үшін және мұғалім мен оқушы арасында өзара байланысты орнату үшін қолданылады.

Жиынтық бағалау бұл білімді жалпылау, қорытындылау кезінде, тараудың немесе модульдің соңында, немесе таным процесінің қандай да бір сатысында оқушының жетістіктерін бағалау үшін қолданылады.

Қалыптастырушы бағалау:

1. Күнделікті оқу процесі кезінде жүргізіледі (өздік жұмыстар, тесттер т.б.);
2. Оқушыға өз жұмыстарын өңдеуге және жоғары нәтижеге жетуге көмектеседі;
3. Мұғалімге оқушының материалды меңгергені туралы ақпарат жинақтауға, талдауға және жоспарлауға мүмкіндік береді.



Жиынтық бағалау:

1. Әрбір бөлім соңында өткізіледі (бақылау жұмысы немесе қорытынды сынақ жұмысы );

2. Оқушыларға әрбір бөлім бойынша өз білім деңгейлерін көрсетуге мүмкіндік береді

3. Мұғалімге оқушылардың жетістіктері туралы қорытынды пікір жасауға және қорытынды бағаны қоюға мүмкіндік береді.

Формативті/қалыптастырушы бағалауды көбінесе «оқушының дүниені тануын бағалау және білім беруді жақсарту үшін бағалау» деп атайды, себебі, ол оқушының жеке басының дамуы мен қалыптасуына көмектеседі. Бұл бағалау жүйесі мұғалімнің әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік береді, оқушының материалды меңгермегендігін басынан-ақ байқауына, оқушы білімін диагностикалауына мүмкіндік беріп, мұғалімге оқу процесін басқаша ұйымдастыруға көмектеседі, ал оқушыға – өзінің білім алуына деген үлкен жауапкершілікті сезінуді жүктейді.

Бағалау – бұл оқушының ілгерілеу дәрежесін анықтаудан гөрі кең ауқымдағы нәрсе. Бағалау оқушының өзінің таным процесіне қызығушылығын арттырып, оны алға жетелейді. Осы орайда формативті бағалау басқа бағалау әдістеріне қарағанда оқушыға материалды тереңірек түсінуіне көмектеседі, сонымен қатар сол материалды сараптап, өмірде қалай қолдануға болатындығы туралы ойлануын дамытады.

Суммативті (немесе жиынтық/қорытынды) бағалау бұл білімді жалпылау, қорытындылау (жиынтық/қорытындылау бағасы) кезінде қолданылатын, тараудың немесе блоктың соңында, немесе таным процесінің қандай да бір сатысында оқушының өткен шақтағы жетістіктерін қарастыру үшін қолданылатын және сабақ оқытудан салыстырмалы түрде тысқары, қандай да бір уақыт аралықтарында өткізіліп отыратын жетістіктер деңгейінің қорытындысын шығаруда, есеп беруде қолданылатын бағалау түрі. Бағалаудың бұл түрі формативті бағалаумен салыстырғанда оқушының қызығушылығын оята қоймайды.

Формативті бағалау суммативті бағалаумен салыстырғанда оқушы мен мұғалім арасында кері байланысты жылдам қамтамасыз етеді. Формативті бағалаудың маңызды компоненттерінің тағы бір түрі – өзін-өзі бағалау және өзара бағалау. Өзін-өзі бағалау– өзіне-өзі баға қоймаумен, бірақ бағалау қызметімен байланысты бағалау әрекетінің бір түрі. Ол тапсырманы орындау үдерісі сипаттамасымен, яғни оның оң және теріс жақтары, әсіресе, ұпайлармен тығыз байланысты. Мұғалім оқушыға өзін-өзі бағалаудың төмендегідей алгоритмін ұсына алады:

1. Тапсырманы орындауда нені жасау қажет? Мақсат қандай болды? Қандай нәтиже алу қажет болды?

2. Нәтиже алу мүмкін болды ма? Шешу жолы, жауабы табылды ма?

3. Тапсырманың барлығын дұрыс орындады ма, әлде қателер жіберді ме?

4. Толығымен жеке орындады ма, әлде біреудің көмегіне сүйенді ме?

5. Тапсырманы орындау барысында қандай біліктіліктер дамыды? Егер тапсырманы орындай алмаса, онда қандай қателер жіберілді және бұл қиындықтар неден туындады?

Әр мұғалім сабақ барысында оқушылардың кез-келген сабақтың соңында міндетті түрде қандай әсер алғанын анықтау үшін рефлексия жасатып, оны стикерге жазып ілдіру, эссе жазғызу, "Екі жұлдыз, бір тілек", «Қосу, алу, қызықты», «Білемін, үйрендім, білгім келеді...» әдістерін және смайликтерді қолдану арқылы қалыптастырушы бағалау жүргізіп отыруы қажет. Мектеп тәжірибесінде жеке тұлғаның шегініс жасау арқылы күнделікті әрекетіне бағалау жасайтын жеке бас күнделігінің болуының да маңызы зор. Бұл күнделіктің ересек жастағы оқушылардың дамуы мен өсіп-жетілуі жөнінде көп мәліметтер берері сөзсіз.

Формативті бағалаудың тағы бір маңызды компоненттерінің бірі – кері байланыс әрекеті деуге болады. Кері байланыс әрекеті ауызша және жазбаша түрде жүзеге асырылады.

Формативті бағалау шеңберінде мұғалімдерге оқушылардың жетістік деңгейін тексеріп отыратындай, қандай да бір қабілетін айқындайтын тестілеу, және көптеген елдерде қолданылып жүрген әдістер мен формалар ұсынылады. Формативті бағалау әдістемесін қолдану қазіргі таңда мұғалім жұмысын бағалаудың жаңа жүйесінің маңызды өлшемшарттары (критерийлері) болып табылады.

Рефлексия кезінде алған білімдерді бекіту жүзеге асады, жаңа ұғымдарды енгізумен бірге белсенді қайта құруды елестету, «менімен сәйкес келетін» білімді меншіктеу сияқты жаңа мағына туындайды, ұзақ мерзімді білім қалыптасады. Оқушылар өз ойларын сөзбен жеткізуге тырысады немесе графиктік түрде (яғни ақпаратты меншіктейді) еркін дәйектілейді, өз пікірлері мен ойларын басқа оқушылармен бөліседі, (әртүрлі көрсетілімдермен танысады) өз жеке бастарының көзқарастарын сараптайды.

Барлық сабақтың аясында нәтижелері жазылып отырылатын қалыптастырушы бағалау жүре бермейді. Оқушылар баға алмас бұрын, дағдыларды меңгеруге мүмкіндік алуы керек. Оқу мақсаттарының күрделілігіне қарай оқыту мен бағалау бір сабақ барысында немесе бірнеше сабақ бойы өтуі мүмкін.

Қалыптастырушы бағалау үшін қолданылатын жаттығуды таңдаған соң мұғалім бағалау жөніндегі нұсқаулыққа сүйене отырып, оқушылардың оқу мақсатына «жеткенін» немесе әлі де «талпынуда» екенін анықтауға арналған жетістік критерийлерін анықтайды. Оқу мақсатында «талпынудағы» оқушылар үшін сол ақпараттың негізінде бұдан кейінгі сабақтарды бейімдей алады. Сабақ жоспарында мұғалім:

- тиісті оқу мақсаттарын анық, түсінікті түрде тұжырымдауға;
- сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөлшектерін қамтуға;
- логикалық жағынан реттелген және оқушылар мен сабақ мақсаттарына сай келетін кезеңдер, жаттығулар мен тапсырмалар туралы толық ақпарат ұсынуға;

- мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тиісті стратегияларды анықтап, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуға;

- тиісті материалдар мен ресурстарды пайдалануды жоспарлауға тиіс.

Мысал ретінде Назарбаев зияткерлік мектебінің төменде қалыптастырушы бағалауға арналған бірнеше тапсырмаларын ұсынамыз.

Тапсырма: Топтарға 2 түрлі ас мәзірі беріледі. Берілген суретті мәтінге айналдыру тапсырылады (мәтіндерін ақ қағазға жазып, сынып қабырғасына іліп қойғандары дұрыс) 5-сурет.

**Ас мәзірі**

**Салаттар**

- Ашылан қосылған руккола
- «Цезарь салаты»
- Сияр еті, қияр, қызанақ, соя тұздығы
- Тілмен микс салаты
- Апельсин қосылған ақсерке салаты
- Самса сияр етімен
- Самса қозы етімен

**Сорпалар**

- Көксерке балығынан сорпа
- «Теніз сүті»
- Қой етінен сорпа
- Кеспе қосылған тауық етінен сорпа
- Қуырлықтан нан мен жасымықтан қайнатылған қою сорпа
- Теніз өнімдері қосылған кеспе
- «Болонь еза» тұздығы қосылған кеспе

**Ас мәзірі**

**Негізгі тағамдар**

- Лагман
- Палау
- Мәңгі
- Қуырдақ
- Мүкжидек тұздығындағы үйрек
- Гүлтен қосылған тауық төс еті

**Кәуаптар**

- Жылқы етінен кәуап
- Қой етінен кәуап
- Қабырға кәуабы
- Қырма кәуабы

**Балалар ас мәзірі**

- Сияр етінен сорпа
- Ірімшік қосылған құймақшалар
- «Айгөлек» көтпе
- Көкөні теріс қосылған «Вегетта» пиццасы
- Саңырауқұлақтар қосылған «Вегетта» пиццасы
- Тауық еті қосылған «Альпина» пиццасы

5-сурет – Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма.  
Дереккөзі: izdenis.kz сайтынан / критериялды бағалау – сапалы білім өлшемі.

- ас мәзіріне қарай отырып, мәтін жазыңыз;
- өзге топтың жұмысын оқып танысыңыз, бағалау парағын толтырыңыз.

Бағалау парағы: (7-кесте.Бос торкөздерге комментарий жазылады).

7-кесте – Бағалау парағы

критерий	1-топ	2-топ
төл сөзді сөйлем қолданды		
төлеу сөзді сөйлем қолданды		
тыныс белгісі дұрыс қойылған		
ойы жүйелі		
сөйлемдердің құрылысы талапқа сай		
өмірге қажетті ақпарат айтылды		
15 ұпайды 2 топқа өз қалауларыңызбен бөліп, бағалаңыз		

*Дереккөзі: izdenis.kz сайтынан / критериалды бағалау – сапалы білім өлшемі.*

Сабақ процесінде формативті/қалыптастырушы бағалау (қол шапалақтау, жұлдызша беру) ынталандыру мақсатында жүзеге асып отыратын сабақтың негізгі бөлшегі болып саналады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мұндай бағалау түрлерін грамматикамен байланыстырып жіберу өте тиімді.

1-тапсырма: «Юрск дәуірінің саябағы» фильмінің трейлеріне дубляж жасау (трейлерді көрсете тұрып, қазақ тілінде дубляж жасайды) 6-сурет.



6-сурет - «Юрск дәуірінің саябағы» фильмінен суреттер  
 Дереккөзі: izdenis.kz сайтынан / критериалды бағалау – сапалы білім өлшемі.

Сынып оқушыларының бағалауы: (формативті бағалау)

*Сіздерге сыныптастарыңыздың жұмысты орындауы қаншалықты ұнады?*

*(1 сын есім айту)*

*Қандай сөз есіңізде қалды? (1 зат есім айту)*

*Қандай баға қояр едіңіз? (1 сан есім айту)*

Критериалды бағалауға арналған жұмыстарын жүргізуде де үнемі жүзеге асып отырады. Оқушылар жұмысты орындамас бұрын дескрипторларға назар

аударды. Өзінің қандай білік-дағдыны қалыптастыруда жұмыс орындағанын ұғынып отырады .

Сабақтың тақырыбы: *Жұмыс әлемі*

Оқыту мақсаттары:

T2 Сөздер мен терминдердің мағынасын түсіну

Ж2 Көркемдегіш құралдарды пайдаланып жазу

8-кесте – Жетістік критерийлері

Оқыту мақсаттары	критерийлері	жетті	талпынды	қорытынды	
				жетті	талпынды
T 2	1.Қарапайым мәтінді түсінеді.				
	2.Өмірге қажетті ақпаратты анықтай алады.				
Ж 2	1.Көркемдегіш құралды орынды қолданады.				
	2.Мазмұнын өз бетімен әсерлі жаза алады.				

*Дереккөзі: izdenis.kz сайтынан / критериалды бағалау – сапалы білім өлшемі.*

Сабақтың мақсаты:Қарапайым, қысқа мәтіндерді түсінеді және тыңдай отырып, күнделікті өмірге қажетті ақпараттарды анықтайды

Жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, өз ойын әсерлі (тиімді) жазады.

Тыңдалым:«Жұман етікші» анимациялық фильмін көреді.

1. Мәтіндегі кейіпкерлердің атын жазыңыз.

---



---



---

2. Мәтінге қатысты 3 сұрақ әзірлеңіз.

3. Жоспарға сүйене отырып, қысқаша мазмұнын жазыңыз.

А) Жұман –етікші

Ә) Отбасын асырау қамы

Б) Қалада

В) Дию мен етікші

Г) Асыл тастар

4. Өмірде маңызды орын алатын қандай құндылықтарды байқадыңыз.

Тақырыбы: *Тағам*

Оқыту мақсаты:

Ж5 Тыныс белгілерін және сөйлем құрылымын нормаға сай қолдану

9-кесте – Жетістік критерийлері

Оқыту мақсаттары	Критерийлері	жетті	талпынды	қорытынды	
				жетті	талпынды
				Ж 5	1.Өз ойын еркін жеткізуде төл сөзді орынды қолданады.
	2.Төлеу сөзді орынды қолданады.				
	1.Тыныс белгілерін дұрыс қойып жазады.				

Дереккөзі: [izdenis.kz](http://izdenis.kz) сайтынан / критериялды бағалау – сапалы білім өлшемі.

Сабақтың мақсаты: Өз ойын еркін жеткізуде төл сөз, төлеу сөз және автор сөздерін орынды қолданады, тыныс белгілерін дұрыс қойып жазады.

Тапсырма: төмендегі тіркестерді пайдалана отырып, «Мейрамханада» тақырыбына шағын мәтін құрастырыңыз. Төл сөзді, төлеу сөзді сөйлемдерді қолданыңыз.

*Мейрамханада бас киімді шешу, ас ішерде қол жуу, тамақты тез жеу, майлы тағамды көп жеу, ас дайындаған адамға алғыс білдіру, тамақты төгіп-шашып жеу, қасықты дұрыс ұстау тез әзірленетін тағам жеу, қасыққа толтыра жеу, сораптап ішу, ас қайыру, даяшыға дәрекілік танытпау*

Бір тарауды қорытындылау кезінде оқушыларға берілетін өзіндік жұмыстарда да критериалды бағалаудың қолданылуы нәтижелі.

Бөлім тақырыбы: Сызықша, тырнақша, қос нүкте

1-тапсырма Берілген өлеңді пайдалана отырып шағын сценарий жазып көріңіз (7-сурет):

- тақырып қойыңыз	1 ұпай
- жақша қойылатын сөйлемдер болуы міндетті	3 ұпай
- сөйлемді ықшамдап қолдануға байланысты қойылатын сызықшаның да болуын ескеріңіз	3 ұпай
- сауатты жазылуы, сыни тұрғыдан ойлай алу	3 ұпай



7-сурет – Сценарий жазу

Дереккөзі: izdenis.kz сайтынан / критериалды бағалау – сапалы білім өлшемі.

Махамбеттің Жәңгірге айтқаны:

Хан емессің, Қасқырсың,

Қас албасты басқырсың,

Достарың келіп табалап,

Дұшпаның сені басқа ұрсын!

Хан емессің, ылаңсың,

Қара шұбар жылансың.

.....  
.....

2-тапсырма

Берілген суреттерді пайдалана отырып сөйлем құраңыз. Әрбір сөйлемде тырнақшаның 3 жағдайда қойылуын ескеріңіз (8-сурет).



8-сурет – Сөйлемдер құраңыз

Дереккөзі: izdenis.kz сайтынан / критериалды бағалау – сапалы білім өлшемі.

1.....

2.....

3.....

4.....

3-тапсырма. Өзіңіздің қалауыңыз бойынша жоғарыда аталған тұлғалардың біреуін таңдап, кесене жобасын жасап көріңіз. (суретін салыңыз) Сонан соң жобаңызды түсіндіріп жазыңыз. Қос нүктелі сөйлемдер болуы міндетті: 1) түсіндірмелі салаластан кейін 2) жалпылауыш мүше +бірыңғай мүше 3) автор сөзі: -төл сөз (10-кесте).

10-кесте – Жоба жасаңыз

Кесене жобасы (3-ұпай)	Сөйлем (3-ұпай)
	1.
	2.
	3.

Бағалау

1-тапсырма тах 10 ұпай	2-тапсырма тах 12 ұпай	3-тапсырма тах 6 ұпай	Барлығы тах 28 ұпай	Бағасы 24-28 «5» 19-24 «4» 12-18 «3»

Дереккөзі: izdenis.kz сайтынан / критериалды бағалау – сапалы білім өлшемі.

11-кесте – Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма.

7-сынып, 1-тоқсан, 1-бөлім Саяхат. Көріктіжерлер.

Оқыту мақсаттары	критерийлері	Тапсырма



<p>А6</p> <p>Әртүрлі тақырыптар бойынша өз ойын әсерлі жеткізеді және өзгенің пікірін бағалайды.</p>	<p>-әртүрлі тақырыптар бойынша өз ойын әсерлі жеткізе алады. өзгенің пікірін бағалап, қорытынды жасай алады.</p> <p>-әртүрлі тақырыптар бойынша өз ойын түсінікті түрде жеткізе алады.</p>	<p>«Көршімен сұхбат»</p> <p><i>Жұптарға отбасы тақырыбына байланысты бірнеше тақырып ұсынылады.</i></p> <table border="1" data-bbox="662 376 1141 728"> <tr> <td></td> <td>1</td> <td></td> <td>3</td> <td>4</td> <td>5</td> <td>6</td> </tr> <tr> <td>досың</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>анаң</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>көршің</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>өзің</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>әкең</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>інің</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p><i>Тапсырма:</i></p> <p>1. Ұсынылған суреттерге қарай отырып, кестеде берілген адамдардың жанына қай спорт түрімен және қандай демалысты таңдайтындықтарын еске түсіріп, белгі қойыңыз.</p> <p>2. Сол белгілердің негізінде көршіңізге осы адамдардың қандай спортпен және қалай демалатындықтарын айтып беріңіз.</p>		1		3	4	5	6	досың							анаң							көршің							өзің							әкең							інің						
	1		3	4	5	6																																													
досың																																																			
анаң																																																			
көршің																																																			
өзің																																																			
әкең																																																			
інің																																																			

Оқыту мақсаттары	критерийлері	Тапсырма
<p>Ж1</p> <p>Ауызша, жазбаша (ресми, бейресми) стиль түрлерін қолдана</p>	<p>- саяхат тақырыбына қатысты сөздерді орынды қолдана алады. хат құрылы</p>	<p><i>Берілген хат мәтінін оқып, ондағы кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыға назар аударыңыз!</i></p> <p><i>Мәтіндегі кіріспе мен қорытынды бөлімді өз хатыңда пайдаланып, негізгі бөлімге өз ақпаратыңды қолданып, хат жазыңыз.</i></p> <p>Бексұлтанқызы Маржан</p>

<p>отырып, хабарлан дыру, өтініш, күнделік, сенімхат, қолхат, сұхбат, эссе түрлерін жүйелі жазады.</p>	<p>мын сақтайды. хаттағы негізгі бөлім көлемі 50- 60 сөз.</p> <p>- хатта баяндаған ойы түсініксіз.</p> <p>хаттағы негізгі бөлім көлемі 50 сөзден аз.</p>	<p>Достық даңғылы, 83</p> <p>Алматы қаласы</p> <p>1 маусым, 2003 жыл</p> <p>Сәлеметсің бе, досым?</p> <p>Қалың қалай? Көптен бері сенімен хабарласа алмағаным айып етпе. Мен ата-анаммен демалуға Бурабайға жол жүріп кеттім. Сенің хатыңды жаңа көріп, қатты қуандым. Өзіңнің қалың қалай, қандай жаңалықтарың бар? Жазғы демалысты қалай өткіздің?</p> <p>Менің жазғы демалысымды сөз етсем, мен жазғы демалысымда үнемі қыдырдым. Ата-анамда менің қыдыруыма қарсы болған жоқ. Демалыста өз туған жерімде жүргенде киноға, паркке, демалыс орындарына жіберіп тұрды. Демалыстың бірінші айы өткен соң Елордамыз Астанаға және Алматы сияқты қалаларға жіберді. Мен ол жақтарға барған соң көптеген жерлермен танысып, бір марқайып қайттым. Кей балалар секілді сабақты ұмытып кеткен жоқпын. Қолыма кітап алмаған күнім болмады. Сабақты үздік оқыған соң М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын, көптеген ертегі, аңыз-әңгімелер, т.б кітап, журнал оқыдым. Бірақ та мен лагерьге барған емеспін. Аллаһ қаласа, алдағы жылдың жаз айларында анам мені лагерьге жіберемін деп уәде еткен. Сабақты үздік бітіріп шет елдерге қыдыру, тарихи мұралары бар жәдігерлерді өз көзіммен көру менің басты армандарымның бірі. Туған жеріме келген соң «М-агент» интернетте отырамын. Ал енді басты мақсатым тек қана сабақ. 6 жыл бойы үздік оқып, 7-сыныпта да</p>
--	--	--

		осындай нәтижемен бітіруіме күш саламын. Енді сенен жаңалықтар күтемін, сен жазғы демалысыңды қалай өткізгеніңді білгім келеді. Құрметпен, [аты-жөні]
--	--	---

Дереккөзі: Назарбаев Зияткерлік мектептері, ДББҰ, 2015 жыл

12-кесте – Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма.

8-сынып, 1-тоқсан, 1-бөлім. Спорт және демалыс

Оқыту мақсаттары	критерийлері	Тапсырма												
Ж1 Ауызша, жазбаша стильдерінен әйкес (ресми, бейресми), ұсыныс хат, өмірбаян, хабарлама, жаңалық, жарнама, сұхбат, эссе түрлерін жазады.	-жазба жұмысының түріне сәйкес стилін сақтайды. сауаттылықты барынша сақтап (80%), тыныс белгілерді орындайды. қолданады. -жазба жұмысының түріне сәйкес стилін сақтайды.	Тапсырма жұптық жұмыс түрінде орындалады (әр жұп бір тапсырма түрін таңдайды). <i>Тапсырма:</i> 1.Қаламыздағы «Шахтер» футбол стадионын байланыстыра отырып, футболды насихаттап, аналитикалық хат жазыңыз. «РАФТ» стратегиясын пайдаланыңыз.												
		<table border="1"> <thead> <tr> <th>Кімге?</th> <th>Кімнен?</th> <th>Не туралы?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Футбол ойыншыларына</td> <td>Оқушылардан</td> <td>Футбол ойынында жетістікке жету сыры туралы</td> </tr> <tr> <td>Жаттықтырушыға</td> <td>спортшылардан</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Жанкүйерлерге</td> <td>дан</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Кімге?	Кімнен?	Не туралы?	Футбол ойыншыларына	Оқушылардан	Футбол ойынында жетістікке жету сыры туралы	Жаттықтырушыға	спортшылардан		Жанкүйерлерге	дан	
Кімге?	Кімнен?	Не туралы?												
Футбол ойыншыларына	Оқушылардан	Футбол ойынында жетістікке жету сыры туралы												
Жаттықтырушыға	спортшылардан													
Жанкүйерлерге	дан													

Оқыту мақсаттары	критерийлері	Тапсырма
<p>ОЗ</p> <p>Шығарма ның желісі бойынша сұрақтар құрастырады және өзіндік ой қорытындысын жасайды.</p>	<p>-мәтін бойынша сұрақтар құрастыра алады.</p> <p>сұраққа дәлелін негіздеп жауап бере алады.</p> <p>-мәтін бойынша бірнеше сұрақ құрастыра алады.</p> <p>жауап толық емес.</p>	<p><i>Мәтінді оқып, сұрақтар құрастырыңыз. Жұбыңызбен сұрақтарыңызбен алмасып, оның сұрақтарына жауап беріңіз.</i></p> <p>Туризм (франц.<i>tourisme</i>, <i>tour</i>– серуендеу, жол жүру) – адамның бос уақытындағы саяхаты, белсенді демалыстың бір түрі.</p> <p>Туризм– халықтың қажеттілігінен (денсаулығын жақсарту, күш-қуатын қалпына келтіру, т.б.) пайда болады. Туризм адамдардың қарым-қатынасын, танымдық қабілетін арттырып, мәдениетпен өнердің дамуына, ел экономикасының өркендеуіне өзіндік үлесін қосып, ел мәртебесін әлемге танытуға мүмкіндік туғызады. Ел ішінде саяхат жасау ішкі туризм, ал шетелге саяхатқа шығу халықаралық (шетелдік) туризм; саяхат мақсатына қарай: экологиялық, ойын-сауық, танымдық, спорттық, балалар туризмі болып бөлінеді.</p> <p>Демалудың бір түрі – белсенді туризм. Шаршағанды басуға көмектесетін тек қана жағажайдағы демалу емес, жүйке-жүйе мен физикалық төзімділікті қалыптастырады. Көптеген адамдар таулардың сұлулығын, шығанақтарды, сарқырамаларды көргісі келеді, таулы өзендер де жүзгісі келеді, тау шаңғысымен немесе жылқымен жүргісі келеді және осы арқылы белсенді туризмге үйренеді. Көп уақытта белсенді туризм табиғатқа немесе спортқа тікелей қатысты болып келеді. Белсенді туризм және табиғатта демалу – қазіргі уақытта танымал. Белсенді туризм бұл шаңғы, ат,</p>

		велосипедті пайдалану арқылы пайда болған туризм түрі болып табылады.
Оқыту мақсаттары	Критерийлері	Тапсырма
Ж5. Өз ойынеркін орындықолданады, тыныс белгілерін дұрыс қойып жазады.	-тыныс белгілерін дұрыс қоя алады.  (80% сауаттылы қ)  -төл және төлеу сөзді дұрыс қолдана алады.	1.Бақытты отбасы туралы диалог құрады.  2.Өз ойларын толық қағазға түсіреді (төл сөз бен төлеу сөзді тыныс белгілерімен дұрыс қолдану керек)

Оқыту мақсаттары	критерийлері	Тапсырма
T5 Бейнефильм, деректі фильм материалдарындағы сөйлеушінің сөйлеу мәнерін тындайды және түсінеді	-материалдағы сөйлеушінің сөйлеу мәнерін жалпы мазмұныны түсінеді.  -берілген сұрақтарға өз түсінгені және көзқарасы бойынша жауап бере алады.  -материалдағы сөйлеушінің сөйлеу мәнерін түсінеді.	Оқушылар тыңдалым барысында комментаторлардың спорттық шараны баяндауы туралы дәптерлеріне жазып, келесі сұрақтар бойынша тапсырма орындайды:  1.Сөйлеуші кім? 2.Бұл сөйлесім қай жерде жүзеге асып жатыр? 3.Сөйлесім қандай спорт түріне байланысты болып жатыр? 4.Сөйлеушінің сөзі кімдерге арналған? 5. Сөйлеушінің қандай маңызды ойды жеткізбекші болып жатыр?

	<p>-берілген сұрақтарға жауап бергенімен, жауабы нақты толық емес.</p>	<p>6. Сөйлеушінің сыртқы түрі мен киімі сөйлеу тақырыбына қаншалықты сәйкес келеді?</p> <p>7. Тыңдалымда тақырыпқа сәйкес қандай сөздер қолданылды?</p> <p>8. Тақырыпқа қатысты қандай ақпарат айтылмай қалды деп ойлайсыз?</p> <p>9. Сөйлеушінің көзқарасы қандай?</p> <p>10. Сөйлесім құралымының (кіріспе, негізгі, қорытынды)</p>
--	--	---

Оқыту мақсаттары	критерийлері	Тапсырма
<p>Ж2</p> <p>Жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, ойын әсерлі (тиімді) жазады.</p>	<p>-сауатты жазады (80%айқын), жай және құрмалас сөйлемдерді ажыратады;</p> <p>-тыныс белгілерін дұрыс қояды (80%сауаттылық)</p> <p>- төл және төлеу сөзді сәйкесінше пайдаланады.</p>	<p>Қазақстан спорты» тақырыбына жай, құрмалас сөйлемдерді қатыстырып, диалог жаз.</p>  

		Илья Ильинмен жүгізілген сұхбатты төл сөз, төлеу сөздерді қолданып мәтін жаз.
--	--	---

Оқыту мақсаттары	критерийлері	Тапсырма				
<p>А4</p> <p>Кез келген тақырыпта өз ойын жеткізеді.</p> <p>Т2</p> <p>Мәтіндерден (мақалалар, сұхбаттар, аудиовизуалды материалдар) үзінділер тыңдау, негізгі ақпаратты, түрлі символдар және олардың мағыналарын түсінеді</p> <p>О6</p> <p>Мәтіндерді жанр бойынша салыстырады.</p>	<p>-қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді түсінеді.</p> <p>мәтіндерді өзара байланыстырып талдау жасай алады.</p> <p>-мәтіндерге талдау жасағанымен өзара байланыспаған.</p> <p>-зерттеу нәтижесінде қорытынды ұсыныс жаза алады. (90-100 сөз)</p> <p>-өз ойын дәлелді жеткізе алады.</p> <p>сөйлемдер арасында пунктуацияны орынды</p>	<p><i>Берілген мәтіндерді оқи отырып кестені толтырыңыздар.</i></p> <p><i>Мәтіндерді өзара байланыстыра отырып талдау жасаңыздар.</i></p> <table border="1" data-bbox="794 840 1481 929"> <tr> <td>1-әңгіме</td> <td>2-әңгіме</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p><i>Сыныпта жасалған зерттеуден соң, зерттелген мәдениет немесе дін дәстүрлерінің элементтерін осы жылғы Жаңа жылды атап өтуде қолдануға не себепті келісетіндігін сипаттай отырып, бір беттік ұсыныс жазыңыз. Зерттеген дәстүрлерінің қай аспектілері басқа мәдениеттермен не себепте сәйкес еместігін қарастырып, оларға құрметпен қарауларына көз жеткізулеріңіз тиіс.</i></p> <p><i>Ескерту: зерттеген Жаңа жыл дәстүрінің арлық элементін ұсыныс ретінде алу маңызды емес.</i></p> <p><i>Төменде берілген әр сөйлемді өз сөздеріңізбен қайта жазыңыз. Сөйлемдеріңізді берілген сөздермен</i></p>	1-әңгіме	2-әңгіме		
1-әңгіме	2-әңгіме					

<p>Ж6</p> <p>Бейнекөрініс, аудио, ақпараттық құралдар материалдарының мазмұны бойынша сценарий жазды</p>	<p>қолданады.</p> <p>-зерттеу жұмысы бойынша ұсыныс анық емес. пунктуациялық нормаға сай емес.</p>	<p><i>бастаңыз.</i></p> <p>а) Ұлт дәстүрі бойынша әйелдер күйеуінің ұлыстарының атына тамай, өзін елайықты аты қойып: «мырзаға», «биаға», «тентегім», «шырайлым» т.б. деп атайды.</p> <p>Әйелдер _____</p>
<p>Ж5</p> <p>Даралаушы, ерекшеленуші, сөйлемнің ара жігін ажыратушы тыныс белгілерді орынды қолданады.</p>		
<p>О5</p> <p>Медиа құралдар мен ғаламтор көздерінен алынған таныс емес ақпараттарға анализ жасайды.</p>		
<p>Ж2</p> <p>Оқиға құрылысын</p>		



көркемдегіш құралдарды (композиция) қолдана отырып сипаттап жазады.		
---	--	--

Дереккөзі: Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ, 2015 жыл

13-кесте – Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма  
9-сынып, 1-тоқсан, 1-бөлім. Мәдениет – ойын-сауық

Оқыту мақсаттары	критерийлері	Тапсырма			
А4 Кез келген тақырыпта өз ойын жеткізеді.	-берілген тақырып бойынша сұхбат барысында өз ойын еркін жеткізе алады.  -берілген тақырып бойынша ойы анық емес.	<i>Театр, мұражай, саяхат, кітапхана, боулинг, стадион тақырыбында сұхбат құраңыздар.</i>			
		Түсінік картасы бойынша 5 оқушыны таңдап, олармен диалогқа түсіңіз. Ойын-сауық жөнінде сұхбат жүргізіңіз. Кестені толығымен толтырыңыз.			
			Қай ойын-сауық түрі?  Неліктен?	Ерекшелігі неде?	Осы ойын-сауық түрінің актуалдығы неде?
	1-оқушы				

Оқыту мақсаттары	критерийлері	Тапсырма
О1 Сөйлесімдегі негізгі ойды	-берілген тақырып бойынша өз көзқарасын дәлелдер келтіру арқылы дәлелдей	<i>Эссе жазыңыз.</i>  «Қазіргі қоғамның негізгі тірегі – жастар. Алайда кейінгі жылдары біздің жастардың батыстан келген субмәдениетке еліктеуі айқын байқалады.

<p>анықтайды, қорытындысын шығарады.</p> <p>A4</p> <p>Кез келген тақырыпта өз ойын жеткізеді.</p> <p>Ж1</p> <p>Таңдаған стиль түрін қолдана отырып, қоғамдық-әлеуметтік, әдеби-мәдени тақырыптарға қатысты іскерлік хат және эссе түрлерін талапқа сай сыни көзқараспен жазады.</p>	<p>алады.</p> <p>-эссенің талаптарын қатаң сақтайды (кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім)</p> <p>-өз көзқарасын білдіруде дәлелдері кем болды.</p> <p>-эссе талаптарына сай болмады.</p>	<p>Қалай ойлайсыз, осы жастардың субмәдениетке еліктеуі қаншалықты қоғам үшін қауіпті? Оның алдын алатын шаралар бар ма?»</p>
---	--	---

14-кесте – Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма

11-сынып, 1-тоқсан, 1-бөлім. Қазіргі қоғам: Қазақстандағы әлеуметтік теңсіздік

Оқыту мақсаттары	Критерийлері	Тапсырма
<p>Об</p> <p>Шығарма тақырыбын, кейіпкерлерін әлем әдебиеті</p>	<p>-шығарма мәтінімен таныс,</p> <p>-сұрақтарға жауап бере алады.</p>	<p><i>М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі мен</i></p> <p><i>А.И. Куприннің «Детский сад» әңгімесін салыстырыңыз.</i></p> <p>1. Екі шығармадағы әлеуметтік теңсіздік мәселесінің суреттелу</p>

шығармалары тақырыбымен, кейіпкерлерімен салыстырады, талдайды.	-мәтінмен таныс емес, сұрақтарға жауап беруде қиналады.	ерекшелігі қандай? 2. Бас кейіпкерлердің тағдырын салыстырыңыз. 3. Екі шығармадағы ұқсастықтарға тоқталыңыз.
---	---	--

Оқыту мақсаттары	критерийлері	Тапсырма
ЖЗ Медиа құралдарындағы (постерлер, ақпарат құралдардары, жарнама, бейнекөрініс, аудио) оқиға мазмұнын зерттеп, ғаламдық тақырыптармен үндестіріп, көлемді әңгіме, мәтін, мақала, баяндама, үндеу хат жазады.	-көзқарасын мысалдармен дәлелдей алады.  -көзқарасын білдіруде жүйелілік сақталмаған.	<a href="http://www.youtube.com/watch?v=XvR9acQSLe4">http://www.youtube.com/watch?v=XvR9acQSLe4</a>  <i>Бейнебаянның негізгі ойын түсініп, мақала жазыңыз.</i>  Тақырыбы: «Білім мен біліктілік – өз әлеуметтік қорғаның!».

Оқыту мақсаттары	критерийлері	Тапсырма
A1 Сөйлесім барысында кез келген тақырыпта термин сөздерді тиімді қолданып, өз	-әр сұраққа өз пікірін айта алады. өзге пікірмен келісетінін немесе келіспейтінін дәлелдейді.  3-тем кем сұраққа жауап береді.	



пікірін басқа пікірлермен салыстыра отырып жүйелі жеткізе алады.	жауаптарында дәлел жоқ.	
--	-------------------------	--

Сабақ процесінде өтілетін тақырыпқа байланысты немесе топқа орындауға берілген тапсырмаға өлшемшарттар (критерийлер) құрылады. Ол – нәтижеге қол жеткізудің ең тиімді жолы. Жетістік критерийін дайындап, берілген тапсырма орындалып болған соң, топ мүшелері өз есімдерін жазып, әрбір критерий бойынша өздерін бағалайды. Сабақ барысында дайын үлгілерді топқа ұсынып, бірлесіп критерий құруын тапсырылады. Оқушылар алдымен топта ақылдаса отырып, өз ойларын ортаға салады. Сонан соң сынып оқушыларымен түгел бірлесе отырып өлшемшарттарды (критерийлерді) нақтылап алады[9].

Критериалды бағалаудың тәжірибелік маңызы төмендегі артықшылықтармен белгіленеді:

- жеке тұлға емес, оқушының жұмысы бағаланады;
- оқушы жұмысы алдын-ала белгілі өлшемшарттар (критерийлер) бойынша бағаланады;

- бағалау өлшемшарттар (критерийлері) нақты оқыту мақсаттарын айқындайды, сондықтан оқушыларға баға оқып, зерделенген материал бойынша ғана қойылады.

- өзінің оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін және ата-аналарына осы ақпараттарды жеткізу үшін оқушыға нақты бағалау алгоритімі белгілі.

- оқушының оқуға деген және өзін-өзі бағалауға ынтасы артады.

Критериалды бағалау:

*Мұғалімдерге:*

1. Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
2. Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
3. Білім беру сапасын арттыруға;
4. Оқытудың сапасын жақсартуға;
5. Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
6. Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
7. Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді

*Оқушыларға:*

1. Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;
2. Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
3. Өзінің және өз сыныптастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;

4. Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

*Ата-аналарға:*

1. өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;
2. оқушының оқудағы прогресін қадағалауға;
3. оқу процесінде оқушыға қолдау көрсетуге;
4. мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;
5. баласының мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына мүмкіндік береді.[15].

*Критериалды бағалау моделіндегі бағалау тұжырымдары*

Кез келген бағалау нақты, сенімді, қолайлы болуы тиіс және сыныптағы тәжірибе мен оқыту үшін оң әсері болуы тиіс. Бұл ұғымдар критериалды бағалау моделінде маңызды болып табылады және барлық оқу процесі барысында мұғалімдердің бағалау нысандарын бағалауда қолданылады.

Әдетте мұғалім өзінің кәсіби уақытының шамамен төрттен бір бөлігін, тіпті үшін бір бөлігіне дейін бағалауға байланысты іс-әрекетке жұмсайды. Критериалды бағалауды жақсы түсінген және қолданған жағдайда оң бағалау тәжірибесін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

## 5 «Көркем еңбек» кіріктірілген пәндерін оқыту кезіндегі тәсілдер мен принциптер

Қоғамда болып жатқан қарқынды өзгерістер мектеп өміріне серпінді өзгерістер енгізуде, яғни пәндердің мазмұнына, оқыту жүйесіне жаңалықтар кіргізу жүзеге асырылуда. Оқытудың бастауыш деңгейінде пәндерді кіріктіру тиімді болып табылады, өйткені бастауыш сынып оқушылары үшін көптеген заттардың арасында шекара болмауына байланысты, қоршаған ортаны біртұтас қалпында қабылдайды. Сондықтан да, қазіргі кезде еңбекке баулуды бейнелеу өнерімен біріктіру, құрастыру түріндегі жұмыстарды «Математика» және басқа пәндерге енгізу тәжірибесі кең таралуда.

Пәндерді кіріктіріп оқыту әдісі қазіргі кездегі білім берудің маңызды қажеттілігі болып қабылдануда. Оқу пәндері бойынша бағдарламаларды талдау жұмысы, пәндердің мазмұнында бір біріне ұқсас тақырыптардың көптеп кездесетінін көрсетті. Алайда, бұл тақырыптарды оқу уақыты және қарастырылатын мәселелердің мазмұны бойынша сәйкессіздіктер кездеседі. Пәндердің арасындағы бұндай кедергілерді болдырмау үшін, оларды негізгі ұғымдар мен тақырыптар айналасында біріктіруге болады. Бұл жағдай пәннің мазмұнын жан-жақты қарастыруға, олардың өзара байланысын ашуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныптарда пәндерді кіріктірудің өзіндік ерекшеліктері бар, себебі түрлі заттар мен құбылыстарды жергілікті және жекелеп қарастырудан, оларды өзара байланыстырып кешенді оқуға мүмкіндік береді. Кіріктіру жүйесін енгізу жан-жақты білімді, тұтас дүниетанымдық көзқарасы бар, алған білімін өздігінен бір жүйеге келтіре алатын және мәселелерді шешудің өзіндік жолын таба білетін адам тәрбиелеуге ықпал етеді. Сонымен бірге кіріктіріп оқытуды өзара бір біріне жақын салаларды біріктіру арқылы жүзеге асыру қажет.

Кіріктірілген «Көркем еңбек» пәнінде еңбекке баулу мен бейнелеу өнері бір-бірін өзара толықтырып отырады, сонымен қатар оқушылардың технологиялық мәдениетін, техникалық-технологиялық құзыреттілігін және шығармашығын дамытуды жүзеге асыруды қарастырады.

Бұл пәннен оқушылар алғашқы көркем материалдарды меңгеріп, еңбек әрекетінің және бейнелеу өнерінің технологиясын үйренеді [17].

Бастауыш сынып оқушылары нысанды бақылауға (зерттеуге), бақыланған нысанның қасиеті мен сапасын анықтауға, баға беруге үйренеді. Сонымен қатар, қоршаған ортасын жан-жақты зерттей отырып түрлі суреттер салып, оның құрылысын құрастырады немесе оның бейнесін мүсіндей отырып дайын өнім шығарады, олардың назарын қоршаған ортадағы адамдардың кәсібіне, суретшілерге қажет маңызды іскерліктер: өмірді суретші көзімен көре білу, әрбір көрген затты көңілімен қабылдау, адамның істеріне, туған жердің әсемдігін түсіне білуіне, ол өнімдердің қандай техникамен жасағандарын дәлелдеп, жұмысты қорғайды, ол жайлы жаңылтпаштар, жұмбақтар, тақпақтар, өлеңдер айтады. «Көркем еңбек» пәнінен зат жасауда, яғни қандайда бір өнімді алу үшін оның дәстүрлі түрлері қарастырылады: мысалы, өнім алу процесінде

оны құрастыруды, көркемдік жағын, жұмыс нәтижесін, оған қолданатын заттарды таңдай біледі. Балалардың психологиялық, жас ерекшеліктері ескеріледі, білім беру процесінің нәтижесінде дәстүрлі іс-әрекеттің көріністерінде күнделікті қайталауға, бекітуге және білімдерін тереңдетуге болады. Сонымен қатар, тақырыптар сыныптан сыныпқа қарай тереңдетіліп отырады.

Бейнелеу өнері мен еңбекке баулу сабақтарының бір тақырыпқа біріктірілуі балалардың табиғатты, қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдауына, кез келген нақты істі орындау барысында оқушының бойында шеберліктің бастамасын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Пәнді оқу барысында алға қойылатын басты мақсат қолдың моторикасын дамытуға қажетті жаттығулар жасауға арналған қызықты бұйымдарды жасау ғана емес, сонымен бірге шеберлік арқылы жоғары рухани байлық пен ақыл-парасатты қалыптастыру.

«Көркем еңбек» кіріктірілген пәнін оқытуды жоспарлауға қойылатын талаптар:

- бір оқу жылында сыныпта өтілетін кіріктірілген сабақтар жүйесін анықтау;

- әр сабақты жоспарлау барысында басты және қосалқы мақсаттарды белгілеп отыру;

- басты мақсатқа жетуге ықпал ететін тақырыптардың мазмұнын қосымша ақпаратпен толықтыру, сабақтың мазмұнын модельдеу;

- сабақтың түрін, құрылымын, қолданылатын әдіс-тәсілдерді, оқыту құралдарын, оқу іс-әрекетін ұйымдастыру түрлерін алдын-ала мұқият жоспарлау;

- балалардың сабақтан алатын әсерінің, олардың білім, білік және дағдысы үшін ұтымды болуы.

«Әдіс» (грек тілінде «бір нәрсеге жетудің жолы») – мақсатқа жету тәсілі, білім алу тәсілі деген мағынаны білдіреді.

Педагог-ғалым Ю.К.Бабанский оқыту әдістерінің түрлерін үш үлкен топқа бөлген:

- оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдісі;

- оқу-танымдық іс-әрекетіне ынталандыру;

- оқу-танымдық іс-әрекетінің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау әдісі.

М.А.Данилов және Б.П.Есипов оқыту әдістерін үш топқа жіктейді:

- жаңа білім алу әдістері;

- білімді тәжірибеде қолдану бойынша біліктер мен дағдылар қалыптастыру әдістері;

- білім, білік және дағдыны бақылау мен бағалау әдістері.

XX ғасырдың 65-ші жылдарында И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин келесі әдістерді ұсынды және бұл әдістер қазіргі заман талабына сәйкес келіп, маңызды болып отыр:

Педагогикада әдіс ұғымы – мақсатқа жету жолы деген мағынаны білдіреді. Жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында білім мазмұнын

анықтаудың әдістерін келесі тұрғыда топтауға болады: кіріктіру әдістері, жас ерекшелігін ескеру әдісі, мәдениеттендіру әдісі, экологиялық әдіс, өлкетану әдісі, білімнің жеңілден ауырға, нақтыдан белгісізге қарай берілу әдісі.

*Кіріктіру әдістері* – ғылыми-жаратылыстанулық білім мен адам әрекетінің түрлері және қоғам туралы ұғымдар кіріктіріліп біртұтастықта берілуі. Адам, табиғат, қоғам бөлек қаралмай, адамның іс-әрекеті үнемі табиғи ортада, қоғамда (отбасында, мектепте, қоғамда, табиғатта, т. б.) бір-бірімен байланыста қаралады. Заттар, нысандар, құбылыстар туралы мағлұматтар беру кезінде де адам әрекеті солармен бірлікте, байланыста қаралады. Кіріктіру «адам – табиғат – қоғам» ретінде ғана емес, «адам – заттар», «адам – басқа адамдар», «адам – отбасы», «адам – оның шығармашылық әрекеттері», сонымен қатар пәндерді кіріктіру арқылы да жүзеге асады.

*Жас ерекшелігін ескеру әдісі*– бастауыш сынып оқушыларының ұғымына жеңіл, психологиялық ерекшеліктеріне лайықты, білім деңгейлеріне сай келетін және олардың өмір тәжірибесін есепке алатын материалдар қамтылады.

*Мәдениеттендіру әдісі*– оқушылардың жалпы мәдениетін көтеруге баса көңіл бөлініп, жекебас гигиенасынан бастап, жергілікті мәдени орталықтармен таныстыру, жалпы халықтық мәдениет туралы мәліметтер беру көзделіп, бағдарламаға әдебиет, сәулет, өнер, ғылым адамдары туралы мазмұн енгізіледі.

*Экологиялық әдіс* – әр сынып сайын оқушының өзін-өзі байқауы, өз әрекеттерін басқаның пайдалы әрекет өлшемдерімен салыстыруына мүмкіндік беріледі. Оқушылардың табиғатқа, адамдарға, бүкіл қоршаған ортаға жағымды, мәдени, адами қатысын қалыптастыру көзделеді.

*Өлкетану әдісі*– сынып сайын әрбір тарауды оқыту үнемі жергілікті материалдармен тығыз байланыста қарастырылады.

*Білімнің жеңілден ауырға, нақтыдан белгісізге қарай берілу әдісі*– оқушылардың келешекте оқу пәндерін меңгеруге дайындық деңгейлерінің дамуына көңіл бөлінеді.

Оқыту әдістері дегенді оқу материалын зерделеу арқылы нақты бір мақсатқа жету үшін, мұғалім мен оқушының арасындағы өзара әрекет деп те түсіндіруге болады.

*Репродуктивті әдіс* – мұғалім оқушыларға білімді, іс-әрекет тәсілдерін, есептің шығарылу жолдарын, тәжірибелерді еске түсіруге немесе қайта жаңғыртуға арналған тапсырмалар құрастырады, осылайша бұрын өтілген оқу материалын оқушы белсенді түрде еске түсіреді: сұрақтарға жауап береді, есептерді шығарады, есепті шығарудың өзіндік жолдарын ұсынады, сондай-ақ «Көркем еңбек» пәнінде орындалатын жұмыстардың өзіндік нұсқаларын көрсетеді, нәтижесінде білімді өз күшімен, өз бетінше іздену арқылы алады.

*Проблемалық баяндау әдісі* – әр түрлі дереккөздер мен құралдарды пайдалана отырып мұғалім оқушыларға проблемалық мәселе қояды. Оқушылардың мақсаты әр түрлі көзқарастарды, тәсілдерді салыстыру арқылы өзіндік дәлелдеу жолын, жүйесін ұсыну, қойылған проблемалық мәселені шешу жолын көрсету, яғни оқушы ғылыми ізденіске қатысушы және орындаушы болады. Бастауыш сыныпта проблемалық мәселелерді «неліктен?» «неге?» т.б.



сұрақтар қою арқылы жүзеге асыруға болады. Мысалы, «Инжугүл» құттықтау ашық хатын (9-сурет) әзірлеу барысында:

- Бұл ашық хатты қандай мерекеге сыйлауға болады деп ойлайсындар?
- Неліктен 8-наурызға сыйлағыларың келеді?



9-сурет -«Инжугүл» ашық хаты

Оқытудың проблемалық әдісі оқушылардың шығармашылық және ойлау әрекеті нәтижесінде жүзеге асатын нақты мәселелер қоюды қарастырады. Бұл әдіс оқушыларға ғылыми таным логикасын ашуға, проблемалық сұрақтар, жағдаяттар қою арқылы болжам жасауға, пікір айтуға көмектеседі, әртүрлі тәжірибелер, эксперименттер жасау, бақылаулар жүргізу нәтижесінде болжамның дұрыстығын дәлелдеуге немесе теріске шығаруға, өз бетінше негізделген қорытындылар жасауға үйретеді. Сонымен бірге мұғалім түсіндіру, әңгімелесу, көрсету, бақылау жүргізу және тәжірибе жасау әдістерін қолдануы тиіс. Бұның бәрі оқушыларды ғылыми ізденіске тарта отырып, олардың ойлау қабілеттерін белсендендіреді, оларды болжауға және эксперименттер жүргізуге тарту арқылы проблемалық жағдай тудырады, дегенмен балалардың жас ерекшелігін есепке алып отыру қажет.

Көркем еңбек сабақтарында көрнекіліктер есте сақтауды белсендендіру үшін ғана қолданылмайды, сонымен қатар сабақ барысында эксперименттік мәселелер мен проблемалық жағдаяттар туындату үшін де қолданылады.

Оқу танымдық шығармашылық дағдыларды дамыту мақсатында көпшілік жағдайларда проблемалық әдіс қолданылады, олар оқушылардың білімді саналы және өз бетінше игеруіне жағдай жасайды.

Бұл әдіс оқушыларға ғылыми танымның логикасын ашуға көмектеседі. Проблемалық әдіс элементтерін бастауыш мектептің 3-сыныбында кіргізе бастауға болады. Мысалы, кемелерді модельдеу барысында мұғалім тәжірибелер көрсету арқылы оқушылардың алдына нақты проблемалар қояды. Су құйылған стақанға бір тілім жұқалтыр (фольга) салады. Балалар жұқалтырдың судың түбіне кететінін бақылайды.

Неліктен жұқалтыр батады? Балалар өз ойларын айтады: жұқалтыр – ауыр материал, сондықтан да суға батады. Мұғалім сол жұқалтырдан қорапша жасайды және оны стақандағы суға түп жағымен еппен салады. Балалар бұл жағдайда жұқалтырдың батпай, стақандағы судың бетінде қалықтап тұрғанын

байқайды. Осылайша проблемалық жағдаят туындайды. Ауыр материалдар әрдайым суға батады деп айтылған ой жоққа шығарылады. Ендеше жұқалтырдың суға бату себебі материалда емес, басқа жағдайға байланысты болып тұр. Мұғалім оқушыларға тағы да бір тілім жұқалтырды және жұқалтырдан жасалған қорапшаны мұқият қарауды, олардың арасындағы айырмашылықты табуды ұсынады. Оқушылар бұл заттардың пішінінде ғана айырмашылықтың барын анықтайды: бір тілім жұқалтыр тегіс жазық пішінді, ал жұқалтырдан жасалған қорапшаның пішіні – көлемді бос дене. Бос денелі заттар немен толтырылған? (Ауамен). Ауаның салмағы жеңіл болады.

Қандай қорытынды жасауға болады? (Жеңіл) ауамен толтырылған бос денелі заттар, металл тәрізді ауыр материалдардан жасалған болса да суға батпайды. Металдан жасалған үлкен теңіз кемелері неліктен суға батпайды? (Себебі олар бос денелі заттар). Егер жұқалтырдан жасалған қорапшаны тебен инемен тессе не болады? (Қорапша суға батып кетеді). Неліктен? (Себебі қорапшаның ішіне су толады). Егер металдан жасалған кеменің корпусы тесілсе және кеменің іші суға толса, не болады? (Кеме суға батып кетеді).

Осылайша мұғалім проблемалық жағдаяттар жасай отырып, тәжірибелер мен бақылаулар жүргізу арқылы оқушыларды болжам жасауға жетелейді, жасаған болжамды дәлелдеу немесе теріске шығару, өз бетінше негізделген қорытынды жасау мүмкіндігін жасайды. Сонымен бірге мұғалім түсіндіру, әңгімелеу, заттарды көрсету, бақылаулар мен тәжірибелер жасауды қолданады.

Осының бәрі оқушылардың алдында проблемалық жағдаят тудырады, балаларды ғылыми ізденіске тартады, олардың ойлау қабілетін белсендендіреді, болжам жасау және эксперимент жасауға қызықтырады. Оқу материалын проблемалық әдіс арқылы игеруді ұсыну жалпы білім беретін мектептердегі оқу үдерісін ғылыми ізденіске жақындатады.

*Зерттеушілік әдіс* – материалды талдаудан, мәселелер мен міндеттер қоюдан және қысқаша ауызша немесе жазбаша нұсқаулық берілгеннен кейін білім алушылар әдебиеттерді, дереккөздерді өз беттерінше зерделейді, іздеушілік сипаттағы бақылаулар мен өлшеу жұмыстарын орындайды. Ынтагерлік, дербестік, шығармашылық ізденіс ізденушілік іс-әрекет барысында неғұрлым толық көрініс табады. Оқу қызметінің әдістері ғылыми зерттеу әдісіне қарай өзгереді.

Оқыту процесі барысында бұл әдіс мұғалім мен оқушылардың нақты мақсаттарға жетудегі және оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың өзара біріккен іс-әрекетінің ретке келтірілген тәсілі ретінде жүзеге асады. Мысалы, аппликация тәсілімен орындалған «Күзгі ағаш» аппликациялық мозаикасын орындағаннан кейін оқушыларға осындай жолмен орындалатын басқа жұмыс түрлерін іздестіруге тапсырма беруге болады, яғни балалар қосымша әдебиеттерден, интернеттен материалдар іздеп ұқсас жұмыстар орындау арқылы алған білім, білік және дағдыларын тереңдетеді.

Дәстүрлі оқытудың *түсіндірмелі-иллюстративті әдісі* оқушыларға дайын белгілі білім беру болып табылады. Аталған әдісті келесідей топтастыруға болады:

- мұғалімнің білімді ауызша баяндау және оқушылардың танымдық

әрекетін белсендендіру әдісі (әңгімелеу, түсіндіру, баяндама, сұхбат);

- оқылатын материалды ауызша әңгімелеу барысында көрнекіліктер қолдану әдісі;

- оқылған материалды қорытындылау әдісі;

- жаңа материалды түсіну және меңгеру бойынша оқушылардың өздік жұмыстары әдісі (оқулықпен, қосымша әдебиетпен, дереккөздермен жұмыс, тәжірибелік жұмыстар орындау);

- білімді тәжірибеде (күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда) қолдану және біліктер мен дағдылар (жаттығулар, практикалық жұмыстар) қалыптастыру бойынша оқу әдісі;

- оқушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау мен бағалау әдістері.

Көркем еңбек сабақтарының нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының бойында біліктің негізгі үш тобы қалыптасады:

- политехникалық – өлшеу, есептеу, графикалық және технологиялық біліктер;

- жалпы еңбектік – ұйымдастырушылық, құрастырушылық, диагностикалық немесе жорамал жасаушылық біліктер;

- арнайы еңбек – әртүрлі әдістермен түрлі материалдарды өңдеу білігі.

Білікті қалыптастыру әрқашанда практикалық іс-әрекетпен тығыз байланысты болады.

*Нұсқаулық.* Бұл әдіс еңбек іс-әрекеттері тәсілдерінің, олардың дәл көрсетілуі мен қауіпсіз орындалуының түсіндірілуі деп ұғынылады (көркем еңбек).

Нұсқаманың түрлері жүргізілу уақыты бойынша:

кіріспе – сабақтың басында жүргізіледі, нақты еңбек міндетінің қойылуын қамтиды, операцияға сипаттама беріледі, жұмыс тәсілдеріне түсінік беріледі.

Ағымдағы – тәжірибелік іс-әрекет жасау кезінде жүргізіледі, жіберілген қателерді түсіндіру, себебін анықтау, жұмыстың кемшіліктерін, қателерді түзеу, дұрыс тәсілдерді түсіндіру, өзін-өзі бақылауды қамтиды.

Қорытынды – жұмыстарды талдау, жұмыста жіберілген қателерге сипаттама, оқушылардың жұмысарына баға қоюды қамтиды.

Оқушыларды қамту бойынша: жеке, топтық, сыныптық.

Баяндау түрі бойынша: ауызша, жазбаша, графикалық, аралас.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін және оқу қызметіндегі олардың өзбетінше әрекет ету деңгейін сипаттамайтындығы, оқытудың аталған әдістерінің басты кемшілігі болып табылады. Алайда бұл әдістер кіріктірілген «Көркем еңбек» пәнінде кеңінен қолдануға болатын тәсілдер болып отыр.

Сонымен бірге, кіріктірілген сабақтар техникалық құрал-жабдықтарды кеңінен қолдануды, проблемалық міндеттер қоюды, оқулықпен жұмыс істеуді, көрнекіліктерді пайдалануды, оқытудың жеке, топтық, ұжымдық формаларын ұйымдастыруды, сабақтан тыс жұмыспен байланыс болуын және оқыту принциптерін тиімді пайдалануды қажет етеді.

Оқыту принциптері дегеніміз дидактикалық процесті жүзеге асыруда басшылыққа алынатын жетекші идея мен оны ұйымдастырудағы қағидалық ұстаным және тиісті деңгейлік мөлшерге қойылатын негізгі талаптар. Бұл

оқыту үрдісін реттеп, ереже белгілеп, деңгейін айқындауға ортақ жалпылама нұсқау арқылы сипатталады.

Қазіргі заман дидактикасында оқу принциптері табиғи сәйкестік басты принципінң төңірегінде жүйелі біріккен. Бұл жүйедегі дидактикалық принциптер төмендегідей:

- көрнекілік;
- саналылық және белсенділік;
- жүйелілік және бірізділік;
- беріктік;
- түсіністік;
- ғылымилық;
- көңіл-күй;
- теория мен практиканың байланысы [18].

*Көрнекілік принципін* қолдану барысында іске асырылуы тиіс ережелер:

- көрнекілік оқушының ойын дамыту және оқыту құралы, сондықтан бір көрнекілікпен шектелмеу. Алайда көрнекі құралдар санын шектен асырмау қажет, себебі бұл оқушы зейінінің шашыраңқы болуына әкеледі де негізгі мағынаны, ұғымды түсінуге кедергі жасайды;

- сезімдік қабылдауды, яғни көз қабылдауына – көрінетінді, құлақ қабылдауына – естілетінді т.б. барынша қолдану;

- көрнекілікті проблемалық жағдаяттарда өз бетінше білім алу көзі ретінде пайдалану, бұл оқушылардың тиімді ізденіс және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

- көрнекіліктер пән мазмұны аясында өтілетін заттар, құбылыстар, үдерістер туралы анық және дұрыс ұғым қалыптастыруға жағдай жасайды;

- көрнекі құралдар оқушыларды ондағы бейнелерді тұтастай қабылдауға, содан соң бастысын және екінші дәрежелілерін анықтауға, кейін қайтадан тұтастыққа келтіруге үйретуге көмектеседі.

Көрнекі әдістерді қолдануға қойылатын талаптар:

- қолданылатын көрнекілік оқушылардың жасына сай келуі;

- көрнекілік бір шамада ғана қолданылуы тиіс және оны біртіндеп, сабақтың тиісті кезеңінде ғана көрсету;

- бақылап көру барлық оқушыларға көрсетілетін пәннің жақсы көрінетіндей етіп ұйымдастырылуы;

- безендірілуін көрсеткен кезде ең бастысын, маңыздысын нақты бөліп көрсету;

- құбылысты көрсету барысында берілетін түсініктерді егжей-тегжейлі ойлап алу;

- көрсетілетін көрнекілік материалдың мазмұнымен дәл үйлесуі;

- көрнекілік құралда немесе көрсетілетін құрылымда болуын қалаған ақпараттарды табуға оқушылардың өздерін тарту керек.

Оқытудың көрнекі әдістерінің ерекшеліктері олардың ауызша әдістермен қандай да бір шамада міндетті түрде үйлесетіндіктерін жорамалдайтынында болып табылады. Сөз бен көрнекіліктің өзара тығыз байланысы «объективті шындықты білудің диалектикалық жолы тез пайымдау, абстракциялық ойлау

мен тәжірибені біртұтас қолдануды болжаудан» туындайды.

Көркем еңбек сабағында бұйымдардың негізгі бөлігін оқушылар графикалық бейнелер бойынша жасайды. Оған мыналар жатады:

- көркем сурет – заттың қолда болмауына байланысты, көрсету мүмкін болмаған жағдайда оның кішкентай немесе үлкен нақты бейнесі пайдаланылады; материалы мен түсін анықтауға мүмкіндік береді;

- техникалық сурет – сызба-өлшеуіш аспаптарды пайдаланып қолдан еркінше орындалған графикалық бейнелеу; құрылымның барлық элементтерінің мөлшерлері мен пропорциялары жуықтап сақталып беріледі;

- эскиз – мөлшерлері мен пропорциялары жуықтап сақталып сызба-өлшеуіш аспаптарды қолданбай орындалған заттың шартты бейнесі;

- сызба – заттың мөлшерлері мен формасы туралы деректерді сыйыстыра отырып параллель пропорция әдістерін пайдаланып мөлшерлерін дәл сақтап, белгілі масштабта сызба-өлшеуіш аспаптар көмегімен затты графикалық бейнелеу;

- техникалық карта – бұйымның суреті болуы, аспаптар, материалдар және құралдар болуы мүмкін, бірақ міндетті түрде операциялардың орындалу реті және жұмыс тәсілдері бар болатын бейнелеу.

Көркем еңбек сабақтарында көрнекі материал ретінде: түрлі суреттерді кестелерді, халық шығармашылығының туындыларын немесе нақты заттарды (ағаштан қашап ою, кесте тігу, ұлттық ойыншықтар, матадан ою-өрнектер ою және т.б.) қолдануға болады.

Әсіресе бейнелеу өнерінің қарапайым негіздері – сурет салуды меңгеру барысында көрнекілікті жиі қолдану қажет. Сурет салуды үйренуге қажетті көрнекіліктер:

- суреттер мен кестелердің сызбанұсқалары, геометриялық денелердің гипстен жасалған модельдері;

- заттың құрылымдық ерекшеліктерін көрсететін сымнан және қатырма қағаздан жасалған модельдер;

- жұмысты орындаудың әдістемелік бірізділігін көрсететін суреттер мен кестелер;

- қарындашпен, қылқаламмен, ермексазбен, ине-жіппен т.б. жұмыс істеу техникасын көрсететін бейнефильмдер;

- оқушылардың бойында түс және өң (реңк) сезімін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған арнайы құралдар («Түстік шеңбер», «Өндік шеңбер»).

Аталған көрнекіліктер оқушыға заттың пішінін, құрылымын, түсін және көркемдік техникасының ерекшелігін көруге және түсінуге көмектеседі. Мысалы, «өң (реңк)» ұғымын ашып көрсету барысында мұғалім әртүрлі түске боялған қатырма қағаздарды қолдану арқылы түсіндіре алады немесе балалар түрлі бояуларды өз қалауларына араластырып тәжірибе жасау барысында алынған түсті көру арқылы да түсіне алады.

Алайда оқушы тарапынан белсенділік болмайынша, сурет салу заңдылықтарын бір ғана көрнекіліктің көмегімен табысты меңгеру мүмкін емес. Көрнекіліктерді көрсету барысында оқушы көзбен көруге болатын нақты бейнелерді қабылдайды, бұл оның көп нәрсені түсінуіне мүмкіндік береді.

Бірақ, ол мұғалімнің көрсеткенін тамашалайтын көрермен рөлінде ғана болады. Оқушының оқу материалын қаншалықты меңгергенін оның өздік және белсенді жұмысы ғана көрсете алады. Осыдан барып оқытудың саналылық және белсенділік принципі шығады.

Оқушылардың көркем еңбекке оқудағы *саналылық және белсенділік принципі*. Бұл принцип оқушылардың білімді саналылықпен және белсенділікпен меңгеруін және оны күнделікті өмірінде, тәжірибесінде қолдана білуін, сонымен бірге балалардың бойында еңбекке қажетті біліктер мен дағдылар, шығармашылық бастама мен дербестік, ойлау, сөйлеу қабілеті және еңбек ету мәдениетінің қалыптасуын қамтамасыз етуді қарастырады [18].

Саналылық және белсенділік принципі негізінде оқушының өз ақыл-ой белсенділігі арқасында игерілген терең де әрі өз бетінше ұғынылған білімдерден құралады.

Кіріктірілген «Көркем еңбек» пәнін оқыту барысында саналылық және белсенділік принципінің келесі ережелері сақталуы тиіс:

- орындалатын жұмыстың мақсаттары мен міндеттерінің маңызы мен мәнін оқушыларға түсіндіру, яғни баланың санасына жеткізе білу;

- оқушының жұмысты орындау жолдарын түсінуі немесе орындау тәсілдерін өздігінен ойлап табуы, жұмыс нәтижесінің мән, мағынасын, қолданылу аясын, қажеттілігін түсінуі;

- танымдық іс-әрекеттің түрлерін, талдауды, салыстыруды, біріктіруді, сәйкестендіруді пайдалану;

- оқушы сөздің, сөйлемнің, пәнге байланысты ұғымның мағынасын түсінуіне, оларды дұрыс қолдана білуіне назар аудару және мағынасы түсініксіз ұғымдарды қолданудан аулақ болу;

- оқушылардың бірін-бірі оқыту, яғни жұптық, топтық оқыту мүмкіндіктерді пайдалану, яғни дұрыс шешім табудың ұжымдық формаларын дамытуға жағдай жасау;

- бастауыш сынып оқушылары үшін белгісіз жаңа ұғымдарды, мәліметтерді бұрынғы белгілілермен логикалық ұштастыру, себебі бұрын алған білім мен жаңа білімнің арасында логикалық байланыс болмаса, саналы оқу да болмайды.

Саналылық принципін жүзеге асыру оқушыларды көркем еңбек сабағының мақсаты және міндеттерімен таныстырудан басталады. Оқушылардың саналылығы теориялық материалды өз беттерінше игеру, тапсырмаларды орындау, шығармашылық міндеттерді шешу барысында көріне бастайды. Олар жұмысты өз бетінше жоспарлады, оны орындаудың жолдарын анықтауды, нәтижесін бақылауды, түзетулер енгізуді және қорытынды жасауды үйренеді. Сонымен қатар, оқушыларды технологиялық процестерді талдауға, өзінің жұмыс орны мен жұмысын ұйымдастыруға, шығармашылық әрекеттер жасауға үйрету, саналылығы мен белсенділігін арттыруда үлкен рөл атқарады. Оларды өнертапқыштық біліктерге және құрылымдауға үйретудің ерекше мәні бар. Оқушылар технологиялық құжаттар, бұйымдардың сызбаларын әзірлеу және оларды істеп шығару бойынша орындалатын жұмыстарға қатысады, оларды орындау барысында еңбек біліктері мен дағдыларын меңгереді. Осылай

оқытудың арқасында оқушылар мұғалімнің көрсеткен жұмыс тәсілдерін, еңбек іс-әрекеттерін механикалық тұрғыда ғана меңгеріп қоймайды. Олар оны бүтіндей барлық технологиясы мен оның жекелеген элементтерін толық түсініп орындайды. Оқушылар өздерінің іс-әрекеттерінің келешек нәтижесі мен оларды дұрыс орындамауының мүмкін нәтижесінің үлгісін ұсынады. Үлгінің бар болуы, оларға өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруы және жіберген қателерін түзеуіне мүмкіндік береді.

Оқушылар техникалық-технологиялық білім алғанда жаңа терминдер мен анықтамаларды есте сақтап қана қоймай, олардың мазмұнын ұғыну, нақты еңбек процестерімен байланыстырулары керек. Олай болмаған жағдайда оқушылар материалды айтып береді (басынан бастап және тек ретімен ғана), бірақ оның мәнін түсінбейді және іс жүзінде қолдана алмайтын білімге деген формализм дамиды болады. Формализмнің бір себебі мұғалімнің материалды догмалық тұрғыда баяндауы (кейде диктант түрінде) және оны оқушылардың ойша талдаусыз игеруі болып табылады.

Оқушылардың ойын дамыту және білімді саналы меңгерту құралы, олардың алдына танымдық міндеттер қою, эвристикалық әңгімелесуді және материалды проблемалық баяндауды пайдалану, эксперименттік есептер құру және шығару, тәжірибелік жұмыста білімдерін қолдану және т.б. болып табылады.

Оқушының тілі оймен тығыз байланыста дамиды. Оның кемшіліктері ойдың дамуына кедергі жасайды. Сондықтан мұғалімге оқушылардың тілін қадағалау және олардың терминдерді дұрыс қолдануы, өз ойларын дәл жеткізу дағдыларын қалыптастыру, қателіктерін түзету қажет.

*Жүйелілік және бірізділік принципі* келесі ғылыми тұжырымдарды негізге алады: қоршаған орта болмысының айқын бедерлері мида нақты бейнеленсе ғана, оқушы шынайы білім топтай алады; ғылыми білімдер жүйесін қалыптастырудың басты тәсілі – белгілі жолмен ұйымдастырылған оқу; ғылыми білімдер жүйесінің бірізділігі оқу материалының ішкі логикасымен және оқушылардың танымдық мүмкіндіктерімен байланысты; жеке элементтерден тұратын оқу процесінің тиімді әрі жоғары нәтижеге жетуі ол процесте орынсыз үзілістердің, ескерілмей қалған қажетті сәттердің болмауына және бірізділіктің қандай да себептермен бұзылмауына тәуелді. Егер дағдылар тиісті жаттығулармен жүйелі бекімесе, олар көп ұзамай жойылады; егер оқушылар логикалық ойлауға үйретілмесе, олар өздерінің ойлау іс-әрекетінде үлкен қиыншылықтарға кезігеді; егер оқу ісінде жүйелілік және бірізділік сақталмаса, оқушылардың даму процесі бәсеңдейді [18].

Жүйелілік және бірізділік принципі:

- оқушылардың білімдер жүйесін қалыпты игеруін қамтамасыз ету үшін сызбанұсқаларды, жоспарларды, кестелерді, кескіндерді, үлгілерді орынды пайдалану. Бұлар «Көркем еңбек» пәнінде орындалатын аппликация, оригами, ашық хат, коллаж техникаларын орындауда қолданылады. Аталған жұмыс түрлерін орындауда оқу материалын логикалық бітімге келген бөліктерге ажырату арқылы, балаларды бір-бірімен байланысты бірізді оқу әрекеттерін жасауға үйрету;

- пәнаралық байланыстарды пайдалану. Мазмұндық тұрғыдан, сондай-ақ, оқу әдістемелерінде сыныптар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету. Жаңартылған білім мазмұны аясында әзірленген кіріктірілген «Көркем еңбек» пәнінің бағдарламасында бұл принцип айқын көрініс табады. Мысалы «Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту» бөлімінің «Қоршаған ортаны білу және түсіну» бөлімшесін оқу барысына қойылатын мақсат:

1-сыныпта – Қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін, таныс бейнелер мен пішіндерін білу (түс, фактура, пішін және т.б.). Бұл мақсат келесі сыныпта тереңдетіледі.

2-сыныпта – Таныс бейнелер мен пішіндерді зерттеу барысында қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін сипаттау (түс, фактура, пішін және т.б.).

3-сыныпта – Бейнелер мен пішіндерді зерттеу барысында олардың айырмашылығы мен ұқсастықтарын меңгере отырып, қоршаған ортаның ерекшеліктерін түсіндіру (түс, фактура, пішін және т.б.).

4-сыныпта – Қоршаған ортаның ерекшеліктерін, аса күрделі бейнелері мен пішіндерін зерттеу барысында олардың, айырмашылығын, ұқсастығын және өзара байланыс себептерін түсіну және түсіндіру (түс, фактура, пішін және т.б.). Аталған мақсаттарға жету арқылы оқушылардың бір тақырып бойынша білімдері тереңдетілуімен қатар «Дүниетану», «Жаратылыстану», «Математика» және тіл пәндерімен пәнаралық байланыс жүзеге асырылады.

Оқытудағы *ғылымилық принцип* оқушыға берілетін білімнің мазмұны ғылымның қазіргі даму дәрежесіне сәйкес деректерді, теорияны, заңдарды қамтуын талап етеді. Бұл принцип оқу бағдарламасында, оқулықтарда және оқылатын басқа материалдарда да көрініс табатын болса, оқыту барысында оларға ғылыми әдістеме мен ғылыми зерттеудің қарапайым жолдарын да білгізуге жағдай жасары сөзсіз. Ғылымилық принципі табиғаттың заңдылықтарын ашуға, қоршаған ортаның алуан түрлілігін және әсемдігін көруге мүмкіндік береді [18].

Ғылымилық принципі көркем өнер сабақтарында заманауи құрал-жабдықтардың, өлшеуіш құралдардың, түрлі суреттердің қолданылуын талап етеді. Оқушылар жаңа материалдармен танысып, олардың қасиеттерімен, күнделікті өмірде, шаруашылықта қолданылуымен танысулары қажет.

Оқу суретінің ғылыми негіздері сәуле мен көлеңкенің, анатомия және т.б. заңдарын оқып білетін перспектива, түсті оқу, көлеңкелер теориясы сияқты бірқатар ғылымға негізделеді. Перспективалы суретке оқыта отырып барлық балалардың назарын перспективаның ережелері мен заңдарын дәл сақтауға аударамыз. Форманың құрылымдық құрылысын талдап, барлық оқушылар берілген заттың құрылымын суретте қатал сақтауға үйренеді. Суреттің үлгісі дара болуы мүмкін, бірақ жазықтықтардың кеңістікте орналасуы заңдылығында әркім дұрыс, бірдей жеткізуі керек, өйткені бұл суреттің ғылыми негіздері. Дәл осыны түс туралы, пропорция туралы да айтуға болады.

Ғылымилық принциптерін сақтай отырып мұғалім бояулардың негізгі қасиеттері туралы айтуы керек, оқушылар оны есте жақсы қалдыруы үшін қосымша түстердің схемасын (кестесін) көрсетуі керек.



Табиғат формалары мен болмысы құбылыстарының заңдылықтары оларды кім бақылап отырғандығына қарамастан сол бір қалыпта қалады. Оқушыға қандай болып көрінсе де әрбір құбылыс пен әрбір заттың құрылысының дұрыс және біздің сезімімізге қарамастан белгілі заңдылықтары болады. Заттар сезімнің арқасында емес, сезім заттың арқасында бар болады.

Білім алушылар үшін еңбектің *қолжетімділік және күш жетерлік принципі* – еңбекті талап ететін тапсырмалар мазмұны, көлемі және орындалу тәсілі бойынша оқушылардың жас ерекшеліктеріне және дайындық деңгейлеріне, сонымен бірге олардың дене күші мен танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес болуын талап етеді. Алайда, оқу тапсырмасы шамадан тыс жеңіл де болмауы тиіс, себебі күш салмай орындалған тапсырмалар оқушылардың дамуына мүмкіндік бермейді. Қолжетімділік тапсырманы біртіндеп қиындату арқылы оқушы мүмкіндігінің ең жоғары шегіне жетумен анықталады. Орындалатын жұмысты дұрыс жоспарлау үшін алдымен оқушылардың жеке қабілеттері және денсаулық жағдайлары ескерілуі тиіс. Егер материал үлкен көлемде берілсе, онда оқушы үшін ең қарапайым тапсырманың өзі қиындық туғызады. Сондықтан да, материалдарды сабақтар бойынша дұрыс бөлу қажет. Тапсырмалардың саны алдыңғы сабаққа қарағанда келесі сабақта көбірек болуы мүмкін. Келесі бұйымды жасау барысында 1 немесе 2 жұмыстың жаңа кезеңдерін енгізуге және жаңа кезеңдер бойынша қысқа мерзімді дайындық жаттығуларын орындауға болады. Мысалы, «Шегіргүл» ашықхаты (10-сурет) ауқымды жұмыс болғандықтан уақыт көлемі көбірек бөлінуі тиіс, сондықтан бірінші сабақта жұмыстың орындалу жолдары түсіндіріліп және гүл күлтелерінің және жапырақтардың суреттерін түрлі-түсті қағазға салып, қайшымен қиып алу жұмысын орындауға болады. Екінші сабақта жапсырумен айналысуға болады.



10-сурет – «Шегіргүл» ашықхаты

Бастауыш сыныптарда көркем еңбек сабақтарында декоративті сурет салу барысында оқушылар мұғалімнің басшылығымен алдымен кезеңдерге бөлінген сызбанұсқа бойынша өрнек құрастыруды үйренеді. Бұл ретпен тапсырмалардың біреуі ғана орындалуы мүмкін, келесісін басқаша өткізу қажет. Тапсырма орындалуының әдістемелік ретін көрсеткеннен кейін, мұғалім келесі тапсырманы оқушылардың өз беттерінше орындауларына, яғни балалардың шығармашылықпен айналысуларына мүмкіндік беруі тиіс. Бұл

оқушылардың бойында шығармашылық көзқарастың және өзіндік бастама жасау қабілеттерінің дамуына жағдай жасайды. Бастауыш сыныптарда оқушылардың әрдайым тек мұғалімнің көмегімен, басшылығымен жұмыс істеуінің нәтижесінде, олардың бойында енжарлықтың, селсоқтықтың қалыптасатынын ұмытпау қажет. Балалар әрдайым мұғалімнен көмек күтетін болады және өз беттерінше жұмыс істеу қорқынышы пайда болады. Бұндай жағдайда қолжетімділік және күш жетерлік принципі кері әсерге ие болады. Кері әсерді болдырмау үшін мұғалім сыныптағы әр оқушының неғұрлым жоғары нәтижелерге жетуіне жағдай жасауы тиіс.

Тапсырмаларды саралау қолжетімділік және күш жетерлік принципін жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылады, яғни әр оқушының жеке қабілетін ескеріп отыру қажет. Қабілеті төмен оқушыларға біліміндегі олқылықтарды толықтыруға және негізгі жұмысты орындауға көмектесетін неғұрлым жеңіл тапсырмалар беруге болады, қабілеті жоғары оқушыларға қиындығы жоғары тапсырмалар беріледі.

*Білімді меңгерудегі беріктік принципі.* Бұл принципті жүзеге асырудың маңызды шарты сабақтың мақсатын дәл көрсету болып табылады. Мұғалім сабақтың басында оқушылардың сабақ соңында қандай нәтижеге жетулері керек, осы уақыттың ішінде қандай білім және біліктер алуы керек екені туралы айқын түсініктерді балалардың бойында қалыптастыруы керек.

Білімді меңгерудегі беріктік принципі ақпараттар санымен тығыз байланысты. Оған қайталау, жүйелі машықтандыру жаттығуларын бекіту, лабораториялық жұмыстар жүргізу және техника қауіпсіздігі ережелерін орындау арқылы ойдағыдай қол жеткізіледі.

Бұйымдарды, суреттерді, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды дұрыс тандау, шығармашылық мақсаттар қою, өздігінен жұмыстар жүргізу кезінде арттырылатын оқуға деген ықылас білім және біліктерді меңгерудің беріктігіне үлкен әсер етеді.

*Теорияның тәжірибемен байланысы принципі.* Бұл байланыс көркем еңбек сабақтарында екі жақты сипатта болады. Бір жағынан балалар математика, дүниетану және т.б. сабақтарда алған білімдерін, сондай-ақ көркем сурет сабақтарында алған техникалық құжаттар, құралдар, материалдар туралы білімдерін тәжірибеде пайдаланады. Сонымен бірге, теориялық білімдер тәжірибелік біліктерінде жүзеге асырылады.

Екінші жағынан, оқушылардың алдына шамалары келетін мәселелер қоя отырып, мұғалім балаларды тәжірибелік біліктерін жаңа теориялық білімдермен толықтыруға мәжбүрлейді (тәжірибелер, лабораториялық жұмыстар, бақылаулар арқылы). Мұның барлығы оқушылардың ойын пәрменді дамытады. Мысалы, математика сабақтарында сызғышпен ұзындықты өлшеуді үйренсе, сол біліктерін көркем еңбек сабақтарында заттың ұзындығын өлшеуге қолданады. «Дүниетану» пәнінің жыл мезгілдері, өсімдіктердің өмірі туралы тақырыптарын көркем еңбек сабақтарында бөлме өсімдіктерін күтуді үйренумен байланыстыруға болады.

*Оқытудың политехникалық принципі.* Көркем еңбек сабақтарында жүзеге асырылады. Бұл принцип нақты оқу материалында бірінші сыныптан бастап

оқушылардың бойында заманауи өндірістің ең типтік ерекшеліктері туралы түсініктердің қалыптасуын, оқушылар жаңа жұмыс жағдайына көшіре алатындай жинақталған политехникалық біліктердің қалыптасуын талап етеді.

Мұғалім көркем еңбектің затын дайын бұйымға айналдыру процесімен балаларды таныстыруы керек, ал бұл дегеніміз материалдан бұйым (еңбек өнімі) қалай жасалатынын балаларға рет-ретімен көрсету және айтып беруді білдіреді. Жұмыс уақытында балалар материалдардың қасиеттерімен, құралдармен және оларды қолдану ережелерімен, жұмыстағы адамның іс-әрекетімен, техникалық операциялармен танысады және еңбек бұйымдарын пайдалануды үйренеді.

Политехникалық принциптің мәні, оқушылардың білім алу және біліктерге ие болуында.

Осыған орай бастауыш мектептегі білім мазмұнын анықтауда осы ұсынылған әдістер сақталса, оқу мақсатына жету шарты жүзеге асырылатыны сөзсіз.

Сонымен, оқытудың барлық принциптері бір бірімен тығыз байланысты: ғылымилық принципі жүйелілік және бірізділік принципінсіз мүмкін емес, оқытудың қолжетімділігіне сүйене отырып қана жүзеге асырылуы мүмкін. Қолжетімділікті жүзеге асыру үшін көрнекілікті қолдану оқу материалын саналы және белсенді түрде меңгеруге мүмкіндік береді. Оқушылардың жастық және тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін, яғни қолжетімді материалдар берік меңгеріледі.

Оқыту принциптері – оқытудың мақсаттарына тәуелді және олардың өзгеруіне байланысты өзгеріс отыратын тарихи санат. Сонымен бірге, кіріктірілген пәндерді оқыту кезіндегі тәсілдер мен принциптер бірін-бірі толықтырып отырады және өзара тығыз байланысты болады.

## **6 «Көркем еңбек» кіріктірілген пәндері бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастыру формасы**

Техника мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамып отырған заманында қоғамның алдында тұрған ең маңызды және жауапты қызмет дені сау, жан жақты дамыған, аса өнегелі адам тәрбиелеу болып табылады. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер шығармашыл белсенді, күнделікті өмірде кездесетін проблемаларды тиімді және өздігінше шешу қабілетіне ие тұлға қалыптастыру қажеттілігін туындатып отыр.

Заманауи педагогиканың күрделі де қызықты міндеттерінің бірі – іс-әрекетке шығармашылдық көзқарас тәрбиелеу, яғни күнделікті өмірде кездесетін заттардың әдемілігін көре білу білігі, еңбекке араласу үдерісінен қуаныш сезіміне бөлену, әлемнің құпиялары мен заңдылықтарын білу ықыластарын арттыру, күнделікті өмірде кездесетін қиындықтан шығу жолдарын табу қабілеті.

«Білгенім – бір тоғыз, білмегенім – тоқсан тоғыз» дегендей, баланың өмірінде негізгі дағдылар мен біліктер, солардың ішінде елестету, қиялдау, жаңалыққа қызығушылық қалыптасатын кезеңді өткізіп алмау қажет. Баланың бойындағы бұл қасиеттерді мектепке дейінгі кезеңде дамытып бастап, мектепте оқыған кезінде жалғастыру арқылы шығармашылық ойлау мүмкіндіктерін, өнер мен шығармашылық іс-әрекет белсенділігін арттыруға болады.

Француз психологы Т.Рибо шығармашылық дамуының негізгі заңдылығын үш кезеңге бөліп көрсеткен, олар:

- балалық және балдәурен шақ – ертегілер, қиял, ойын, ойдан шығарудың қожалық кезеңі;

- жастық шақ – ойдан шығару мен іс-әрекеттің үйлесімділігі, яғни «өткір ақыл-парасат» кезеңі;

- ер жету – қиялдың ақыл-парасатқа бағыну кезеңі.

Баланың қиялындағы бейнелер түрлі жағдаяттарда өзіне тән мазмұны мен ерекшелігіне байланысты көрініс табады. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту оның қоршаған әлемді қабылдауын және қоршаған орта туралы көзқарасын нақтылауы, сонымен бірге кеңейтуі тиіс. Балалардың ақиқатпен танысуына, оны бейнелеуіне, бейнелермен жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға, сол бейнелердің негізінде жаңа образдар жасай білу дағдыларын дамытуға жағдай жасау қажет. Балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру өте маңызды болып табылады.

Балалық шақтан бастап шығармашылық әлеуетті дамыта отырып, біз балалардың танымдық қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін шыңдаумен қатар, баланың тұлғалық қасиеттерін де қалыптастырамыз.

Әр оқушыны тұлға ретінде қалыптастыруда кіріктірілген «Көркем еңбек» пәнінің маңызы зор. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастырудың формалары алуан түрлі. Солардың бірі «апликация» (бастырма).

*Апликация* – түрлі-түсті қағаз, мата, тері қиқымдарынан құрастырылған бейне шығарма (сурет, өрнек). Апликацияны негізгі бір түстің (қағаздың,

матаның, терінің және басқа да материалдардың) үстіне басқа түсті қағазды, матаны, теріні және басқа да материалдарды жапсыру немесе тігу арқылы орындалатын жұмыстың түрі. Ерте замандардан бері аппликацияны киім-кешекті, аяқ киімді, тұрмыс заттарын әшекейлеуге қолданған.

Аппликация тәсілімен қағаз және қатырма қағаздан жасалған түрлі шырша ойыншықтарын, бетбелгі (кітаптың бетін белгілеуге арналған қағаз, бау немесе қандайда бір басқа зат), қорап тәрізді бұйымдарды әшекейлеуге болады. Мазмұнына қарай аппликацияны бұйымдық немесе заттық, сюжеттік, ою-өрнектік, шрифтік деп бөлуге болады.

«Мамыргүл бұтағы» аппликациясы (11-сурет). Бұл аппликация гүлдері мен жапырағы бар бұтақтан тұрады. Гүлдерін ақ және ақшыл көк гофрленген немесе папирос қағазында орындалады. Ол барлық қабырғалары 5 мм болып келетін қағаз шаршылардан жинақталады. Әр шаршы жұмсақ негізге қойылады және қаламның басымен ортасынан жаншылады. Басудың нәтижесінде шаршылардың шеттері жоғары қарай көтеріледі.

Аппликацияның негізі барқыт қағаз немесе түрлі-түсті қатырма қағаз болуы мүмкін. Оның бетіне қарындашпен мамыргүлдің гүлдерінің кескінін салу және алдын ала әзірленген ортасы жаншылған ұсақ шаршылармен (желімдеп) толтыру қажет.

Шаршыларды бір-біріне өте жақын, тығыз орналастыру керек. Оларды қозғалту үшін қаламның өзегін қолдануға болады.



11-сурет – Мамыргүл ашықхаты

Осы тәсілді қолдана отырып гүлдері бір шоққа жинақталған басқа да гүлдерді жасауға болады, мысалы, сүмбілгүл, гүлдеп тұрған шетенгүл ағашының бұтағы, қызыл бүрген бұтағы. Төмендегі суреттерде осы тәсілмен орындалған аппликация-мозаикалардың үлгілері берілген (12-сурет).



12-сурет – Апликация-мозаикалардың үлгілері

*Ашық хат әзірлеу және безендіру. Мерекелік ашық хаттар.* Ашық хат – бұл өзіндік тарихы бар өнердің бір түрі. Оны оқушылар өздерінің туыстары мен достарына арнап өз қолдарымен жасай алады. Ашық хат жасау барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық экспериментпен айналысуларына жағдай жасалады, себебі балалар мерекелік ашық хатты өз қиялдарынан шығарып қолдарымен жасау арқылы өз шығармашылығын жүзеге асыра алады. Сонымен қатар мерекенің пайда болу тарихымен танысуларына да жағдай жасалады. Мысалы, «Інжугүл» құттықтау ашық хатын әзірлеу барысында оқушыларды інжугүлдің өсетін жерлерімен таныстыра отырып, оны әсемдік үшін қыста да өсіруге болатын айта кетуге болады. Оқушыларға інжугүл туралы қосымша материалдар іздеу тапсырылуымен қатар, «ашық хатты қандай мерекеге және кімге сыйлар едің?», «неліктен?» сияқты сұрақтар қою арқылы балалардың сыни тұрғыдан ойлауына жағдай жасау

«Інжугүл» құттықтау ашық хаты.

Бұл ашық хат апликациясы інжугүлдің қоңырауларын еске түсіретін екі жапырақтан және гүлдерден тұрады. Жапырақтар ортасынан екіге бүктелген қою жасыл түсті қағаз кесіндісіне інжугүлдің жапырағына ұқсас жапырақтың кескінін салу, соңынан сол кескінді қайшымен қиып алу арқылы әзірленеді. Жапырақтардың үстіне жапырақ талшықтарына ұқсас өрнектер салуға болады

Інжугүлдің гүлдері 5-7 кішкене қоңыраулардан тұрады. Қоңырауларды әзірлей үшін диаметрі кішкентай күмістер қажет. Күмістің көмегімен жұқа ақ қағаздан 5-7 дөңгелекше қиып алынады. Әр дөңгелекшені алақанға салып қаламсаптың жұмыр жағымен жаншу қажет. Қоңыраушалар бір-бірінен онша алыс емес қашықтықта негізгі қағазға жапсырылады (9-сурет). Құттықтауға арналған «Інжугүл» ашық хаты дайын.

Бастауыш мектептің алғашқы жылдарында орындауға болатын жұмыстың қызықты түрі «апликациялық мозаика». Апликациялық мозаиканы орындау барысында «Математика», «Дүниетану» пәндерімен тығыз пәнаралық байланыс жүзеге асырылады, яғни өлшем жұмыстары орындалады және гүлдің өсу жағдайларымен таныстырылады.

«Күзгі ағаш» апликациялық мозаикасы (13-сурет) түрлі-түсті қағаздардың ұсақ қиындыларынан әзірленеді, оларды қайшымен қию немесе қағазды қолмен



үзу арқылы да дайындауға болады. Түрлі-түсті қағаздардың қалдықтарын қолдануға болады.

Негізгі түс ретінде қошқыл түсті қатырма қағаз пайдаланылады. Жасыл түсті қағаз қиындыларынан мозаика тәсілімен көгал жасалады. Көгал жасау үшін негізгі түсті қағазға алдымен желім жағып, содан кейін мозаиканың бөлшектері жапсырылады.

Ақ түсті қағаз кесіндісінен еркін формада ағаштың (қайың ағашының) діңі кесіліп алынады. Оның үстіне қара қаламмен немесе қарындашпен қара дақтар немесе бедерлер салынады, сондай-ақ бұл дақтарды қара түсті қағаздан ұсақ жолақтар кесіп алып, жапсыру арқылы да орындауға болады.



13-сурет – Күзгі ағаш

Ағаштың ұшар басын жасыл, қызыл, қызғылт сары түсті қағаз қиындыларынан, бір-біріне жақын орналастырылып, арасында саңылау болмайтындай етіп жапсыралады. Парақтың сол жақ немесе оң жақ жоғары бұрышында сары түсті қағаз қиындыларынан шуағын шашып тұрған Күннің көзі жапсырылады.

Жұмыстың бір нұсқасы ретінде орман әсерін беру үшін бірнеше ағаш жасауға болады.

*Қағаз пластика* – бұл бейнелеу өнерінің мүсіндеу, аппликация, сурет салу, қағаздан қиып құрастыру, коллаж тәрізді әртүрлі түрлерінің синтезі деп санауға болады. Орындалатын жұмыстың көлемділігі, қолданылатын материалдың әсемдігі оны мүсіндеумен және коллажбен, сондай-ақ, жазық форманы бүктеу, қию арқылы алғашқы түрін өзгерту – қағаздан қиып құрастырумен жақындатады. Нақты немесе ойдан шығарылғанды бейнелеу, қосымша бөлшектерді салуды аяқтау сурет салуды қағаз пластикамен байланыстырады.

Оқушыларды қағаз пластикаға үйретудің мақсаты мен міндеттері бейнелеу өнерінің міндеттерімен тығыз байланысты, олар: балалардың біліміне, білігіне және ойлау іс-әрекетіне қажетті қиялдау, елестету тәрізді шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Қағаз пластика техникасын дайын материалдарды қолдану арқылы да жүзеге асыруға болады. Ол үшін күнделікті өмірде бір-ақ рет қолданылатын қағаз ыдыстарды (тәрелкелер, пластикалық қасықтар, шанышқылар т.б.) қолдануға болады. Қағаз ыдыстарды әдемі ашық түстерге бояу, жасалатын заттың бейнесін салу және қиып алып, басқа түсті қағазға жапсыру арқылы жасауға болады. Мысалы, *14 - суретте* қағаз тәрелкеден жасалған құстың бейнесі берілген.




14-сурет – Қағаз тәрелкеден жасалған құс

*Қағаз бұрау* – бұл ұзындығы мен ені әртүрлі қағаз кесінділерін бумаға бұрау, оларды өзгерту және алынған бөлшектерден көлемді, жазықтықтық композициялар жасау шеберлігіне негізделген жұмыс түрі. Көркем еңбек сабағында орындалатын жұмыстың бұл түрі оқушы қолдарының шағын моторикасын дамытады, кеңістіктік ойлау қабілетін қалыптастырады, шыдамдылықты, мақсатқа жетуге талпынушылықты, білуге құмарлылықты дамытады, балалардың қиялдау және елестету қабілеттеріне әсер етеді, бақылауға, салыстыруға, талдау жасауға, соңғы нәтижені болжауға, нақты заттармен ұқсастығын көре білуге үйретеді.

*Оригами* техникасының көмегімен аппликациялық жұмыстар, өз ойынан шығарылған ойыншықтар, түрлі кілемшелер, фотосурет жиектемелерін, суреттер жасауға болады. Ол бала қолының моторикасының, құрастырушылық ойлауының, шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Бастауыш сыныптардың оқушылар оригами техникасы арқылы түрлі заттар жасап үйренеді, мысалы, *15-суретте* ит жасаудың сызба-нұсқасы берілген.





15-сурет – Ит жасаудың сызба-нұсқасы

*Коллаж* – (француз тілінде collage – жапсыру, желімдеу) бұл бейнелеу өнеріндегі қызықты техникалық әдіс, суретшілердің шығармашылық ізденісі кезінде пайда болған бейнелеу өнерінің бір тәсілі. Бейнелеу өнерінің бұл түрінде суретшілер кескіндемесінде қиялдарына байланысты өзіне ұнаған кез келген заттарды (түрлі матаның, қағаз, газеттің қиындыларын, әйнек, түйме, фольга, ағаш қалдықтарын) жапсыру, желімдеу арқылы шығармашылық жетістіктерге жеткен. Қазіргі кезде коллаж балалар шығармашылығында кең қолдау тапқан өнер түріне айналды. Коллаж өнері балалардың ой-өрісінің шырдалуына үлкен әсер етеді. Мектептің бастауыш сыныптарында орындалатын коллажға кәмпиттің орама қағаздарын, ескі газеттердің қалдықтарын, маталардың қиындыларын, түрлі ленталарды, пластмасс жайпақ ойыншықтарды және олардың қаптамаларын, ағаш жапырақтарын пайдалануға болады. Себебі коллаж өнерінде бастапқысында бір біріне қатысты болмаған элементтер қолданылады және қиыстырылады. Материалдар неғұрлым ерекше және стандартты емес болса, соңғы нәтиже соғұрлым қызықты болып шығады. Коллаж балалардың фантазиясын және шыдамдылығын көрсетуге, қиялын, салыстыру білігін дамытуға көмектеседі.

*Жіп сурет* – техникасы көне өнердің бір түрі. Жіп сурет техникасын «жіп графикасы» немесе «жіп дизайны» деп те атайды және ол сәндік-қолданбалы

өнер түріне жатады. Сәндік-қолданбалы өнер туындылары деп эстетикалық сапаларға ие, өзінің әдемілігімен адам көзін қуантатын суреттерді, заттарды, көркем туындыларды айтамыз. Сонымен бірге, сәндік өнерді меңгеру нәтижесінде оқушылардың бойында өзінің ұлттық мәдени тарихына үңілуге, этнографикалық ерекшелігін білуге ынталандырып, ұлттық өнерге деген қызығушылығы артып, жалпы өнерге деген құрмет сезімі пайда болады.


Жіп сурет техникасымен тігуге қажетті құрал-жабдықтар:

- жұмыстың негізгі фоны ретінде түрлі-түсті қатырма қағаз;
- былғары;
- барқыт қағазы;
- керілген бір түсті мата;
- CD дискілері, пластика тақтайшалар қолдануға болады.

Жіптің түрлері: шарғы жіп, ирис, мулина, гарус, жүн жіп, алтын, күміс түсті люрекс жіптерін пайдалануға болады. Сонымен бірге, ине, біз, оймақ, қайшы, желімді лента, пенопласт тақтайшасы қажет болады. Сызғыш түрлері, бұрыш шеңбер трафареттері, лекал түрлері, шаблондар.

Жіп сурет техникасымен жұмысты тігу барысында оқушылар түстердің үйлесімділігін айыра білуі керек, себебі жұмыстың әдемілігі түстерді сауатты қолданумен тығыз байланысты болады. Бұл мақсатқа жету үшін оқушыларды түстік спектрмен (негізгі, қосынды, ахроматикалық, хроматикалық, салқын, жылы, қосымша, контрасты) таныстыру қажет.

Жіп сурет техникасы деп қатырма қағазға барқыт қағазға салынған суреттің бойымен жіппен тігуді айтады. Қолөнердің бұл түрінде балалар сызғышпен, үлгімен, шаблонмен жұмыс істеуге үйренеді, ине-жіпті қолдану дағдыларын бекітеді. Көзбен өлшеу дағдылары дамиды, қол саусақтарының шағын моторикасы жетіледі, көркем-шығармашылық әрекетпен айналасу барысында ұқыптылыққа үйренеді. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескере отырып сабақта жіп сурет техникасының бір түрі – суретті кескінді толтыру (16 - сурет) әдісін қолдануға болады.



16-сурет – Суретті кескінді толтыру

Жұмысты орындау үшін:

- негізгі түске гүлдің суретін салу (алдын ала дайындалған шаблонның көмегімен салуға болады);
- жіптердің бір-біріне сәйкес келетін түстерін таңдау;

- үстелді зақымдамау мақсатында пенопласт тақтайшасын қолдана отырып, суреттің бойымен бірдей қашықтықта инемен тесіктер жасап алуға болады, бұл тігу жұмысын жеңілдетеді;

- жіп және иненің көмегімен суреттің доғаларын тігіп шығу.

Тігу барысында түрлі доғалар қолданылады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып неғұрлым жеңіл суреттер алу қажет және суреттердің ұсақ элементтері көп болмауы тиіс. Суреттерді балаларға арналған кітаптардан және бояу кітапшаларынан алуға болады.

Сонымен, бастауыш сыныптардағы «Көркем еңбек» пәнінде оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге, қиялдауға, өз еңбегінің нәтижесін көруге тартатын жұмыстардың түрлері алуан түрлі. Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Көркем еңбек» пәні қолданысқа енгізілмегенімен өз тәжірибелерінде «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндерінің кейбір тақырыптарын кіріктіріп оқытып жүрген мұғалімдер баршылық.

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әл-Фараби мектеп-лицейінің жоғары санатты, Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары аясында бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқыту курстарын аяқтаған Темирбулатова Гүлнар Салаутовна өзінің сабақтарында «Бейнелеу өнері» мен «Еңбекке баулу» пәндерін кіріктіріп оқытуды қолданып жүрген мұғалімдердің бірі. Гүлнар Салаутовна өзі өткізген «Сәукеле» тақырыбындағы сабақтың үлгісін ұсынады. Бұл сабақты екі сағат көлемінде өткізуге болады (бір сабақ теория, екінші сабақ практикалық жұмыс).

Кіріктірілген сабақ: еңбекке баулу және бейнелеу өнері <b>Тақырыбы:</b> Сәукеле	Мектеп : қазақ мектеп-гимназиясы	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 3	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Үлгіге қарап, табиғи және жасанды материалдардан бұйымдар жасау. Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер түрлерімен танысу, ұлттық бұйым сәукелені бейнелеу	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады:	
	Ұлттық бас киімдерді біледі.	
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады:	
	Ұлттық бас киімдердің ерекшеліктерін атай алады.	
	Кейбір оқушылар орындай алады:	
	Бас киімдердің түрлерін, пайдалану және тұтыну ерекшеліктері туралы түсінік береді.	
Тілдік мақсат	Барлық оқушылар орындай алады:	
	Ұлттық бас киімдердің түрлерін, қажеттілігін түсінеді.	
	Түйінді сөздер мен сөз тіркестері:	
	Сәндік қолданбалы өнер, сәукеле	
	Сыныптағы диалог/ жазылым үшін сай келетін тіл стилі:	
	Үш тілде айтып үйрену: Өрнек, ою-өрнек, бас киім.	
	<i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i>	

	Ою-өректердің түрлерін білеміз бе?	
	Не себепті..... деп ойласыз?	
	Не себепті олай ойлайсың?	
Алдыңғы оқу:	Қазақ халқының кәсіп түрлерін ажырату.	
<b>Жоспар</b>		
Жоспарланған уақыт есебі	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы	<p><b>Психологиялық тренинг «Менің көңіл-күйім»</b></p> <p>Шешуі келесі бас киімдерді білдіретін сөзжұмбақтар құрастыру: бөрік, тымақ, сәукеле, кимешек, тақия, шәлі, мұрақ. (Сөзжұмбақтар келесідей болуы мүмкін)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әйелдер де, ер кісілер де киетін бас киім.</li> <li>2. Ерлердің қыстық бас киімі.</li> <li>3. Қалыңдықтың бас киімі.</li> <li>4. Жас келін балалы болған соң киетін бас киім.</li> <li>5. Тұрмыс құрмаған қыз балалар киетін бас киім.</li> <li>6. Орамал тәрізді тоқылған әйел бас киімі.</li> <li>7. Елбасы, ел ағалары киетін қалпақтың түрі.</li> </ol> <p><b>Ой қозғау</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар сөзжұмбақта қандай бас киімдер туралы айтылды? (Бөрік, тымақ, сәукеле, кимешек, тақия, шәлі, мұра).</li> <li>- Балалар, ер адамдар қандай бас киімдер киген?</li> <li>- Әйелдер қандай бас киімдер киген?</li> <li>- Әйелдер баскиімі мен қыз бала баскиімі арасында айырмашылық бар ма?</li> <li>- Сәукелені кімдер киеді? (қалыңдықтар, жас келіншектер).</li> </ul>	
Ортасы 8 минут.	<p>Халқымыз ұлттық киімге айрықша мән берген. Қазақ халқы ешқашан жалаң бас жүрмеген. Ер адам, әйел адам өзіне сай бас киім киген.</p> <p><b>Сын тұрғысынан ойлау</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Баскиімнің қандай пайдасы бар? (қыста аяздан, жазда күннің ыстығынан қорғайды)</li> <li>2. Топтарға алдын ала жинақталған әдебиеттерден бас киімдердің шығу тарихы, әзірлену жолдары туралы мағлұматтар жинауға тапсырма беру. Мысалы: <ul style="list-style-type: none"> <li>- бас киімдердің шығу тарихы;</li> <li>- жас ерекшеліктеріне және ер адамдар мен әйел адамдарға қатысты баскиімдердің бөлінуі;</li> <li>- сәукеленің әзірлену жолы;</li> <li>- ою-өрнектің түрлері.</li> </ul> </li> </ol> <p><b>Тапсырма: жеке-жеке тапсырма орындау.</b></p> <p><b>Бейнелеу.</b></p> <p>Сәукелені үлгілеу. Акварельмен/гуашпен, түрлі-түсті карандаштармен бояу, сәукеленің суретін салу.</p> <p><b>Көркем еңбек.</b></p> <p>Әртүрлі ою-өрнектермен безендіру.</p>	АКТ
Үштілділік: Үш тілде айтып үйрену: бас киім, өрнек, ою-өрнек, композиция		түсті бояулар альбом, қайшы, түсті қағаз желім
Соңы  Киімдерге байланысты	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жас қыздың басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі.</li> <li>2. Сыңар аяқ киім киген баланың әйелі ұры болады.</li> <li>3. Киімнің түймесін айқастырып салса, қуанышты хабар келеді.</li> <li>4. Ілулі тұрған киімнің түймесін салмайды.</li> <li>5. Аяқ киімді оң аяқтан бастап киеді, сол</li> </ol>	

ырымдар.	аяқтан шешеді. 6. Қонаққа келген сәбиге көгендік береді немесе киім алып береді. 7. Киім сатып алғанда: «Киімнің күйрек, жаның берік болсын» деген тілек айтады. 8. Ақ жаулықты ортаға тастау. 9. Сәукеле – «сау келеді» деген мағына беріп, оны тек қалыңдық киген. 10. Бас киімді теріс киюге болмайды. Оқушылар жұмыстарынан көрме ұйымдастыру		
Үйге тапсырма:	Қалаған баскиімнің суретін салып, түйе табан, қос мүйіз өрнектерімен әшекейлеу.		
Қосымша мәліметтер	Ерлер баскиімі туралы мәлімет жинау		
Саралап-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау - оқушы білімін қалай жоспарлайсыз? Табыс критерилерін құрамын Дескрипторлар бойынша	Пәнаралық байланыс. Денсаулық және қауіпсіздік. АКТ-мен байланысы	Математикамен Өмірмен байланыс Бейнелеу мен еңбекке баулу
Рефлексия Сабақтың мақсаттары мен міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті? Жоспарлау мен саралау жақсы іске асты ма? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгізер едім? Неліктен?	-иә, мақсаттарымен міндеттері орындалды  Айтылым және тыңдалым бойынша тапсырма үлгілері: •шығармашылық жұмыс орындау үшін түрлі идеяларды талқылау		

Усаева Гульмира Елтаевна

I санатты, деңгейлі бағдарламалар аясында үшінші деңгейдегі

бастауыш сынып мұғалімі

Астана қаласы №72 мектеп-лицейі

Кіріктірілген сабақ: еңбекке баулу және бейнелеу өнері <b>Тақырыбы:</b> Ою-өрнек түрлері. Көрпе құрау.	Мектеп-лицейі:		
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Усаева Гульмира Елтаевна		
Сынып: 1	Қатысқандар:	Қатыспағандар:	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	1.2.4.2. Үлгіге қарап, геометриялық пішіндерді сала отырып, «Сегіз қанат» ою құрау. Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер түрлерімен танысу, ұлттық бұйымды геометриялық фигурамен безендіру.		
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:		
	Ұлттық үй жиһаздарды біледі.		
	Оқушылардың көпшілігі:		
	Ұлттық ою-өрнектердің түрлерін атай алады.		
	Кейбір оқушылар:		
	Ұлттық ою-өрнек түрлерін, құрақтың пайдалануы және тұтыну ерекшеліктері туралы түсінік береді.		
<b>Жоспар</b>			
Жоспарланған	Жоспарланған жаттығу түрлері		Ресурстар

Уақыт есебі		
Басы	<p><b>Психологиялық тренинг Оқушыларға үшбұрыш таратып беру.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Үшбұрыштың үш бұрышына сыныптағы үш оқушының атын жазу.</li> <li>- Бірінші бұрышқа жазған оқушымен қол алысу.</li> <li>- Екінші бұрышқа жазған оқушының басын сипау.</li> <li>- Үшінші бұрышқа жазған оқушымен құшақтасу.</li> </ul> <p><b>Ой қозғау</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Құрақтың қандай түрлерін білесіңдер.</li> <li>- Үйлеріңде құралған көрпеше, жастықшалар бар ма?</li> <li>- Құрақты кімдер құрайды?</li> <li>- Құрақ қандай маталардан құралады?</li> </ul>	
<p>Ортасы</p> <p>Үштілділік: Үш тілде айтып үйрену: өрнек, ою-өрнек, композиция</p>	<p>Құрақ – мата қалдықтарынан жасалатын үй бұйымының бірі. Құрақты қазақ халқы тек төсеніш ретінде емес, сонымен бірге сәндік үшін жастық бетіне де жасаған. Еш оқытатын мектеп жоқ кездің өзінде шеберлер геометрияны оқымасы да түрлі геометриялық фигуралардан тұратын құрақты сәндеп құрай білгендігін оқушыларға үлгі етіп, ежелгі мәдениетіміз тек сәнді емес, үнемді де болғандығын айтып кетемін. Бүгінгі күнде де құрақ бұйымынсыз бірде бір қазақтың үйі жоқ екендігі бәрімізге мәлім.</p> <p>Құрақтың қолдануы – үй жиһаздарының бірі: құрақ көрпе, көрпеше ата-бабаларымыздың дәстүрлі төсеніші болған және тұрмысымызға көрік беретін сәндік бұйымдырдың бірі. Құрақтан қолдорба да жасалған, керме, аяққап, шайдорба, сандық жапқыш т.б. көптеген бұйымдар жасалғанына мысалдар келтірейік.</p> <p>Киіз үй жиһаздары – құрақпен безендірілген бұйымдарды естеріңе түсіріңдер.</p> <p><b>Тапсырма: Жеке-жеке тапсырма орындау.</b></p> <p><b>Бейнелеу .</b></p> <p>Сегіз қанат құрақты құрау үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жалпы құрақ құрауда аса шеберлік қажет екендігі ескертіледі.</li> <li>- Құрақ құрағанда мата таңдау және мата түстері туралы ұлттық ұғымдар айтылады. Қызыл түс – гүлдің, қызғалдақтың, көктемнің белгісін білдіреді; сары түс – күннің белгісін білдіреді; көк түс – аспанның түсін білдіреді; жасыл түс – даланың көгал шөбінің, жердің белгісі.</li> <li>- Сегіз қанат құрағы геометриялық фигуралар арқылы құрылады. Ендеше үшбұрыш фигурасын салуға кірісеміз.</li> <li>- Сегіз қанат құрағын құрау үшін сегіз бір түсті үшбұрыш, сегіз басқа түсті үшбұрыш салып бояймыз.</li> <li>- Үшбұрыштың суретін салып гуашпен бояу.</li> </ul> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Үшбұрыштарды қиып, бір-бірімен беттестіріп, екі-екіден түстері бойынша ақ картонға жапсыру.</li> </ul>	<p>АКТ</p> <p>Түсті бояулар альбом, қайшы, түсті қағаз, желім</p>

Соңы	<p>- Құрақ – қазақ халқының үй тұрмысының бұйымдарында ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан ұлттық тәсілдегі өнер екендігіне көз жеткіздік.</p> <p>- Құрақ қырау өнерінің шығуы тікелей үй жиһаздарының сәнділігі, мата түрлерін пайдаланудағы үнемділігі адам баласы күнделікті тұтынатын төсеніш екенін меңгердік</p> <p>Қорытынды сұрақтар:</p> <p>- Ұлттық үйлесім бойынша қанша түсті білесіңдер?</p> <p>- Сегіз қанат құрағының үлгісінің бөлшектері қандай геометриялық фигурадан тұрады ?</p> <p>- Қауіпсіздік сақтау ережелерінің қолдануын ата.</p> <p>- Ұлттық қолөнер құрақ құрағынан шығатын бұйымдарды ата.</p>
<p>Рефлексия</p> <p>Сабақтың мақсаттары мен міндеттері орындалды ма?</p> <p>Бүгін оқушылар не үйренді?</p> <p>Сабақ қалай өтті?</p> <p>Жоспарлау мен саралау іске жақсы асты ма?</p> <p>Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгізер едім? Неліктен?</p>	<p>- иә, мақсаттарымен міндеттері орындалды</p> <p>Айтылым және тыңдалым бойынша тапсырма үлгілері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•шығармашылық жұмыс орындау үшін түрлі идеяларды талқылау</li> </ul>

Қарлығаш Дулатқызы Сулейменова

I санатты бастауыш сынып мұғалімі

№ 9 орта мектебі Степногорск қаласы

Ақмола облысы

Еңбекке баулу және бейнелеу өнерінен кіріктірілген сабақ жоспары

2-сынып

Сабақтың тақырыбы: Ұлттық ою-өрнек туралы түсінік.

Сабақтың мақсаты:

білімдік: қазақ ұлтының ою-өрнегі туралы түсінік беру;

дамытушылық: өрнектердің орналастыру ерекшеліктерімен таныстыру, графикалық білімдер мен дағдыларды дамыту;

тәрбиелік: туған мәдениетке қызығушылық туғызу және оны құрметтеуге баулу.

Сабақтың түрі: жаңа сабақ

Сабақта қолданатын технология түрі: АКТ, СТО

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, сурет салу, жапсыру

Көрнекі құралдар: ою-өрнек түрлері, суреттер, слайдтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Психологиялық дайындық.

Күннен шуақ аламыз.

Биікке қанат қағамыз,

Болашаққа талпынып

Оттай лаулап жанамыз

Сабақты жақсы оқып,

Кілең бестік аламыз.

II. Өткен сабаққа шолу жасап, техника қауіпсіздігі ережесін еске түсіру.



Еңбек сабағына арналған ұшы доғал қайшыны пайдалан.  
 Қайшыны тек өз жұмыс орнында ғана пайдалан.  
 Қайшының ұшын жоғары қаратып ұстама.  
 Қайшыны ашық күйінде қалдырма.  
 Екінші адамға қайшыны жабық түрінде сабы жағымен ұсын.  
 Қайшымен қию кезінде жүрме, ешкімге жақындама.  
 Қайшының алмасына зер салып қи.  
 Жұмыс соңында қайшыны қабына салып қой.  
 Желімнің қақпағын абайлап аш.  
 Қағазға ұқыпты, керегінше жақ.  
 Артығын сүрткішпен алып таста.  
 Қолыңды сүрткішпен сүрт.  
 Жұмыс соңында қақпағын жауып, орнына қой.  
 Қылқаламды қажетті уақытта ғана ұста.  
 Қылқаламды ешкімге нұсқама.  
 III. Жаңа сабақты түсіндіру

«Ою-өрнек» сөзі – латынның «орнамент» деген сөзінің баламасы. «Орнамент» сөзі – «сәндеу» немесе «әсемдеу» деген ұғымды білдіреді. «Ою» сөзі, біріншіден, ағаш немесе темір материалдарын ойып, затты көркемдеу дегенді білдірсе, екіншіден, материалды ою немесе ою үлгісін дайындау деген ұғымды білдіреді. Ал «өрнек» сөзі – бірнеше көркемдеп сызылған сызықтар жиынтығынан құралған әсемдік сызба. Ою-өрнек – бұл сызба. Халық ерте заманнан ою-өрнекті дамытып келеді. Ою-өрнек түрлері көп. Ол – көркем қолөнердің бір саласы. Халық шеберлері ою-өрнекті өсімдік, құс, жануарлар, ғарыштық денелер бейнесіне ұқсатып құрастыра білген. Ою-өрнекті тұрмыстық мүліктер мен бұйымдарды безендіруге қолданған.

Ою-өрнек түрлері



IV. Практикалық жұмыс.

Сурет дәптеріне қошқармүйіз өрнегін салып және оны қағаздан қию, жапсыру жұмыстарын ұйымдастыру.

«Қошқармүйіз» оюын қию




Төрт бөліктен құралған «қошқармүйіз» оюын қиып үйрену үшін өлшемі 10x10 см шаршы пішінді қағаз қиып аламыз, өлшемін өз қалауыңша алуға да болады.

Жұмыстың орындалу реті:

- қағазды төрт қабаттап бүктейміз.
- төртке бүктелген қазақдың бетіне үлгінің көмегімен оюды сыз.
- сызылған оюды сызық боймен қиып ал.
- оюынды жазып, тегісте.

Төрт бөліктен тұратын «қошқармүйіз» оюы дайын. Оюды басқа түсті қағазға жапсырамыз.



V. Сабақты қорытындылау.

Жұмыстың орындалу барысына талдау жасау.

VI. Сабақты бекіту сұрақтары:

1. Қандай ою-өрнек түрлерін білесіңдер?
2. Ою-өрнекті қайда қолданады?

Сабақ соңында оқушылардың сабақ барысында көрсеткен белсенділік ынталарына қорытынды жасай отырып, жұмыстарын сапасына қарай бағау.

VII. Үйге тапсырма беру.

Солтанбекова Алтын Алпысбаевна

Жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі

№72 мектеп-лицейі

Астана қаласы

«Бейнелеу өнері» пәніндегі «Еске түсіру арқылы көбелектің суретін саламыз» тақырыбы мен «Еңбекке баулу» пәніндегі «Көбелек және гүл» композициясы тақырыптарын кіріктіру

Сабақ тақырыбы: «Көбелек»

Мақсаты: Табиғатқа деген өзінің құнтты қарым-қатынасын көрсете білуге үйрету; күрделі пішіндегі затты бейнелеу және көлемді заттың композициясын жапсырмалау әдісіне баулу. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау. Шығарма мазмұны бойынша түйінді ой қорытады, басқалардың пікірі мен көзқарасына баға береді.

**I. Ұйымдастыру.** «Үш көбелек» ертегісін тыңдау

Ертегіні тыңдап болғаннан кейін: «Шын достар – тек қиындықта сыналады» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? деген сұрақ қою арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауларына мүмкіндік жасау.

## II. Ой қозғау. «Суреттер сыры».


Төменде ұсынылған суреттерге назар аударту. Суреттерде не бейнеленгені туралы ойланып, өз ойларын ортаға салу



Дереккөзі: <http://erketai.kz/balalarga/ertegiler-alemi/ush-kobelek-nemis-ertegisi/>


## III. Практикалық жұмыс

Көбелек салудан бастаймыз. Негізгі өлшемін белгілейміз. Кеудесінің пішінін бейнелеу үшін барлық ұзындығын тең бөліп, ортасынан көлденең сызық жүргіземіз. Кеудесінің ортасын алдыңғы қанаттарының көлденең жатқан төменгі сызығы белгілейді. Оның түзу сызықпен белгілеп қойып, кеудесін сопақшалау етіп көрсетміз.



Басын, құрсағын саламыз. Қанаттарын сызба түрінде көрсетеміз. Негізгі бөліктердің кескініне қарап, алдыңғы қанаттарының жоғарғы бұрышын қосатын түзу көлденең сызық жүргіземіз. Алдыңғы және артқы қанаттарын қосатын иілген сызықтар, артқы қанаттарының төменгі жағынан көлденең сызықтар сызамыз. Сөйтіп, трапеция пішініндегі көбелек дайын.

Көбелектердің оң жақ бөлігі мен сол жақ бөлігінің өрнектері бірдей болады.



## Бояу жұмысы

Бояуларды араластыра отырып, қаншама тамаша түсті алуға болатындығын еске түсіру.

қызыл + сары = қызғылтсары

сары + көк = жасыл

қызыл + көк = күлгін




Жіңішке қылқаламмен басы, кеудесі, сосын көзі, мұрты салынады.

### «Көбелек және гүл» композициясын жасау

Оқушыларға әртүрлі дәндер (өрік, шиесі, т.б.) таратылады. Ермексазбен біріктіріп гүл пішінін құрастыру жұмысы орындалады.

	<p>Өздері бейнелеген көбелек суретін қиып алып таңдалған өңге жапсырады. Көбелектің қанатына, денесіне шиесі сүйектерін желімдеуге болады.</p>
	<p>Гүлдерді өрік пен шиесі жемістерінің сүйектерінен жасауға болады. Оларды ермексаздың көмегімен біріктіру</p>
	<p>Гүлдердің жапырақтарын үлгіде көрсетілгендей жасыл қағаздан жасауға болады</p>
	<p>Жапырақтың ортасын дөңес етіп көтеріп, екі ұшын ғана желімдеу.</p>



Әр оқушы өзінің біткен жұмысын қорғайды. Нені бейнеледі, қандай заттарды қолдана білді, т.б. (бұл жұмысты топта да орындауға болады).

**Үйге тапсырма:** Көбелектің басқа да түрлерінен композиция құрастырып келу.

## 7 «Көркем еңбек» кіріктірілген пәндері бойынша оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары

Соңғы онжылдықтарда әлемде болып жатқан өзгерістер, білім беру жүйесі қызметіне қоғамның жасайтын әлеуметтік тапсырысын анықтап отыр. Білім берудің мақсаттарын және мектеп жұмысын ұйымдастырудың жүйесін түбегейлі қарастырмайынша білім алушылардың қоғамның әлеуметтік жана жағдайларына және «ақпараттық жарылысқа» бейімделуі күрделі болады.

Педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық технологияларды сипаттайтын көптеген терминдер кездеседі, мысалы: бағдарламалық оқыту, проблемалық оқыту, дәстүрлі технология, авторлық технология және т.б.

Заманауи педагогикалық технологиялардың шетелдік танымал авторларына Дж. Кэрролл, Б.Блум, Д.Брунер, Г.Гейс, В.Коскарелли және т.б. жатады. Оқытудың технологиялық тәсілдерінің ресейлік теориясы мен практикасының тәжірибесі П.Я.Гальпериннің, Н.Ф.Талызинаның, Ю.К.Бабанскийдің, П.М.Эрдниевтің, В.П.Беспальконың, М.В.Клариннің және т.б. ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан. Педагогикалық технологиялардың тәрбиелік мағынасы қазақстандық ғалымдар В.М.Коротовтың, Н.Е.Щурковтың, В.Ю.Питюковтың және т.б. зерттеулерінің нысаны болып отыр. А.Е.Абылқасымова, М.Ж.Жадрина, С.Н.Лактионова, А.К.Рысбаева және т.б. педагогикалық технологияны жаңа оқу пәні ретінде зерттеді.

В.П.Беспалько педагогикалық технологиялардың келесі белгілерін атап көрсетеді:

- оқытудың, тәрбиелеудің нақты, бірізді педагогикалық, дидактикалық мақсаттарын әзірлеу;
- қабылдануға тиісті ақпаратты құрылымдау, реттеу, нығыздау;
- оқытудың және бақылаудың дидактикалық, техникалық, сонымен қатар компьютерлік құралдарын кешенді қолдану;
- оқыту мен тәрбиелеудің диагностикалық функцияларын мүмкіндігінше күшейту;
- оқыту сапасының жеткілікті биік деңгейін кепілдендіру.

Педагогикалық технология педагогикалық шеберлікпен өзара байланысты, ол қажетті мазмұнды іріктеп алуды, оқытудың бағдарламаға және білім берудің міндеттеріне сәйкес қолайлы әдістері мен құралдарын пайдалануды қарастырады. Педагогикалық технологияны толық меңгеру педагогикалық шеберлік дегенді білдіреді. Бір технологияны әр мұғалім өзінше жүзеге асырады және оның жүзеге асыру ерекшелігінен педагогикалық шеберлікті көруге болады.

*Дамыта оқыту технологиясы.*

1. Л.В.Занков дамыта оқытуды келесідей жүйелейді:

- бала тұлғасын дамыту;
- жеке тұлғаның жалпы дамуының жоғары деңгейі;
- тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуына негіз жасау.

Іс-әрекетті жүзеге асыруға үйрену оқытудың мақсаты болып табылады.

2. Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясының

мақсаттары:

- теориялық сана-сезім және ойлау қабілетін қалыптастыру, білімді ғылыми ұғымдар деңгейінде меңгеру;
- іс-әрекетті жүзеге асыруға үйрену;
- балалардың оқу қызметінде ғылыми таным логикасын еске түсіру;
- оқушылар мазмұнды қорытынды жасай білулері тиіс, яғни бастапқы ұғымдарды нақтылау, іс-әрекетті ойша орындаудан нақты орындауға ауыса алу;
- белгілер моделі түрінде берілген оқу іс-әрекетінің жаңа құралдарын меңгеру.

3. А.А.Востриковтың диагностикалық тура дамыта оқыту технологиясының мақсаты:

- туа біткен және өмір сүру барысында пайда болған қабілеттерді тура дамыту және оларды оқу үдерісіне қосу;
- баланың оқу және мінез-құлықтық енжарлығын серпінді жеңу;
- баланың табысты іс-әрекет жасауына және ұйымдастырушылық тәжірибесіне қажетті белсенділік қалыптастыру;
- оқыту әдістерінің жүйесіне және мазмұнына енгізілген педагогикалық психотерапия кешенінің көмегімен баланың жүйкелік мазасыздануын болдырмау (денсаулық сақтау технологиялары және қолайлылық принципі);
- құрбыларымен және отбасы мүшелерімен достық қарым-қатынас қабілеттерін қалыптастыру және адамгершілік қасиеттерін дамыту;
- жеке және топтық шығармашылық жұмыс істеу барысында ауқымды ақпаратпен жұмыс істеу, сол ақпаратты күнделікті өмірде қолдану, іздеу, өңдеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту;
- дамыған ақыл-парасат көрінісі ретінде сезім және жан толғанысы мәдениетін дамыту;

4. Тұлғаның шығармашылық дарынын дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесінің мақсаттары (И. П. Волков, Г. С. Альтшуллер, И. П. Иванов):

- шығармашылық қабілеттерді анықтау, есепке алу және дамыту;
- оқушыларды нақты нәтиже алуға болатын шығармашылық іс-әрекетке тарту;
- шығармашылық қиялдың түрлерімен таныстыру;
- ойлап тапқыштық міндеттерін шешуге үйрету;
- құқықтық демократиялық қоғам құруға өз үлесін қосатын, қоғамның мәдениетін арттыратын қоғамдық-белсенді тұлға тәрбиелеу.

5. И.С Якиманскаяның тұлғаға бағытталған дамыта оқыту технологиясының мақсаты:

- әр оқушының тұлғалық танымдық қабілеттерін дамыту;
- баланың жеке тәжірибесін анықтау, ынталандыру, пайдалану;
- баланың бойында бұрын пайда болған қасиеттерді қалыптастырмай, оның өзін-өзі тануына, өз тағдырын өзі шешуіне көмектесу.

6. А.А.Ухтомский және Г.К.Селевконың оқушы тұлғасының өздігінен дамыту технологиясының мақсаты – өз бетінше кемелдене алатын адам қалыптастыру.

7. Л.Г Петерсонның дамыта оқытудың кіріктірілген технологиясының

(жүйелі-әрекеттік педагогиканың технологиясы) мақсаттары:

- өскелең ұрпақтың бойында өздігінен дамуға дайын болу қасиетін қалыптастыру;
- жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесін және оның жеке тұлғалық сапаларда көрініс табуын қалыптастыру;
- іс-әрекеттік оқыту арқылы ойлауды қалыптастыру;
- белгілі бір жүйеде ондағы қалыптасқан тәртіптерге сәйкес бейімделе алу шеберлігін қалыптастыру;
- өзінің іс-әрекетін мақсатқа жетуге бағыттап жоспарлау және өзінің іс-әрекеті мен нәтижелерін бағалай білу дағдысын қалыптастыру;
- білім беру бағдарламалары деңгейіне және заманауи білім деңгейіне сәйкес әлем бейнесін қалыптастыру.

Қазіргі кезде білім саласында қолданылып жүрген көптеген технологиялардың ішінде дамыта оқыту технологиясы көпшілікке неғұрлым танылған технологиялардың бірі болып отыр.

Егер бастауыш сыныптардағы кіріктірілген «Көркем еңбек» пәнінде дамыта оқыту технологиясын қолдану туралы айтатын болсақ, мақсаттар жүйесі білімді дамытып отыруға негізделген. Мысалы, «Қоршаған ортаны білу және түсіну» бөлімшесін қарастырайық.

1-сыныпта мақсат – Қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін, таныс бейнелер мен пішіндерін білу (түс, фактура, пішін және т.б.).

2-сыныпта мақсат – Қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін таныс бейнелер мен пішіндерді зерттеу барысында сипаттау (түс, фактура, пішін және т.б.).

3-сыныпта мақсат – Бейнелер мен пішіндерді зерттеу барысында олардың айырмашылығы мен ұқсастықтарын меңгере отырып, қоршаған ортаның ерекшеліктерін түсіндіру (түс, фактура, пішін және т.б.).

4-сыныпта мақсат – Қоршаған ортаның ерекшеліктерін, аса күрделі бейнелері мен пішіндерін зерттеу барысында олардың, айырмашылығын, ұқсастығын және өзара байланыс себептерін түсіну және түсіндіру (түс, фактура, пішін және т.б.).

Мақсаттар жүйесінен бір тақырып аясы жылдан жылға тереңдетілу арқылы, оқушылардың білімі, білігі, дағдысы дамытылатынын көруге болады.

*Ақыл-ой қызметін кезең-кезеңмен қалыптастыру технологиясы.*


Ақыл-ой қызметін кезең-кезеңмен қалыптастыру технологиясы П.Я.Гальпериннің, Д.Б.Элькониннің, Н.Ф.Талызинаның және басқалардың теориясы негізіне сәйкес әзірленген. Аталған теорияның авторлары білім, біліктер және дағдылар адамның іс-әрекетінен сытқары қабылдануы және сақталуы мүмкін еместігін анықтады. Тәжірибелік іс-әрекет барысында әрекетті жүзеге асырудың мақсаты, жоспары және құралдары жүйесі ретінде адамның бойында бағдарлы негіз қалыптасады. Яғни адам іс-әрекетті дұрыс орындауы үшін жұмыс істеу барысында қандай өзгерістер болуы мүмкін, қандай мәселелерге көңіл аудару, нені бақылауда ұстау қажет екенін алдын ала ойластырып отыруы тиіс. Бұл жағдайлар ақыл-ой қызметін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясының негізін құрайды.



Аталған технологияны кіріктірілген «Көркем еңбек» пәнінде қолдану бойынша, жоғарыда қарастырылған «Қоршаған ортаны білу және түсіну» бөлімшесіндегі (1-сынып) – Қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін, таныс бейнелер мен пішіндерін білу (түс, фактура, пішін және т.б.) мақсатына мысал келтірейік. Мысалы, көбелек суретін салу және қиып алу жұмысына балалардың ынтасын арттыру үшін, көбелектер туралы мультфильм тамашалауға болады. Мультфильмді тамашалағаннан соң, «көбелектердің түстері қандай?», «олардың пішіні қандай?», «көбелектер қандай өсімдіктерді жақсы көреді?» т.с.с. сұрақтар қою арқылы мұғалім оқушыларды іс-әрекетке бағыттады. Іс-әрекетті меңгеру кезеңде мұғалім оқушыларға көбелектің дайын пішінінің көмегімен сурет салуды ұсынады, яғни оқушылар ақыл-ой қызметін объектілермен (пішінді қолдану арқылы) бірге орындайды.

Келесі сатыда мұғалім қатты сөйлеу әрекетін орындауды жүзеге асырады немесе «көбелектің пішінін парақтың үстіне қоямыз. Пішінді сол қолымызбен басып тұрамыз, көбелек жылжымауы тиіс. Оң қолымызбен пішінді айнала қарындашпен сызамыз. Көбелектің пішінін алып партаның шетіне қоямыз. ...» (одан әрі орындалатын әрекеттерді дауыстап айтып отырады). Оқушылар мұғаліммен бірге қайталап отыруларына да болады, ал келесі кезеңде оқушылар осы әрекеттерді іштей қайталай отырып, өз беттерінше жұмыс істейді. Соңғы кезеңде оқушылар дайын суреттен бұйымды (көбелекті) қиып алып, өз еріктерінше немесе қиялдарындағы көбектің түсіне ұқсатып бояп, соңғы нәтижені көреді.

Сонымен, Гальпериннің ақыл-ой қызметін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясы бойынша білімді меңгеру – бұл игерілген ұғымды қолдану бойынша іс-әрекеттің меңгерілу негізінде жүзеге асырылатын үдеріс. Білім– бұл біріншіден ұғым, ал міндеттерді шешу – нысанның айрықша белгілерін пайдалану. Белгілерін пайдалану бойынша іс-әрекетті меңгеру ұғымды түсінуге әкеледі. Іс-әрекетті және білімді меңгеру 6 кезеңнен тұрады: мотивациялау; бағыттаушы негіздегі іс-әрекетті меңгеру; материалдық формадағы іс-әрекетті меңгеру; қатты сөйлеу әрекетін орындау; «іштей» сөйлеу әрекетін орындау; ақыл-ой формасындағы әрекетті орындау (17-сурет).







17-сурет – Гальпериннің ақыл-ой қызметін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясы

Шебер ұстаздың арнайы ұйымдастырған дамытушылық кеңістігі оқушыларға білімді меңгерудің (ашудың) ұжымдық бірлескен ізденісін құруға мүмкіндік береді, бұл *ұжымдық қарым-қатынас технологиясының* мәні болып табылады. Оқушылардың сана-сезімінің, ойлауының, тәжірибелік іс-әрекетінің қолайлы жаққа өзгеруі бұндай білім беру кеңістігінің нәтижелілік критерийлері болып табылады.

Ұжымдық қарым-қатынас (ұйымдастырылған диалог, үйлесімді диалог, оқытудың ұжымдық тәсілі, жұптық жұмыс) технологиясын А.Г.Ривин және оның шәкірттері В.В. Архипова, В.К.Дьяченко, А.С.Соколов және басқалардың қатысуымен әзірленген.

Ұжымдық қарым-қатынас технологиясы үш компоненттен тұрады:

- оқу материалын дайындау;
- оқушыларды бағыттау;
- сабақтың технологиялық кезеңі.

Оқу материалын дайындау оқу мәтіндерін, тақырып бойынша қосымша және анықтамалық әдебиеттерді іріктеуден тұрады; оқу материалын меңгеру бірліктеріне бөлу (мағыналық абзацтар); мақсатқа бағытталған тапсырмалар (сонымен қатар үй тапсырмаларын да) әзірлеу.

Кіріктірілген «Көркем еңбек» пәніндегі ұжымдық қарым-қатынас технологиясы, балаларды ұжымда бірлесіп жұмыс істеуге, өз ойын дәлелдеуге, достарын тындай білуге, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Алдыңғы технологияларда қарастырылған «Қоршаған ортаны білу және түсіну» бөлімшесіндегі (1-сынып) – Қоршаған ортаның кейбір ерекшеліктерін, таныс бейнелер мен пішіндерін білу (түс, фактура, пішін және т.б.) мақсаты бойынша тағы бір мысал келтіруге болады. Дайын көбелек бейнелерін қолданып, оқушыларға топта «Жазғы дала» немесе «Көбелектер алаңы» атты шығармашылық жұмыс орындауды тапсыруға болады. Бұл жұмысты орындау барысында оқушылар өздері әзірлеген көбелектерді пайдаланады, сонымен қатар бірлесе отырып шығармашылық жұмыс орындайды, яғни біреуі гүлдердің суретін салады, біреуі бояйды т.с.с.

Профессор Ж.Қараевтың *деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы* жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І деңгейден орындайды. І деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. І деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады. Әрбір оқушы І деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен, баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? - деген сұрақ туады. І деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолдананылаты рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу.

Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне талдау жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы:

- оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне;
- оқушының ынталандыруға;
- оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынас достығына;
- оқушының өз білімін өзі бағалай білуіне;
- баға әділдігіне;
- білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді [19].

*Толық меңгеру технологиясы.*

Американдық ғалымдар Дж.Кэрролл және Б.Блум толық меңгеру технологиясының авторлары болып табылады. Олардың айтуынша баланың қабілеті оның білім алуына қолайлы жағдай жасалған кезде оның оқу темпімен анықталады. Толық меңгеру технологиясы бойынша барлық оқушылардың білімді, білікті және дағдыларды меңгеруіне арналған белгілі бір деңгей ұсынылады, бірақ әр оқушы үшін уақыт, әдіс-тәсілдер, жұмыс істеу жағдайы әр түрлі болады.

Аталған технология:

- балаларды оқу мақсатымен таныстыру;
- берілген тарау бойынша сыныпты жалпы оқу жоспарымен таныстыру;
- мұғалімнің материалды баяндауы;
- ағымдық тексеруді диагностикалық тест бойынша жүргізу;
- тексеру нәтижесін бағалау арқылы, тарау мазмұнын толық меңгерген оқушыларды анықтау;
- тарауды толық меңгермеген оқушылармен түзету оқуларын жүргізуді қарастырады [20].

Сонымен, барлық оқушылардың қол жеткізуі тиіс, оқытудың жоспарлы нәтижесі, яғни толық меңгеру үлгісі – бұл технологияның анықтаушысы болып табылады. Толық меңгеру үлгісі жүйеленген мақсаттар таксономиясының көмегімен беріледі немесе ойлау, сана-сезімдік және психомоторлық салаларға арнап әзірленген педагогикалық мақсаттар жүйесінің өзара байланысы.

*Модульдік оқыту технологиясы* – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдіс-тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

«Модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне (алдын-ала жоспарланған нәтиже) жету үшін іріктелген, дидактикалық тұрғыдан өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы. Жалпы «модуль» сөзі «оқытудың мазмұны мен технологиясын» білдіреді. «Модуль мазмұны» өзіндік мағына беретін оқу материалының көлемі ретінде ұсынылады.

Модуль – оқу мазмұны мен технологияны біріктіріп тұрған мақсатты функционалды байланыстырушы. Оқу модулі үш құрылымды бөліктен: кіріспе, сөйлесу және қорытынды бөлімінен тұрады.

Модульдік оқыту технологиясы – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыратын технология.

Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі:

- қысқаша сызбалар арқылы түсіндірілуі;
- оқушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтік қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру;
- барлық тақырыптар бойынша сынақ жүргізу [21].

Мазмұны жаңартылған білім беру бағдарламаларында негізінен оқушылардың ойлау қабілетін, ізденушілік, өзбетінше талдау жасау, өз

көзқарасын дәлелдеу, өзіне-өзі баға беру қабілеттерін дамытатын жобалау-зерттеушілік технологиясына басым көңіл аударылады.

Жобалау әдісі – бұл оқу үдерісін тұлғаландыруды мүмкін қылатын, білім алушының өз бетінше жоспар құруына, өз іс-әрекетін ұйымдастыруына және бақылауына жағдай жасайтын кешенді оқыту әдісі. Оқушылар жобалық практикалық тапсырмаларды жоспарлау және орындау барысында өз беттерінше білім алады. Жобалық әдістің басты мақсаты – білім алушының практикалық міндеттерді немесе проблемаларды шешуі барысында түрлі білім салаларынан алған білімдерін кіріктіру арқылы, өз бетінше білімін толықтыруына жағдай жасау.

*Жобалық оқыту технологиясы* – бұл белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталған оқушының өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілі. Ол тұлғаның шығармашылық дербестігіне, қызығушылықтарына, өзін қызықтыратын мәселенің шешімін табу жолындағы іс-әрекет үстінде оның интеллектуалдық және дене мүмкіндіктерінің, еріктік қасиеттері мен шығармашылық қабілеттерінің дамуына бағытталған.

Заманауи педагогикада жобалық оқыту жүйелі пәндік оқытудың орнына емес, сонымен қатар білім беру жүйелерінің компоненті ретінде қолданылады.

Жобалық оқыту технологиясы оқу жобасын орындау барысында оқушының қиыншылықтарды жеңу үшін нақты жағдаяттарды басынан кешіруді, құбылыстың, үдерістің түбіне жетуді қатыстыруды көздейді.

Оқу жобасына қойылатын талаптар:

1. Әлеуметтік маңызы бар зерттеушілік, ақпараттық, тәжірибелік міндеттің (мәселенің) бар болуы қажет.

2. Жобаны орындау мәселені шешу бойынша іс-әрекетті жоспарлаудан, басқаша айтқанда – жобаны жобалаудан, атап айтқанда – өнімнің түрі мен презентацияның түрін анықтаудан басталады.

3. Әр жоба, міндетті түрде, оқушылардың зерттеушілік жұмысын талап етеді.

Жобалық іс-әрекеттің басты ерекшелігі – ақпарат іздеу. Ол кейін өңделеді, зерделенеді және жобалау тобының қатысушыларына ұсынылады.

Жоба бойынша жұмыстың нәтижесі өнім болып табылады

Кешенді және көп мақсатты әдіс ретінде оқыту жобасының түрлері де көп. Жобадағы іс-әрекет түрінің басымдылығына қарай олар:

- тәжірибелік бағытты;

- зерттеушілік;

- ақпараттық;

- шығармашылық;

- рөлдік болып бөлінеді.

Жобаға қатысушылар санына қарай:

- жеке-дара

- топтық болады.

Ұзақтығына қарай:

- шағын жобалар (1 сабақ көлемінде орындалады);

- қысқа мерзімді (3-4 сабақ);

- орта мерзімді;
- Ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

Отандық және шетелдік педагогтер мен психологтердің пікірлерімен келіспеуге болмайды. Олардың пайымдауынша «жобалық оқыту сыныптық-сабақтық жүйені ығыстырып тастамау керек, оны «оқытудың тура және жанама түрлеріне» қосымша ретінде қолданған жөн».

Жобалық технологияның тиімділігі мен 7-10 жасар оқушылардың жас мүмкіншіліктерін ескере отырып, оны мектептік оқытудың бастауыш буынында қолдана бастаған жөн. Соған байланысты жобалау әдісінің ерекшеліктері мен оны бастауыш мектеп оқушыларымен ұйымдастырудың нұсқаларын қарастыру қажет.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген «Көркем еңбек» пәні оқу бағдарламасының «материалдар және шығармашылық жұмыс техникалары» бөлімшесіндегі «әртүрлі әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, өздігімен таңдалған материалдарды (*табиғи және жасанды*) және құралдарды қолданып, эксперимент жүргізу» мақсатын жобалық технология арқылы жүзеге асыруға болады. Тапсырма: табиғи материалдардың қандай түрлерін және қай жерлерде қолдануға болатынын анықтау; табиғи материалдарды қолданып ойыншықтар жасау.

Мысалы: оқушылар жаңғақтар туралы мәліметтер жинайды.

- жаңғақтардың түрлері (грек жаңғағы; орман жаңғағы; жер жаңғағы; самырсын жаңғағы т.б.);

- олардың өсетін жерлері, өсуіне қажетті жағдайлар;

- көркем еңбекте қолданылуы (қандай бұйымдар жасауға болады).

Самырсын жаңғақтарын аңдардың аяқтарын, орман адамдарын жасау барысында қолдануға болады. Бұл жаңғақтарды бізбен тесуге болады, жеңіл желімденеді.

Көркем еңбек туындыларын жасауда сандық компьютерлік технологияларды қолданудың негізінде, Д.Дьюидің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша күнделікті өмірден алынған практикалық мәселелерді шешу идеялары жатыр. Д.Дьюи білім мазмұнын стандарттаудың қажеттілігін теріске шығарады және оқытуды балалардың қызығушылығына бағытталуы тиіс деген көзқарас айтады.

Жоба – бұл ой, жоспар; бір құрылыстың, механизмнің алдын ала әзірленген жоспары; кезкелген бір құжаттың алдын ала әзірленген мәтіні.

Жобаның түрлері: пәнаралық, көппәндік болады.

Жобалық технологияның мәні: оқушылардың нақты мәселелерді шешуге деген қызығушылығын арттыру. Мәселенің шешімін табу үшін оқушының сол саладан жинақтаған білімі болуы және ол мәселені шешу үшін білім мен тәжірибелік іс-әрекеттерді сабақтастыра отырып нәтижесін практикалық жолмен көрсете білуі тиіс.

Сонымен жобалық оқыту технологиясы өнім ала отырып оқыту идеясын жүзеге асырудың тәжірибелік нұсқасының бірі болып табылады. Өнімді оқыту дегеніміз – оқыту үдерісі барысында орындалған іс-әрекеттің жеке нәтижесін көрсету арқылы түсіндіріледі.

### *Ойын технологиясы.*

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының негізгі саласы сабақ. Сабақ барысында бастауыш сынып оқушылардың білімі, біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, дүниетанымы дамиды. Кез келген сабақтың басты мақсаты – оқушы білімінің сапасын арттыру, яғни түпкі нәтижені көре білу, сабақ барысында берген білімнің қайтарымын көру. Ол үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қатыстыру қажет. Әр оқушының жас және даму ерекшелігіне байланысты сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі болады. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Бастауыш сынып оқушылары ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі – дидактикалық ойындар.

Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттырады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады. Бастауыш сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне қарай әлі де ойын баласы, сондықтан мұғалім оларды жалықтырмай әртүрлі ойындарды қолдану арқылы сабақты қызықты өткізуге тырысуы қажет. Бастауыш сыныптардың барлық пәндерінде, сонымен қатар «Көркем еңбек» сабақтарында да дидактикалық ойындарды жана тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, сурет салу, құрастыру, желімдеу т.б. жұмыс түрлерін ойын элементтерін пайдалану арқылы өткізуге болады.

Ойын технологиясы оқушылардың ой-өрісін, сана-сезімін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Ойын арқылы оқушы нені меңгереді?

Оқушылар нақты қызмет тәжірибесін меңгереді.

Оқушылар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйренеді.

Оқу процесінде алған білімдерін нақты істе қолдана білуге мүмкіндік алады.

Оқушы әрекетіне негізделген оқу көлемін басқарады.

Уақытты үнемдеуге үйренеді.

Психологиялық жағымды ортада білім алады.

Шешім қабылдауға, жауапкершілікке үйренеді.

Қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйренеді.

Ойын арқылы оқушылар өздері жеткен жетістіктері, әсерлері, алған білімі туралы ата-аналарымен, өзге балалармен, мұғалімдермен бөлісе алады.

Ойын технологиясын тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

Педагогикалық технологиялардың мәні оқушыны, оның қабілеттерін, қажеттіліктерін дамыту және сол арқылы оның қоршаған ортада еркін және өздігінше өмір сүруге бейімделуін қамтамасыз ету.

Сонымен, кіріктірілген «Көркем еңбек» пәнін оқыту барысында пән бойынша білім стандарты және оқу бағдарламалары қойған мақсаттарға жетуге жағдай жасайтын, яғни оқушылардың бойында:

- топта жұмыс істеу шеберлігін;
- өз ойын дәлелді және ашық айту дағдысын;
- сыныптастарының, достарының ойын тыңдау дағдысын;
- қолайлы психологиялық жағдай қалыптастыра алатын технологиялар қолданылады.

## **8 «Көркем еңбек» кіріктірілген пәндері бойынша оқушылардың білімдерін бағалау**

Бағалау – оқытудың тиімділігін арттыратын ықпалды шаралардың бірі.

Бағалау мақсаты: білім алушылардың оқу уәждемесі мен оқу дербестігін арттыру; білім алушылардың теориялық және практикалық білімнің, олардың оқу жоспарының міндетті компонент пәндері бойынша білігі мен дағдысының нақты деңгейін белгілеу; білім алушылардың білім сапасын арттыру.

Білім берудің жаңартылған мазмұндағы стандарты тек білім мазмұнын саралау принциптеріне ғана емес, білім алушылардың білімін бағалау жүйесіне де әсер етті. Білім беру стандартында көрсетілген маңызды ережелердің бірі бағалаудың әділдігін арттыру қызметі болып табылады. Қазіргі мектепте білім алушылардың жұмысын бағалаудың критериалды тәсілі кеңінен танылған, себебі осындай тәсіл ең алдымен процеске қатысушылардың барлығына зерделенген материалды меңгеру деңгейін түсінуге мүмкіндік беретін кері байланысты жүзеге асыруға көмектеседі. Кері байланыс мазмұнды болған сайын, оған реакция конструктивті болуы мүмкін. Критериалды бағалау – бұл өлшемшарттар бойынша бағалау, яғни оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамытудың әртүрлі бағыты бойынша олардың жетістігін көрсететін баға құраушылардан (өлшемшарттардан) құрылады.

Критериалды бағалау жүйесі білім беру процесіне қатысушылардың барлығына әр оқушының оқудағы жетістіктерін қадағалап отыруға, сонымен қатар мұғалімге:

- сапалы нәтижелер алуға жағдай жасайтын критерийлер әзірлеуге;
- өз іс-әрекетін жоспарлау және талдау үшін қажетті ақпаратты меңгеруіне;
- оқыту сапасын жақсартуына;
- әр оқушының тұлғалық қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып оқытудың тұлғалық траекториясын құруына;
- бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануына;
- оқу бағдарламасын жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын жасауға мүмкіндік береді.

Білім алушыларға:

- оқудың түрлі әдістерін, ойлау әрекетінің түрлерін және өз түсінігін айту қабілеттерін дамытуына;
- өзінің оқу нәтижелерін және жетістіктерін болжау және түзету үшін бағалау критерийлерін білуі және түсінуіне;
- өзін және достарын бағалай отырып рефлексияға қатысуына;
- білімін нақты мәселелерді шешуге қолдануына, өзінің түрлі көзқарастарын айтуына, сыни ойлауына жағдай жасайды.

Ата-аналарға:

- өз баласының білім деңгейінің нақты дәлелдерін алуларына;
- бала оқуының үдерісін қадағалауына;
- оқу үдерісі барысында балаға қолдау көрсетуіне;
- мұғаліммен және мектеп әкімшілігімен кері байланыс жасауларына;
- баласының мектепте және сыныпта өзін жайлы сезінетіне сенімді



болуына мүмкіндік береді.

Оқу мақсаттарына жеткендікті бағалау үшін бағалаудың формативтік және ішкі суммативтік түрлері қолданылады.

Формативтік бағалау – ағымдағы бағалау, оны оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының мақсаттарына сәйкес мұғалім жүргізеді және бағалаудың бұл түрі оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Формативті бағалауды жүргізу алдында оқушыларды оқу мақсаттарымен және жетістік критерийлерімен таныстырып отыру өте маңызды. Мысалы, егер «Әртүрлі тәсілдермен материалдарды және компоненттерді өлшеу, белгілеу, қию, формасын келтіру, жинақтау, қосу және біріктіру» мақсатын қолданатын болса, онда бұл мақсатқа жету жетістік критерийлері келесідей болуы мүмкін:

- табиғи материалдарды анықтай, іріктей, топтастыра алу, қолданылу аясын білу,

- олардың қасиеттерін білу т.б.

Бастауыш сынып оқушыларына түсінікті болу үшін мұғалім жетістік критерийлерін және жұмыс істеу барысында неге аса көңіл аудару қажеттігін түсіндіруі тиіс.

«Көркем еңбек» пәнінің бағдарламасы оқушылардың түсінуін, өз қобалжуларының мәнін түсінулерін дамытуды басты мақсат ретінде қарастырады. Аталған бағдарлама бойынша жұмыс істейтін мұғалімдер балалардың суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын бағалау барысында баланың туа біткен тұлғалық қасиетін көрсететін қоршаған ортамен байланысын көрсететін шығармашылығы ретінде қарайды. Бір мұғалімдер баланың жұмысын бағалауда бейнелеу сауаттылығы негізіне қараса, басқалары – баланың қоршаған әлемге қатынасы бойынша авторлық негізіне көңіл аударады.

Оқушылардың сабақтағы көркем-шығармашылық іс-әрекеттерін бағалаудың проблемалы маңызды аспектілерінің бірі қолданыста жүрген бағалау жүйесі. Қолданыстағы бағалау жүйесінде оқушылардың сабақтағы танымдық әрекеттері есепке алынбайды, тек соңғы нәтиже ретінде дайын сурет немесе бұйым бағаланады.

Сондықтан да оқушылардың көркем шығармашылық жетістіктерін бағалау жүйесін қайта қарау мәселесі туындап отыр. Баланың шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуы, сондай-ақ оның өз бетінше еңбек ету белсенділігін арттыру (өз бетінше бақылау-бағалау іс-әрекеттері элементтерінің қалыптасуы және дамуы) туралы мәселелер туындайды, бұл оның есеюінің негізгі белгісі болып табылады. Бұл қолданыстағы «Технология және өнер» білім саласының міндеттерін түбегейлі өзгертуге әкеледі. Жалпы сауаттылық пен түзетуді қалыптастыру және оқушылардың табиғи қасиеттерінің дамуы мәселелерінің арасында, соңғысы басым болып табылады. Әрине бұл мұғалімнің бақылау-бағалау әрекетіндегі рөліне жаңаша көзқарас тудырады.

Көркем еңбек сабақтарында осындай бағалау жүйесін қолдану, қажеттілігі туындайды, ол өзінің бойында бақылау мен диагностиканы үйлестіреді, яғни мұғалім, мектеп әкімшілігі, ата-аналар тарапынан болатын бақылауды шеткерілетпей, керісінше оқушының өздігінен бақылау және өзін-өзі бағалауын

күшейтер еді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде бастауыш сыныптардың мұғалімі «Көркем еңбек» пәнінен оқушылардың көркем шығармашылық жетістіктерін бағалау жүйесін алдын ала анықтаулары тиіс. Заманауи білім беру жағдайында бағалау жүйесі келесі құрылымнан шығуы тиіс:

- нені бағалау керек? (нақты нені бағалау керек?);
- қалай бағалау керек? (бағаланатын нәтиже қандай құралдармен және қандай критерийлер бойынша бағалануы тиіс?);
- қандай жағдайда бағалау керек? (бағалау дегеніміз не және қандай кезеңдерден тұрады?).

Сабақта оқушының көркем еңбекке қатысты арнайы қабілеттерін ғана бағалап қоймай, оның шығармашылығын да бағалау қажет. Әсіресе өнердің өмірмен байланысын есепке алатын болсақ, онда оқушының мектептен тыс танымдық әрекетін де бағалауды назардан тыс қалдырмау керек. Оқушы үй тапсырмасын орындау барысында іздеу-зерттеушілік қызметпен айналысуы мүмкін немесе шығармашылық жұмыстың өз үлгісін көрсетуі де мүмкін.

Оқушылардың көркем шығармашылығын бағалаумен қатар, олардың шығармашылық интеллектуалдық бастамаларын: оқушының қойған сұрақтарының бірегейлігі, қосымша материалды өз бетінше іздеуі, оқушы тарапынан айтылған қызықты көзқарастар және т.б. бағалау өте маңызды

Бағалаудың бұл жүйесі бойынша жұмыс істеу барысында, мұғалімнің оқушылармен бірлесе отырып шығармашылық жұмыстың орындалу критерийлерін талқылауы маңызды болып табылады. Танымдық-шығармашылық жетістіктерді ағымдық бағалау жоғарыда айтылған, яғни оқушының өзін-өзі бағалауына, оның өздігінен дамуына ерекше назар аударылатын әдіспен жүзеге асырылады.

Оқушының сабақтағы барлық танымдық және жасампаз қызметін төрт критерий бойынша бағалау ұсынылады:

- мұғаліммен серіктестікке дайындығы;
- балалардың көркем шығармашылықта көрінетін (оның ішінде өзін-өзі тексеруде) қарым-қатынасы, қызығушылығы, қабілеті;
- балалар еңбегінің сапасын есепке алумен шеберлігі(шығармашылық әрекет тәсілдері);
- нәтиженің мәнін оқушыларды және айналадағыларды дамыту ретінде қарастыратын оқушылардың көркем еңбек нәтижесінің қоғамдық-пайдалы мәні.

*Мұғаліммен серіктестікке дайындық* критерийі қажетті көркем материалдардың, орындалған үй тапсырмасының көпдеңгейлі көлемінің, ізденушілік-зерттеушілік қабілетінің бар болуын айқындайды.

Екінші критерий – *қарым-қатынас, қызығушылық* – оқушылардың деңгейлерді анықтау арқылы жұмыстағы қабылданған және бейнеленген құбылыстарға өздерінің көзқарастарын білдіруге әуесқойлығы, шабыттануы мен ынталылық деңгейін бейнелейді.

- қабылданған және бейнеленген құбылыстарға (әрекет мотиві, олардың өзгерісі, егер балалардың жұмыстары сүйсінуге және өз нәтижелеріне қанағаттануға мүмкіндік беретін болса) эмоциялық қарым-қатынасы;

- шығармашылық ойларын (жаңа шығарма шешімін іздеудегі табандылығы мен қайсарлығы) тәжірибеде жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тұлғаның еркітілік қасиеті;

Үшінші критерий – шеберлік (шығармашылық әрекет тәсілдері) – оқушылардың сызықтар мен шектерден тұратын форманы беру арқылы бейнелік сауаттылыққа қатысты көркемдік қабілеті мен суреттің және осы форманы берудегі кескіннің бейнелік құралын қолдану мен қажетті дағдыларды меңгеру деңгейін анықтауға арналған.

Төртінші критерий – *оқушылардың көркем еңбек нәтижесінің қоғамдық пайдалы мәні* – төмендегілерді құрайды:

- балалар жұмысының тақырыпқа, белгілі бір идеяға (егер тақырып пен идея берілген болса) сәйкестігі, танымдық және жасампаздық қызметте (оқушылар бағаланады) қолданылған көркем-шығармашылық жетістіктерге талдау;

- оқушылардың өзін-өзі бағалауын мұғалімнің бағалауымен салыстыру (осы құрамдас бөлік мұғаліммен бағаланады).

Осы критерий бойынша бағалау оқушының тұлғалық жетістігі, оның көркем-шығармашылық дамуы, орындалған жұмысының әртүрлі деңгейдегі көрмелерге қатысу мүмкіндігі арқылы жүргізіледі. Ол қорытынды болып табылады, балалар жұмысының (оның құндылығы) мәні туралы, олардың сол немесе басқа да көрмелерге қатысу мүмкіндігі жөнінде толық түсінік береді, онсыз шығармашылық қызмет толық емес, яғни аяқталмаған деп саналады.

Сонымен қатар, балалардың көрмелерге қатысуы балалар ұжымының (студиялар, үйірмелер, көркемөнер мектептері) шығармашылық қызметін бағалау критерийлерінің міндетті шарты болып табылады. Оның бейнелеу әрекеті (сурет салуға, телехабар көруге, мұражайға және т.б. баруға кететін уақыт көлемі) саласындағы әуестігі көрсетілетін «оқушылардың жеке жетістіктерінің портфелін» енгізу. «Портфель» жеке жұмыстар жиынтығын көрсетеді.

Сонымен, осы критерийлерді қолдану жиынтығы оқушының танымдық және жасампаздық әрекетін бағалауға мүмкіндік беретін болады, яғни орындаушының өзі емес, орындаған жұмысы бағаланады.

## Қорытынды

Ұлағатты ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың «*Мұғалім қандай болса мектеп те сондай*» деген сөзінде терең мағына жатыр. Сол үшін де қазіргі ұстаз – ертеңгі болашақтың кепілі. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік туын бекем ұстап, өздерінің білімдері мен тәрбиесін келер алдыңғы буынға тапсыру міндеті тұр.

Ұстазға қойылатын басты талап – ақпараттандырған жан-жақты, дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт тәрбиелеу. Сапалы білімге жету жолында ұстаздың аянбай еңбек етуі керек. Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін, қазіргі заманауи инновациялық технологияларды меңгеруі шарт.

Жаңартылған білім мазмұны негізінде білім жүйесінің жаңа болмысы қалыптасуда. Білім берудің әдіс-тәсілдері түбегейлі өзгеруіне байланысты инновациялық процестің қарқындылығы артуда. Бүгінгі күннің талабы – ұстаздық әрекеттің жеке тұлға дамуына жағдай туғызуы. Осыған орай білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген, алдыңғы қатарлы оқыту әдіс-тәсілдері арасында кіріктірілген оқытуға негізделген әдіс-тәсіл кең таралып отыр.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушының сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Осындай ерекше мәнге ие болып отырған кезде бүгінгі мектеп алдында оқушыларға білім берумен қатар, олардың ақыл-ой белсенділігін, шығармашылық іс-әрекетін дамыту мәселесі тұр. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті мен ізденімпаздық дағдыларын қалыптастыру, жүйелі қорытынды жасай білу, дәлелді пікір айту іскерлігін арттыру, жалпылай алу, дедуктивті ойлау, логикалық икемдіктер - салыстыру, талдау, жинақтау, жүйеге келтіру пәнді оқытуды өн бойында жүзеге асыруға болады.

«Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» жолдауында: «Білім берудегі жаңалық – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» - делінген. Немесе бұл орынды пікірді Елбасымыздың тағы бір: «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» - деген пікірімен жалғауға болады. ХХІ ғасыр бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын ғасыр екендігін ескерсек, сол ғасырда үздік оқытудың үлгісі бола алатын көшбасшы, ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыратын ұрпақ тәрбиелеуді мақсат тұтатын жаңартылған білім мазмұны мәнмәтініндегі кіріктірілген оқу бағдарламалары бірден-бір тиімді құрал болып табылады. Жалпы кіріктірілген білім бағдарламасы, ондағы оқушыларды критериялды бағалау - заман талабына сай шәкірт білімін дәл айқындауға мүмкіндік беретін әмбебап бақылау жүйесі.

Әдістемелік құралдың міндеті мұғалімдердің кіріктірілген пәндерді оқыту процесінде қолданылатын әдіс-тәсілдерді, сондай-ақ тарауларда келтірілген негіздерді нұсқаулық ретінде пайдалана білулеріне көмектесу.

Қорыта келе, мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу-тәрбиелік процесті ұйымдастыру жаңа көзқарас мәселесі қазіргі күн талабына

сәйкес білім беру жүйесін жаңарту мен жетілдірудің аса маңызды кезеңінде үлкен мән беріліп отырған көкейтесті тақырып. Қазіргі қоғам алдындағы қойылып отырған міндеттердің ең өзектісі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, әлемдік деңгейге сәйкес келетін оқыту мазмұнын жаңарту. Оқушыларға лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою оңай мәселе емес екендігіне, оқу-тәрбие процесінің небір қиын проблемаларына тап болып, оны шешу жолындағы басқару әрекеттерін дұрыс ұйымдастыра білгенде ғана жұмысымыз нәтижелі болмақ.

## Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары. 1-стратегиялық бағыт. Сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету.
- 2 Роль интегрированных уроков в обучении английскому языку. <http://ext.spb.ru/2011-03-29-09-03-14/110-foreignlang/7523-2015-04-05-10-32-06.html>
- 3 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Кіріктірілген Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасы (екінші тіл ретінде – Т2) Негізгі мектеп; Астана 2015.
- 4 «Кіріктірілген Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасы (екінші тіл ретінде – Т2). Негізгі мектеп Астана 2014.
- 5 Астана қаласындағы физика-математикалық бағыттағы НЗМ қазақ тілі мұғалімі К.М. Барманбекова., қысқа мерзімді жоспары.
- 6 Павлодар қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы НЗМ қазақ тілі мұғалімі Ә.О. Досмағамбетова., қысқа мерзімді жоспары.
- 7 НЗМ қазақ тілі мұғалімдері: Хасенова А.Т., Сүлейменова М.М., қысқа мерзімді жоспары.
- 8 Көкшетау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі. Шамиганова Р.М., қысқа мерзімді жоспары.
- 9 Көкшетау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі. Сабитова С.С., қысқа мерзімді жоспары.
- 10 Талдықорған қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдері: Бердібаева А.М., Кушерова Л.Қ., қысқа мерзімді жоспарлары.
- 11 Аницибор М.М. Активные формы и методы обучения.-Тула, 2002.
- 12 <http://www.so.orley-kost.kz/> Қазақ тілі сабағында Блум таксономиясын қолдану әдістері.
- 13 <https://szh.kz/student/1202/> «Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы» RWCT стратегиялары.
- 14 <http://u-s.kz/publ/9205> - «Сыныптағы диалогтік оқыту - Кембридж бағдарламасының тиімді әдісі».
- 15 Лизинский В.М. Приемы и формы учебной деятельности. - М.: 2004.
- Кіріктірілген білім беру бағдарламасы бойынша қазақ тілін оқыту
- 16 Атырау қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебі Қойшыбаева Нұргүл Оңғарқызы - Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі [izdenis.kz/](http://izdenis.kz/) критериялды бағалау – сапалы білім өлшемі.
- 17 Көркем еңбек. Оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында). Бастауыш білім беру (1-4 сыныптар). Наурыз 2016 ж.
- 18 Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика: Оқулық – Алматы: «Нұр-пресс», 2005 – 228 б.
- 19 <http://bauka.kz/index.php/2011-08-20-05-59-56/2>
- 20 <http://kk.convdocs.org/docs/index-60633.html?page=8>
- 21 <http://bigox.kz/moduldik-okytu-texnologiyasy/>

## Мазмұны

Кіріспе	3
1 «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)» кіріктірілген пәндерін оқыту кезіндегі тәсілдер мен принциптер	5
2 «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)» кіріктірілген пәндері бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастыру формасы	19
3 «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)» кіріктірілген пәндері бойынша оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары	43
4 «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)» кіріктірілген пәндері бойынша оқушылардың білімдерін бағалау	63
5 «Көркем еңбек» кіріктірілген пәндерін оқыту кезіндегі тәсілдер мен принциптер	86
6 «Көркем еңбек» кіріктірілген пәндері бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастыру формасы	100
7 «Көркем еңбек» кіріктірілген пәндері бойынша оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары	117
8 «Көркем еңбек» кіріктірілген пәндері бойынша оқушылардың білімдерін бағалау	128
Қорытынды	132
Пайдаланған әдебиеттер	134

## Введение

Инновационные процессы, идущие сегодня в системе педагогического образования, наиболее остро ставят вопрос о поисках резервов совершенствования подготовки высокообразованной, интеллектуально развитой личности. Введение интеграции предметов в систему образования позволит решить задачи, поставленные в настоящее время перед школой, а именно, всестороннее развитие личности учащихся, формирование, закрепление, углубление знаний. Интегрированное обучение влияет на развитие творческого мышления учащихся, оно способствует систематизации, активизации учебно-познавательной деятельности.

Интеграция предметов в современной школе – одно из направлений активных поисков новых педагогических решений, способствующих улучшению качества знаний, развитию творческих потенциалов учащихся. Интеграция – не только средство достижения общих целей обучения, всестороннего развития личности школьника, но и один из необходимых факторов формирования конкретных педагогических задач, определения общепредметных систем знаний, умений. Проведение интегрированных уроков считается одной из новинок современной методики. Эта педагогическая технология смело вторгается в школьные программы и связывает, казалось бы, несовместимые предметы. Интегрированным называется урок, в ходе которого реализуется взаимосвязь (от минимальной до максимальной) смежных учебных дисциплин, в результате чего образуется неразрывное целое, обусловленное разумным взаимодополнением знаний по разным предметам.

При освоении второго языка обучение является первичным и основным, а извлечение и участие в естественной коммуникации по временной последовательности и по целеполаганию вторично, следует за обучением. Овладение языком есть формирование его языкового сознания, которое составляют языковые и неязыковые знания.

Для эффективного обучения русскому языку и литературе необходимо осмыслить систему языка в функциональном ключе, что возможно лишь при обращении к тексту. Через текст устанавливаются взаимосвязи между всеми филологическими дисциплинами и прежде всего – между русским языком и литературой. Обращение к интеграции предметов «Русский язык» и «Литература» позволяет выстроить интегративную системность филологического знания, под которой подразумевается «множество закономерно связанных друг с другом элементов (предметов, явлений, взглядов, принципов, знаний и др.), представляющее собой определенное целостное образование, единство» [1].

Предмет «Художественный труд» для начальной школы представляет собой интегрированный курс, в котором реализуется содержание образовательной области «Технология и искусство» в эстетическом контексте на основе общих закономерностей эстетического сознания и восприятия искусства как целостной картины мира. Целью данного курса является саморазвитие личности ребенка, выявление и развитие его творческого



потенциала, осознание учеником его собственной деятельности. На основе интегрированного подхода учащиеся учатся целостно воспринимать художественные произведения, видеть эстетическое в окружающем мире и технических конструкциях и выявлять общие закономерности художественно-творческого процесса.

Интегрированные уроки расширяют рамки обычного урока, а, значит, увеличивается возможность развития творческих способностей каждого ученика. Интеграция позволяет научить учащихся добывать знания самостоятельно, повышать интеллектуальный уровень, развивать интерес к учению, расширить их кругозор, развить потенциальные возможности младших школьников. При проведении интегрированных уроков успешнее решается такая проблема, как индивидуальный дифференцированный подход в обучении детей с разными способностями.

Уроки по интегрированным предметам «Русский язык и литература», «Художественный труд» будут способствовать формированию целостной картины мира у учащихся, пониманию связей между явлениями в природе, развитию и совершенствованию коммуникативной компетенции, расширению творческого потенциала. Они призваны обеспечить развитие орфографической зоркости, обогащение словарного запаса ребят, совершенствование эстетического вкуса, умение понимать и ценить произведения искусства, красоту и богатство родной природы. Таким образом, интеграция нескольких предметов является средством интенсификации урока, расширяет его информативную емкость, способствует развитию интереса к предметам.

## **1 Подходы и принципы интегрированного обучения предмета «Русский язык и литература» (Я2)**

В настоящее время одной из важнейших тенденций развития современной образовательной системы, осуществляющейся в период фундаментальных изменений в социальной и экономической сферах общества, является усиленное внимание к таким педагогическим проблемам, как координация и интеграция в преподавании отдельных предметов. Педагогической общественностью широко обсуждаются интегрированные программы, учебники и, в целом, проблема интегрированности самого образования как такового. В условиях школ с казахским языком обучения преподавание учебного предмета «Русский язык и литература» целесообразно строить и вести на интегрированной основе.

Интеграция (от латинского языка - воссоединение, воспроизведение) - объединение в одно целое, упорядочение, структурирование ранее разъединенных, неупорядоченных явлений, частей какого-либо целого... Под интеграцией может пониматься результат процесса объединения и сплочения, т.е. состояние гармонической уравновешенности, упорядоченное функционирование частей целого [2].

Ряд внешних и внутренних факторов инициируют процессы превращения интеграции в ведущую закономерность развития педагогической науки, в том числе методики преподавания русского языка как неродного. Необходимость и правомерность использования понятия "интегративная деятельность" обусловлена рядом обстоятельств. Во-первых, потребностью отделения друг от друга "управляемой" интеграции от "стихийной". Будучи закономерностью развития современной методической науки, она способна сегодня реализовываться в сфере целенаправленно осуществляемой интегративной деятельности. Во-вторых, рассмотрение интеграции как учебной методической деятельности делает возможным предметный анализ её технологических параметров. А в-третьих, в педагогической науке, в том числе методике преподавания русского языка как неродного, уже имеют место прецеденты успешного применения интегративного обучения – это обучение на «интегрированной основе», развитие "интегративно-коммуникативного мышления". Нельзя сбрасывать со счётов этот последний фактор как широкое распространение категорий коммуникативной деятельности и коммуникативной компетенции в процессе осуществления диалога языков и культур, и в целом успешной реализации межкультурной коммуникации.

Интегративное обучение или обучение на интегрированной основе - это специфический вид педагогической деятельности, в ходе которого актуализируются конкретные интегративные задачи.

Обучение на интегративной основе играет значительную роль в систематизации, углублении и упрочении знаний учащихся, формировании научного и синтезирующего миропонимания, способствует расширению кругозора учащихся, развитию устойчивых познавательных интересов.

Под уроками русского языка и литературы на интегрированной основе

понимаются комплексные занятия, в ходе которых учащиеся – носители казахского языка - овладевают определённой системой лингвистических и литературных понятий, помогающих осознать языковые основы образности и выразительности художественных текстов.

Интегрированное обучение русскому языку на основе текстов русской литературы в школах с казахским языком обучения стало реальным и бесповоротным фактором. Оно позволяет отказаться от прежних односторонних подходов, имевших место в методике обучения русскому языку, помогает объединить задачи преподавания русской литературы с задачами обучения русскому языку и развития коммуникативной компетенции учащихся.

Обучение на интегрированной основе предполагает:

- обучение русскому языку как средству межнационального общения в условиях национально-русского (казахско-русского) двуязычия на материале художественных текстов;

- выработку сознательно-когнитивного подхода к изучению нерусскими учащимися русского языка;

- понимание учащимися лингвокультурологической характеристики слова в художественном тексте;

- развитие лингвокультурологической коммуникативной компетенции учащихся.

В отечественной и мировой педагогике имеется достаточно богатый опыт исследования проблем интеграции. В педагогической науке к настоящему времени накоплен достаточный объём знаний, необходимый для постановки и решения исследуемой проблемы.

В методике обучения русскому языку и русской литературе не ставился вопрос о необходимости тесной взаимосвязи в изучении учащимися этих двух предметов. Существует много работ, посвящённых взаимосвязанному обучению учащихся родному языку и литературе в русской школе (Буслаев Ф.И., Ушинский К.Д., Пешковский А.М., Щерба Л.В., Рыбникова М.А., Кудряшев Н.И. и др.). Применительно к национальной школе можно говорить о взаимосвязанном обучении русскому и родному языкам и литературе в тесной связи с другими гуманитарными науками, что способствует формированию мировоззрения учащихся, координации межпредметных связей, привитию навыков и умений работы с книгой (Рябов Г.И., Черкезова М.В., Мальцева К.В. и др.).

Интегрированные уроки раньше называли старым русским словом словесность. Ещё в XIX веке так называли все филологические науки (лингвистику, стилистику, литературоведение), исследующие письменный текст в языковом, стилистическом, содержательном аспектах с тем, чтобы через слово лучше узнать и понять историю и сущность духовной культуры русского народа. Словесностью также считали и всю совокупность произведений словесного искусства. Русской словесностью назывался и курс, который преподавался в учебных заведениях России в XIX - начале XX века. М.В. Ломоносов, в частности, говорил о том, что успешное овладение риторикой обуславливается связью литературы с грамматикой и знанием её правил на

основе изучения лучших произведений художественной литературы [3].

По мнению Ф.И. Буслаева, источником обучения отечественному языку является язык писателя, ибо при анализе языка произведений развивается и совершенствуется речь учащихся. Всё грамматическое учение должно быть основано на чтении произведений писателя. Чтение всегда являлось основой не только теоретических знаний, но и практических умений [4].

Активно выступал за интегрированный принцип обучения в школе К.Д. Ушинский. Уроки литературы и уроки грамматики, по его мнению, - единый, неразрывный процесс. В учебнике «Родное слово» он предлагал использовать для бесед с детьми пословицы, поговорки, стихи. К.Д.Ушинский считал, что в процессе работы над подобными текстами школьники незаметно для себя знакомятся с грамматическим строем языка[5].

К вопросу взаимосвязанного изучения русского языка и литературы обращались в своих трудах методисты второй половины XIX века, такие как Л.И. Поливанов, И.С. Срезневский, В.Я. Стоюнин, Ц.П. Балталон, В.П. Острогорский, В.П. Шереметевский, А.Д. Алферов и др. Языковой стороне художественного текста отдаёт предпочтение в процессе преподавания литературы видный педагог-словесник Л.И. Поливанов. Он предлагал анализировать художественные тексты на уроках русского языка и упражнять учащихся в понимании литературного языка и приобретении навыков правописания.

Другой методист И.И. Срезневский утверждает, что на уроках русского языка в качестве иллюстративного материала следует шире привлекать образцовые художественные произведения писателей, так как они оказывают положительное влияние на развитие устной и письменной речи учащихся [6].

Огромный шаг в разработке многих практических вопросов, в том числе взаимосвязи русского языка и литературы, сделала методическая наука. По мнению Пешковского А.М., работая самостоятельно над текстом, осмысливая его содержание, учащиеся приобретают попутно речевые навыки, знания о языке и письме [7]. Рыбникова М.А. особо подчеркивает важность установления связи между уроками русского языка и литературы, которые вместе выполняют задачу воспитания в ученике сознательного отношения к слову [8].

Современными учёными-методистами постоянно ведутся поиски решения проблемы взаимосвязи в обучении русскому языку и литературе, особенно в национальной школе. Хотя при изучении неродного (русского) языка эта связь и носит несколько иной характер, однако она представляется еще более органичной. Всё больше учёных обращается к проблеме взаимосвязи языка и литературы в обучении учащихся национальной школы. Неоднократно высказывалась мысль о том, что укрепление такой взаимосвязи приведет к улучшению преподавания обоих предметов. В результате в учебники по русскому языку включаются законченные по содержанию фрагменты адаптированных литературных текстов.

Большинством учёных, методистов и учителей-практиков активно поддерживалась идея использования художественных текстов в процессе

обучения неродному языку, поскольку яркость и эмоциональность, образность и поэтичность, информативность литературных текстов хорошо влияют на запоминание лексики. Академик Шанский Н.М. отмечал, что изучение языка художественной литературы играет важную роль в обучении русскому языку, так как язык художественной литературы наиболее ярко воплощает лучшие качества литературного языка. Подобного рода изучение языка произведений поможет глубже и точнее постичь смысл и значение слова, его многозначность, т.е. дополнительные коннотативные оттенки, его скрытые возможности, которые не выявляются в нехудожественном тексте [9].

На всех этапах развития методической мысли проблема взаимосвязанного изучения русского языка и литературы являлась предметом пристального внимания учёных – методистов. Несмотря на то, что вопрос взаимосвязанного изучения русского языка и литературы не раз ставился учёными-методистами в разное время, в современных условиях следует решать проблему в иной плоскости - интегрированного обучения русскому языку и литературе. В настоящее время учёными и методистами ведется поиск научного решения данной проблемы. Это, прежде всего, совершенствование учебной программы и учебников по русскому языку для школ с казахским языком обучения, создание учебно-методических комплексов, проведение научно-методических исследований и др.

По мнению многих ученых, поиски новых методов интенсивного обучения состоят в широком развертывании активной самостоятельной деятельности школьников, умении сопоставлять явления родного и русского языков.

Проблемы использования родного языка в обучении второму привлекали внимание ученых-методистов, психологов. Над этой проблемой работали еще в XIX веке К.Д.Ушинский, Н.И.Ильминский, И.Алтынсарин, И.Я.Яковлев, Я.С.Гогебашвили, К.Насыри; ученые-методисты XX века А.А.Миртов, В.М.Чистяков, Н.К.Дмитриев; казахстанские ученые М.Р.Кондубаева, К.Е.Абдыкулова, М.С.Джумабаева, Р.А.Казина, Б.Х.Исмагулова и другие.

Кондубаева М.Р. рассматривает систему реализации принципа взаимосвязанного обучения, который может быть претворен в жизнь достаточно последовательно только в двуязычных или параллельно подготовленных учебниках единым авторским коллективом [10].

Абдыкулова К.Е., Джумабаева М.С., Казина Р.А. касаются проблемы опоры на родной язык в процессе взаимосвязанного изучения грамматической темы [11].

Вопрос о взаимосвязанном обучении родному и русскому языкам в национальной школе, в частности казахской, как одному из средств решения общеобразовательных и социальных задач, стоящих перед школой в условиях билингвизма, исследован пока недостаточно. И хотя проблеме реализации межпредметных связей уделяется довольно много внимания в теоретических трудах, она, в сущности, еще по-настоящему не разработана.

Важнейшим психологическим компонентом интегрированного обучения русскому языку в национальной школе является обеспечение познавательной мотивации обучения. Из общего комплекса мотивированности в изучении и

овладении русским языком можно выделить два направления в стремлении учащихся – носителей казахского языка:

1) стремление к максимальному обогащению языковым и литературным материалом;

2) стремление к овладению русским языком как средством расширенной коммуникации, что создаёт благоприятные условия для интенсивной работы над расширением словарно-фразеологического запаса и развитием лингвокультурологической компетенции учащихся.

Следует больше внимания обращать на возможности учета способностей памяти учащихся в процессе интегрированного обучения русскому языку и литературе в национальной школе. В условиях школьного обучения, где в обязательном порядке учитываются возрастные и психологические особенности учащихся, к возможностям человеческой памяти следует подходить разумно. Живая нормированная речь, коммуникативная активность каждого обучаемого, выполнение им необходимых упражнений, реализующих позитивную интеграцию русского языка и литературы, позволяют активно использовать изучаемый материал, окрасить его положительными эмоциями.

В интегрированной программе по русскому языку и литературе должны быть отражены новые тенденции в практике преподавания русского языка. В ней по-новому необходимо сформулировать цели и задачи преподавания русского языка и литературы в национальной школе, принципы и методы обучения неродному языку. В связи с переориентировкой всего процесса обучения русскому языку как неродному на приобретение школьниками практических навыков во всех видах речевой деятельности, в программе должны быть изменены принципы организации языкового материала. Это коммуникативные темы, вокруг которых группируется языковой материал различных уровней языка. В программе необходимо описать основные принципы организации учебного материала по русскому языку. Среди перечисленных принципов преподавания русского языка и литературы в общеобразовательной школе с казахским языком обучения одним из важнейших является *принцип интегрированного обучения русскому языку и литературе*.

В связи с новыми условиями преподавания русского языка и литературы в программе предусматривается интегрированное обучение русскому языку и литературе, ведущей целью является коммуникативная, т.е. практическое овладение русским языком как средством общения, а языковой материал вводится постольку, поскольку он необходим для формирования речевых умений.

Основной целью обучения является развитие коммуникативных навыков школьников, последовательная реализация интегрированного принципа обучения, т. е. практическое овладение русским языком на материале русской литературы. Учителям необходимо строить обучение русскому языку на основе практических методов и приёмов. Языковые упражнения должны быть представлены в минимальном объеме, должны преобладать речевые (коммуникативные) упражнения, построенные на основе текстов.

Каким будет казахстанское образование завтра? На каких принципах должно строиться образование сегодня? Вот вопросы, на которые хотел бы получить ответ любой здравомыслящий человек нашего общества.

Ответы на эти вопросы можно найти в статьях ученых, которые рассматривают новые подходы к содержанию образования, учитывая индивидуально-психологические особенности учащихся.

В.Ситаров и В.Грачев, профессора МГУ, в статье «Персонализация обучения: требования к содержанию образования», опубликованной в журнале «Almamater» №8/2010 г., остро ставят вопрос о новых технологиях образования. Авторы статьи пишут: «В наши дни (как никогда) актуальной становится задача возвращения знания (уже на новом витке цивилизованного движения) в лоно первичного целостного постижения мира, человека и того места, которое он в нем занимает. Содержание образования должно стать источником универсальных общечеловеческих знаний и смыслов, ведущих обучаемого к целостному миропониманию и нравственному самостроительству. ...Человек всегда воспринимает окружающий мир целостно».

Ученые рассматривают принципы, на которых должно строиться образование сегодня.

1 принцип - обобщенности и фундаментальности.

Содержание образования необходимо сориентировать на формирование целостного системного мировоззрения; развитие эрудиции учащихся; понимание основ мироздания и феноменологии человека. Сам по себе этот принцип отвечает онтологической сути постижения человека, присущей ему способности «схватывать» общее раньше частного. Как известно, именно фундаментальные знания ответственны за целостное восприятие мира, они дольше служат человеку, позволяя глубже понимать, раньше видеть, больше осознавать.

2 принцип - принцип смысловой направленности.

Этот принцип содержания обучения предполагает особое внимание к смыслопорождающему знанию, позволяющему получить ответы на предельные экзистенциальные вопросы: «К чему стремиться? Ради чего жить?». Содержание обучения должно выстраиваться за счет знаний онтологически - смысловых, универсально-ценностных, позволяющих обратиться к подлинным смыслам и сущности человеческого бытия.

3 принцип - принцип проблемности.

Концентрация содержания образования вокруг научных, гуманитарных, социальных проблем; предполагает развитие межпредметных связей, интеграцию знаний из разных отраслей науки. Этот принцип призван стимулировать активность учащегося, порождая у него потребность в самостоятельном поиске и решении учебных задач как задач саморазвития.

4 принцип - принцип открытости.

Предполагает построение содержания обучения на основе отбора и предъявления знаний в открытом, диалектическом виде, их незавершенности и движении. Достоверность знания заключена в его открытости, содержащейся в

нем возможности развития, наращивания объяснительно-эвристической составляющей.

5 принцип - принцип гуманизации.

